



ISSN 2788-659X



**NUR-SULTAN ARHIVI**  
MEMLEKETTİK MEKEME

# ARHIV HABARŞYSY

**3-4**  
**2021**



*Алыспаған, жулыспаған – бостандық атына мінбейді, бұғаудан босамайды, әрі – құлдықтан, әйелі – күңдіктен шықпайды, малына да, басына да ие болмайды.*

*Әр ұрпақ өзіне артылған жүкті жетер жеріне апарып тастағаны дұрыс, айтпегенде, болашақ ұрпағымызға аса көп жүк қалдырып кетеміз. Кейінгі ұрпақ не алғыс, не қарғыс беретін алдымызда зор шарттар бар.*

*Ақжүзекі*

ISSN 2788-659X

# АРХИВ ХАБАРШЫСЫ

ҒЫЛЫМИ-КӨПШІЛІК,  
АҚПАРАТТЫҚ-ӘДІСТЕМЕЛІК ЖУРНАЛ

№ 3-4/2021

2021 жылдан бастап тоқсан сайын шығады

---

# ВЕСТНИК АРХИВА

НАУЧНО-ПОПУЛЯРНЫЙ,  
ИНФОРМАЦИОННО-МЕТОДИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ

№3-4/2021

Издается с 2021 года ежеквартально

Нұр-Сұлтан, 2021

**ҚҰРЫЛТАЙШЫСЫ:** «Нұр-Сұлтан қаласының мемлекеттік архиві» мемлекеттік мекемесі

**ҒЫЛЫМИ ӘРІПТЕС:** Қазақстан тарихшыларының Ұлттық конгресі

**Бас редакторы:** **М.Е. Бектембаев**, Нұр-Сұлтан қаласы мемлекеттік архивінің директоры  
**Бас редактордың орынбасары:** **Ғ.Т. Исахан**, Нұр-Сұлтан қаласы мемлекеттік архивінің Ғылыми-зерттеу бөлімінің басшысы  
**Редакциялық кеңес төрағасы:** **Е.Б. Сыдықов**, т.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА академигі, Тарихшылардың ұлттық конгресі басқармасының төрағасы

*Редакциялық кеңес мүшелері:*

**М.Қ. Қойгелдиев** ҚР ҰҒА академигі, Абай атындағы ҚазҰПУ «Айтылған тарих» ғылыми-зерттеу орталығының директоры  
**Х.М. Әбжанов** ҚР ҰҒА академигі, Қазақ ұлттық аграрлық университетінің «Рухани жаңғыру» гуманитарлық зерттеулер орталығының директоры  
**Т.О. Омарбеков** ҚР ҰҒА құрметті мүшесі, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Орталық Азияның дәстүрлі өркениеттерін зерттеу орталығының директоры  
**Д. Қамзабекұлы** ҚР ҰҒА академигі, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ проректоры  
**Б. Ғ. Аяған** т.ғ.д., профессор, ҚР БҒМ Мемлекет тарихы институты директорының орынбасары  
**Т.Ә. Қышқашбаев** п.ғ.д., профессор, Нұр-Сұлтан қаласының тілдерді дамыту және архив ісі басқармасының басшысы  
**З.Е. Қабылдинов** т.ғ.д., профессор, ҚР БҒМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының директоры  
**Г.К. Көкебаева** т.ғ.д., профессор, ҚР БҒМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының дүние жүзі тарихы бөлімінің меңгерушісі  
**Г.А. Алпысбаева** т.ғ.д., С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің профессоры  
**Ф.Л. Гумаров** т.ғ.к., Татарстан Республикасының мемлекеттік архивінің бөлім басшысы, «Гасырлар авазы – Эхо веков» журналының бас редакторы  
**Е.В. Годовова** т.ғ.д., Орынбор мемлекеттік педагогикалық университетінің Ресей тарихы кафедрасының профессоры  
**Г.Т. Мусабалина** МАНПО академигі, РФ РА ЖҒ корреспондент-мүшесі, Л. Н. Гумилев атындағы ЕҰУ профессоры

*Техникалық редактор:*

**А.С. Бектұрсын** Нұр-Сұлтан қаласы мемлекеттік архиві Ғылыми-зерттеу бөлімінің қызметкері

Редакцияның мекенжайы:

010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Сарыарқа ауданы,  
М. Әуезов көшесі, 3-үй  
тел/факс: +7 (7172) 28-07-26 (қос. 125,126)  
e-mail: info@gosarhiv.kz

Журнал Қазақстан Республикасының Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде 14.10.2020 тіркелген, тіркеу № KZ04VPY00027990



**УЧРЕДИТЕЛЬ:** Государственное учреждение «Государственный архив города Нур-Султан»

**НАУЧНЫЙ ПАРТНЕР:** Национальный конгресс историков Казахстана

**Главный редактор:** **Бектембаев М.Е.**, директор Государственного архива города Нур-Султан

**Зам. главного редактора:** **Исахан Г.Т.**, руководитель Научно-исследовательского отдела Государственного архива города Нур-Султан

**Председатель редакционного совета:** **Сыдыков Е.Б.**, д.и.н., профессор, академик НАН РК, председатель Национального конгресса историков Казахстана, ректор ЕНУ имени Л.Н. Гумилева

**Койгелдиев М. К.** академик НАН РК, директор научно-исследовательского центра «Айтылған тарих» КазНПУ им. Абая

**Абжанов Х.М.** академик НАН РК, директор Центра гуманитарных исследований «Рухани жаңғыру» Казахского национального аграрного университета

**Омарбеков Т.О.** почетный член НАН РК, директор центра по изучению традиционных цивилизаций Центральной Азии КазНУ им. аль-Фараби

**Камзабекулы Д.** академик НАН РК, проректор ЕНУ им. Л.Н. Гумилева

**Аяган Б.Г.** д.и.н., профессор, заместитель директора Института истории государства МОН РК

**Кышқашбаев Т.А.** д.п.н., профессор, руководитель Управления языков и архивного дела г. Нур-Султан

**Кабылдинов З.Е.** д.и.н., профессор, директор Института истории и этнологии им. Ч. Ч. Валиханова КН МОН РК

**Кокебаева Г.К.** д.и.н., профессор, заведующая отделом всемирной истории Института истории и этнологии им. Ч. Ч. Валиханова КН МОН РК

**Алпысбаева Г.А.** д.и.н., профессор, Казахский агротехнический университет им. С. Сейфуллина

**Гумаров Ф.Л.** к.и.н., начальник отдела «Государственного архива Республики Татарстан», главный редактор журнала «Гасырлар авазы – Эхо веков»

**Годовова Е.В.** д.и.н., профессор кафедры истории России Оренбургского государственного педагогического университета

**Мусабалина Г.М.** академик МАНПО РФ, член-корреспондент РАЕН РФ, профессор, ЕНУ им. Л.Н. Гумилева

**Технический редактор:**

**Бектурсын А. С.** сотрудник Научно-исследовательского отдела Государственного архива города Нур-Султан

Адрес редакции:

010000, г. Нур-Султан, Сарыаркинский р-н,  
ул. М. Ауезова, дом 3  
тел/факс: +7 (7172) 28-07-26 (вн. 125,126)  
e-mail: info@gosarhiv.kz

Зарегистрирован Комитетом информации Министерства информации и общественного согласия Республики Казахстан от 14.10.2020 № KZ04VPY00027990

## МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ

<i>М. Бектембаев.</i> Алғы сөз	7
<b>ЗЕРТТЕУЛЕР. МАҚАЛАЛАР. ІЗДЕНІСТЕР</b>	
<i>ТАРИХ МЕТОДОЛОГИЯСЫ, ТАРИХНАМА ЖӘНЕ ДЕРЕКТАНУ</i>	
<i>Д. Қамзабекұлы.</i> Азаттық пен елшілдік мұрат	8
<i>Қ.Ғ. Даркенов.</i> XX ғасырдың 20-шы жылдарында алаш зиялыларының білім беру мен маман дайындау саласындағы қызметі	12
<i>Д. Махат.</i> Кеңестік саяси қуғын сүргін: Алашшыл жастар тағдыры (М.Әуезов, С.Садуақасов, Ы. Мұстамбаев т.б.)	19
<i>С.Ж. Дүйсен, Ж.Н. Қалиев.</i> XX ғасырдағы алапат ашаршылық	31
<i>АРХИВТЕР СӨЙЛЕЙДІ</i>	
<i>Е.В. Годовова.</i> Роль города Оренбурга в развитии российско-азиатских торговых отношений: Взгляд современников	37
<i>Р.В. Ильязова.</i> К вопросу об антирелигиозной пропаганде в отношении «сектантов» в 1920-х гг. по документам государственного архива Новейшей истории Ульяновской области	43
<i>Т.С. Қаленова.</i> 1921-1922 жылдардағы Қазақстандағы аштық: мұрағат құжаттарында	49
<i>А.Г. Пашкин.</i> Послевоенный бандитизм в Среднем Поволжье	56
<i>ҚОЛЖАЗБАЛАР МЕН СИРЕК БАСЫЛЫМДАР</i>	
<i>А.А. Абсаликов, Е.Т. Ельжанова.</i> Рукопись жены Касым хана (начало XVI в.) (парижский список)	64
<i>Д. Кулай.</i> Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архив қорындағы «Айқап» журналы	69
<i>ЕЛОРДА ТАРИХЫНАН</i>	
<i>К. Ильясова, Д. Ильясов.</i> Саяси науқандар: Тарихи шындықты зерделеу мәселелері	74
<i>С. Тергембаев.</i> Зұлмат жылдар зобалаңы: репрессия құрбандарын ақтау – ұрпақ парызы	80
<i>З.О. Дукенбаева.</i> Саяси қуғынға ұшыраған дін өкілдерінің тарихы (Ақмола өңірі бойынша)	84
<i>Е.Д. Спатаев.</i> Астана қаласында Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігіндегі, ҰҚК, ІІМ мұрағатында (ведомствалық) арнайы жұмыс нәтижесі	89
<i>И.Р. Прохоров.</i> Как советская власть боролась с религией в Акмолинске – исторический обзор	92
<i>С.А. Багдатова.</i> История переноса столицы современного Казахстана в архивных материалах	96
<i>ТҰЛҒАТАНУ</i>	
<i>Н.Б. Судыева.</i> Абай және жапон қайраткерлері мен жазушыларының үндестігі. Абай және Мэйдзи	100

<i>А.Р. Тулакова.</i> Жазушы - Баянғали Әлімжанов	104
<i>Zh.S. Mazhitova, B.K. Kamzayev, K.M. Atanakova.</i> A.F. Dubitsky as a apper of the 29th Rifle Division:highlights of biography and frontline life(based on the materials of the archive of Nur- Sultan)	107
<i>АРХИВ ІСІНІҢ ТАРИХЫ МЕН ТӘЖІРИБЕСІ ЖӘНЕ ІС ЖҮРГІЗУ</i>	
<i>Ж.А. Сатаева.</i> Архивное законодательство Казахстана (краткий обзор изменений)	155
<i>Ғ.Т. Исахан.</i> Тәуелсіздік тұсында шетел архивтерінен Қазақстан тарихына қатысты деректерді жинастыру туралы	115
<i>И.Г. Журавлева.</i> О межрегиональном сотрудничестве Государственного архива Ульяновской области с архивами Пиволжского Федерального округа и с архивными учреждениями Российской Федерации в условиях современности	121

### **БИБЛИОГРАФИЯ және СЫН**

#### *ЖАҢА КІТАПТАР*

<i>С.А. Бағдатова.</i> Елорда – символ независимости	126
<i>Р.К. Тастемирова.</i> «Қазақстанның қоғамдық-саяси өмірі Атырау облысы мемлекеттік архиві құжаттарында (1920-1940 жж.)» құжаттар жинағы жөнінде	128
<i>К.Кадырова.</i> Қазіргі заман тарихын құжаттаңдыру орталығының 100-жылдығына орай жарыққа шыққан «Дәуір сақтаушылары» – «Хранители времени» жинағы туралы	130
Солтүстік Қазақстан облыстық архиві әзірлеген «Жас азамат» және «Жұмағали Тілеулин» басылымдары жөнінде	132

### **АҚПАРАТ және ХРОНИКА**

#### *ӘЛЕМ АРХИВТЕРІНЕН*

2021 жылғы ХАК (Халықаралық архивтер кеңесі) басқару жөніндегі кеңесі болып өтті	134
«Цифрлық архивтерді басқару» онлайн курсына тіркелу басталды	134
Архив терминологиясының жалпыға бірдей декларациясы жарыққа шықты	135
Мәскеу қаласының Бас архивы мұсылман мешіттерінің метірке кітаптарын онлайнға шығарды	135

#### *ОТАҢДЫҚ ЖӘНЕ ЕЛОРДАЛЫҚ АРХИВТЕН*

ҚР Орталық мемлекеттік архиві бір ғасырлық мерейтойын атап өтті	136
Елордалық архив Абылай хан жайлы құжаттармен бөлісті	136
Кенесары хан бастаған ұлт-азаттық көтеріліс	137
Мемлекеттік архив қызметінің бүгінгі мен болашағы туралы	138
Нұр-Сұлтан қаласының тарихы фотосуреттерде	139

*Әрбір халық үшін оның тарихы – моральдық күш алатын және өзге халықтар арасындағы тиесілі орынды иемденуге құқ беретін қайнар.*

**Мұстафа ШОҚАЙ**





*Мейрам Еркенұлы  
БЕКТЕМБАЕВ,*

*Нұр-Сұлтан қаласы  
мемлекеттік архивінің директоры,  
Бас редактор*

Архив – көне кітаптардың күмбірі. Сыр тартсаңыз қарт тарихтың қалғып кеткен мұрасын қайта оятасыз. Содан да болар егемендікке қол жеткізгелі еліміз жазба ескеркіштерге енжар қараған емес. Таным тұспалды көтермейді, оған нақты дәлел мен дәйек керек. Ал ол сенімді ақжемделген архив сыйлайды.

Азаттықтың ақ таңының рауандап атқанына 30 жыл. Ләйім, мәңгілікпен тұтасып, жасампаз мемлекетіміз жаңа биіктерді бағындыра берсін. Әрине, елдік пен ерліктің белгісі саналған тәуелсіздіктің жүріп өткен жолына көңіл терезесінен сығаласаңыз, дулы дәуірдің қанды бояуы көз алдыңызға келеді. Шындық пен шырғалаң, қайғы мен қасірет, қуаныш пен өкініш өзекті өртейді. Бірақ соның бәрі маңдайын күн сүйген мемлекетіміздің шымыр болып өсуіне шамшырақ болған күндер екенін архив саласы дәлелдеді. Өткен жылдардың жаңғырығы жаңаша ой түзуге мүмкіндік берді. Бұл бұлтартпас ақиқат.

Нұр-Сұлтан қаласының мемлекеттік архивіндегі құнды құжаттар өркениетіміздің түлеуіне өзек болып отыр. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» және «Ұлы Даланың жеті қыры» атты қос мақаласына астар бола отырып, «Мәңгілік ел» ұлттық идеясынан таған тартқан маңызды мәліметтердің жиынтығын қойнына басқан қалалық архивтің қамбасы ізгілікке толы.

Қазіргі таңда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев архив саласына ерекше көңіл бөлу де. Бүгінде бояуы кеткен ескі құжаттарды қайта қалпына келтіру жұмыстары жүргізіліп, заманауи құрылғылар арқылы сұрыптап жатырмыз. Бұл өткеніңе бей-жай қарамайтын ұлттың ізденісі, әрі кемелденудің үздік үлгісі.

Құрметті оқырман, сіздерге ұсынып отырған жаңа журнал ұлттың ұлы мұрағатын ұмытпауға, әрі ұлы тұлғалардың сара жолын насихаттауға жасалған жансебіл қарекет. Әмбе еңселі елордамыздың ежелгі болмысын есте сақтап қалуға жасалған үлкен қадам. Татулыққа ұйытқы болған дана халқымыздың ғазиз ғұмырынан үзік сыр шерткен жаңа басылым ойлы оқырманға рухани азық сыйлары сөзсіз.

Архив – шынайы шежіре. Онда әділдік пен әдеп бар. Ендеше орда бұзған мемлекетіміздің ошағын түтеткен алыптардың өсиетін үлгі еткен, келешектің кеудесіне білім нұрын құйған архив саласы бабаларымыз бен оның ұрпақтарының арасын жалғаған алтын көпір. Сол кеудесі кеніш даналарымыздың мирасын жанға азық етейік. Сонда ғана руханияттың көгіне көтерілеміз.

## Тарих методологиясы, тарихнама және деректану

Дихан Қамзабекұлы

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің проректоры,  
ҚР ҰҒА академигі

## АЗАТТЫҚ ПЕН ЕЛШІЛДІК МҰРАТ

Қоғамымызда өткен мен бүгінді тең парықтай отырып, елдік пен мемлекетшілдіктің қадірін, қасиетін, маңызын түсіну үдерісі жүріп жатыр. Бұл – «судың да сұрауы бар» деген халық даналығының ел жаңаруындағы көрінісі. Өйткені буын ауысады, жаңашыл талап-тілек пайда болады. Тіпті осыдан он жыл бұрынғы тұжырым мен өлшем де өзгерісті талап етеді.

1993 жылы 14 сәуірде Қазақстан Республикасының «Жаппай қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы» Заңы қабылданды. Елбасы 1997 жылды – «Жалпыұлттық татулық пен саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу жылы», 31 мамырды – «Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні» деп жариялағаны да жадымызда. Сол 90-жылдары тарих туралы ақпаратымыз да, большевиктік қуғын-сүргінді зерттеу жөніндегі әдіснама мен әдістемеміз де енді қалыптасып жатқан еді. Мұны айтасыз, дерек қорымыздың да бір бүйірі солғын тартып тұратын. Одан бері ширек ғасыр өтті. Азымыз көбейді, кеміміз толықты. Сана да, парасат та өсті. Кеңестік қысылып-қымтырылу келмеске кетті. Аға буын былай тұрсын, азаттық тұсында өмірге келген бала: «Большевизм де, социализм де өз көрін өзі қазды. Жаңару көп нәрсені ойлантты. Кеңес дәуірінде қосақ ортасында жазықсыздан-жазықсыз, түрлі жаламен атылған, айдалған, азапталған, іздеушісі жоқ бейбақ жандарды моральдық тұрғыдан кім ақтайды? Осы қорлықты халқымыз тілеп алды ма? Оны бізге кім, қай жүйе әкелді?» деп ашық сұрақ қоя бастады. Тура халық пәлсапасындағыдай: «Таң атпаймын демейді, күн қоймайды; Сыр шықпаймын демейді, шын қоймайдының» кері келді.

Президент Қ.К.Тоқаев 2020 жылы 24 қарашада «Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссия туралы» Жарлыққа қол қойды. Арнайы мемлекеттік комиссия құрылды. Сол жылы 3 желтоқсанда Мемлекеттік хатшы Қ.Е.Көшербаевтың төрағалығымен өткен мемлекеттік комиссияның алғашқы отырысында аталған комиссия қызметін ұйымдастырудың міндеттері, негізгі басымдықтары, жұмыс жоспары талқыланып, қуғын-сүргінді зерттеп-зерделеуге қатысты салалық жұмыс топтары айқындалды. Мұнан кейінгі республикалық жиындарда Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік

комиссия мен оның өңірлік филиалдарының қызмет жоспары, ғылыми-әдістемелік мәселелер талқыланды. Қуғын-сүргінге ұшыраған түрлі топтағы азаматтарды ақтауға жұмылған 11 жұмыс тобының іс-шаралар жоспары, тақырыптық бағдары, ғылыми-әдістемелік тәжірибесі талданатын жаңа форматтағы алаңдар жасақталды. Ішкі істер, қауіпсіздік, әділет салаларына қатысты орталық және жергілікті архивтерде ғылыми іздестіру жұмыстарын жүргізуге мейлінше жағдай туғызылды. Маңызды жұмысқа тартылған ғалымдардың қызмет орындарында негізгі жалақысы сақталып, қосымша ынталандыру қаржы көздері де реттелді. Еліміздің әкімшілік-территориялық бөлінісіне сәйкес 14 облыс орталығы мен республикалық дәрежесі бар 3 қаладағы (Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент) өңірлік комиссиялар жұмысы да басталған мемлекетшіл жұмыстарды қоғамның мейлінше толық сезінуіне оң ықпал етіп отыр.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тәуелсіздіктің 30 жылдығына арналған салтанатты жиында: «Халқымыз егемендіктің қадір-қасиетін жан-жүрегімен сезінеді. Өйткені біз азаттықтың құны қандай екенін жақсы білеміз. Бостандық жолында талай батырларымыз құрбан болды. Қаншама қиын күндер басымыздан өтті. Бірақ халқымыз барлық сынақты қайыспай көтерді» деген еді. Осы «азаттықтың құны», «бар сынақты қайыспай көтеру» мәні терең, мақсаты да айқын.

Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссия мен өңірлік комиссиялар Президент Жарлығының тұжырым-аңсарын, жаңғырған елдіктің жауапкершілігін жақсы түсінеді. Бұл ретте репрессия тағылымын зерделеу бойынша астана мен облыстар арасын жалғастырып отырған ғылыми-әдістемелік жұмыс тетігіне тоқтала кеткенді жөн санап отырмыз.

Арнайы құрылған мемлекеттік комиссияның қызметін сүйемелдеу жөніндегі жобалық кеңсе өз жұмысын талап деңгейінде кезең-кезеңмен атқарып келеді. Мұны Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, заңгер-ғалым, экс-сенатор С.А.Қасымов басқарады. Жобалық кеңсе мемлекеттік комиссияның жұмыс тобы және қуғын-сүргінге ұшырағандар санаты бойынша өңірлік комиссиялардың жұмыс топтары іс-шараларын жүйелі үйлестіріп отыр. Біз ғалым ретінде екі арадағы ғылыми-әдістемелік, тәжірибелік пікір алмасу мен тұжырымдаманы салаландырудың тетігі – офлайн-онлайн форматындағы топтық (немесе ішкі бағыттар бойынша) ғылыми семинарлар екеніне көзіміз жетті. Бұған осы жылы өткізілген бірнеше шараны мысал етіп көрсетуге болады.

Ғылыми семинардың мақсаты – саяси қуғын-сүргін тақырыбындағы өзекті мәселелерді ашық, кәсіби негізде талқылай отырып, зерттеудің әдіснамалық негізін, басты теориялық-әдістемелік ережелердің тәжірибедегі жүйесін, ізденіс нәтижелерін саралау, топтау, бағалау, қоғам танымы мен ғылыми мүдде арасын үйлестіру.

2021 жылы 29 қыркүйекте республикалық жобалық кеңсе мен Алматы облысы өңірлік комиссиясы ұйытқы болған «Большевиктік-сталиндік өкіметтің шаруаларға қатысты күштеп ұжымдастыру, азық-түлік даярлату т.б. саяси науқандарының құрбандары бойынша материал жинау тәжірибесін бөлісу» атты республикалық ғылыми семинары өтті. Жиында негізгі баяндаманы ҰҒА құрметті академигі, тарих ғылымдарының докторы, профессор марқұм Талас Омарбеков жасап, өңірлік жұмыс тобының жетекшілері белсене қатысты. Осы семинарда бас баяндамашы мәселенің ғылыми-әдіснамалық, елдік жауапкершілік сипатына айрықша назар аударып, жас ғалымдар үшін саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөнінде ғылыми ұстаным бойынша шеберлік сыныбын өткізді десек те болады.

6 қазанда республикалық жобалық кеңсе мен Жамбыл облысы өңірлік комиссиясы бірлесе ұйымдастырған «Қуғын-сүргін құрбандары – Қазақстанға күштеп көшірілген этностар мен арнайы қоныстанушыларға қатысты материалдар жинау бойынша тәжірибе алмасу» атты республикалық ғылыми семинардың да берері, тәлімі көп болды. Жиында мәселенің ғылы-

ми-заңдық негіздемесіне тоқталған Сабыр Ахметжанұлы «күштеп көшірілген этностар тағдыры – нәубатты жылдардағы Қазақстан тағдырының бір бөлшегі» екенін баса айтып, мұны зерттеуге түрлі этнос өкілдері қызығушылық танытып отырғанын жеткізді. Өңірлік комиссия төрағасы, облыс әкімінің орынбасары, саясаттанушы-PhD Дәулет Кәрібек осы бағыттағы жұмыс тәжірибесін ортаға салды. Бұл орайда тарих ғылымдарының докторы, танымал профессор Георгий Кан, Нұр-Сұлтан қаласы жұмыс тобының жетекшісі, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры, тарих ғылымдарының докторы Мақсат Алпысбес, Алматы қаласы жұмыс тобының жетекшісі, «Возрождение» немістер мәдени-этностық қоғамдық бірлестігінің сарапшысы, тарих ғылымдарының кандидаты Юлия Подопригора, Қарағанды облысы өңірлік жұмыс тобының жетекшісі, Е.А.Бөкетов атындағы университеттің профессоры, тарих ғылымдарының докторы Валерия Козина, т.б. ғалымдардың баяндамаларында көтерілген мәселелер, ұсынылған байыптамаалар өзектілігімен ерекшеленді.

Жалпы, мемлекеттік комиссияның жұмыс тобы және өңірлік комиссиялардың жұмыс топтары бірлесіп өткізген шараларда ғылыми дискуссия да, пайдалы кәсіби кеңес те қатар өріліп жатады. Мысалы, 13 қазанда республикалық жобалық кеңсе мен Түркістан облысы өңірлік комиссиясы ұйытқы болған «Саяси қуғын-сүргін құрбандары – дәстүрлі дін өкілдері бойынша материалдар жинау, тәжірибе алмасу» семинарын алайық. Бұл тақырыпты да кейінгі жылдары ғана қозғауға мүмкіндік туды. Себебі маман қат, материал тапшы. Енді оған да ғылым мен ізденіс жарығы түсе бастағандай. Осыны айтқан республикалық жобалық кеңсе басшысы С.А.Қасымов дінтанушылар мен тарихшылардың алдына бірнеше елдік міндет қойды. Аталған бағытта баяндама жасаған саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссиясы жұмыс тобының мүшесі, Қ.А.Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университетінің профессоры, танымал дінтанушы Досай Кенжетай, Батыс Қазақстан облысы өңірлік жұмыс тобының жетекшісі, Дана орталығының ғылыми қызметкері, «Egemen Qazaqstan» газетінің тілшісі Қазыбек Құттымұратұлы, А.Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университетінің доценті, ақын, жергілікті жұмыс тобының мүшесі Ақылбек Шаяхмет, Атырау облысы өңірлік жұмыс тобының жетекшісі, Х.Досмұхамедұлы атындағы университеттің кафедра меңгерушісі, философия ғылымдарының докторы Өмірбек Бекежан және өзге де азаматтар ел сенімі мен рухына арқау болған тұлғалардың тар жол, тайғақ кешуінен дәйек келтіре отырып, дін қайраткерлерін ақтау мен танымалдандырудың жөн-жобасын ұсынды.

20 қазанда республикалық жобалық кеңсе мен Шығыс Қазақстан облысы өңірлік комиссиясы алаңы бірлесіп ұйымдастырған «1916-1930 жылдары кеңес өкіметінің жазалаушы акциялары және түрлі зорлық-зомбылық, науқандар мен ашаршылық кезінде саяси қуғын-сүргін зардабынан Қазақстаннан кетуге мәжбүр болған босқындар бойынша материалдар жинау мен тәжірибе алмасу» семинары да біраз жайдың басын ашты. Бұл ретте жобалық кеңсе басшысы С.А.Қасымов шектес мемлекеттердің мұрағаттарын сабақтастықта қатар зерттеудің маңызын атап өтті. Сонымен бірге осы бағдарда жаңа буын тарихшылардың қажеттігін кәсіби мамандар есіне салды. Аталған тақырыпта 80-жылдардан бері зерттеулер жүргізіп жүрген саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссиясы жұмыс тобының мүшесі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Түлектер қауымдастығының атқарушы директоры, тарихшы-доцент Күлғазира Балтабаева, Түркістан облысы өңірлік жұмыс тобының жетекшісі, Қ.А.Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университетінің профессоры, тарих ғылымдарының докторы Хазретәлі Тұрсын, Атырау облысы өңірлік жұмыс тобының жетекшісі, Х.Досмұхамедұлы атындағы Атырау университеті Каспий өңірінің тарихы, археология және этнологиясы ғылыми-зерттеу институтының директоры, тарих ғылымдарының докторы, профессор Сайпулла Сапанов, Солтүстік Қазақстан облысы өңірлік жұмыс тобының жетекшісі, Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің профессоры Зарқын Тайшыбай,



Нұр-Сұлтан қаласы жұмыс тобының жетекшісі, Нұр-Сұлтан қаласының мемлекеттік архиві ғылыми-зерттеу бөлімінің басшысы Ғазиза Исахан, т.б. білікті, кәсіби де тәжірибелі мамандар дәлелді тұжырымдары мен мәнді ұсыныстарын мүдделі қауымға жеткізді.

Осы жылы 27 қазанда республикалық жобалық кеңсе мен Солтүстік Қазақстан облысы өңірлік комиссиясы бірлесіп өткізген «1939-1945 жылдары фашистік Германияда, Финляндияда және басқа Еуропа елдерінде қамалған қазақстандық әскери тұтқындар, сондай-ақ «Түркістан легионында» уақытша болған қазақстандық әскери тұтқындар бойынша материалдар жинау, тәжірибе алмасу» атты семинар жұмысы да қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі комиссия мамандарын ширықтыра түсті. Себебі бұл – қазіргі геосаяси аяда өткір де шетін тақырып. Бірақ мұның ішінде мұң да, қайғы да, өтелмеген парыз да, атқарылмаған шаш етектен жұмыс та тұр. Семинарда бас баяндаманы жасаған – саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссиясы жұмыс тобының жетекшісі, Ш.Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты Дүниежүзі тарихы бөлімінің меңгерушісі, тарих ғылымдарының докторы, профессор Гүлжаухар Көкебаева. Сондай-ақ осы жиында Атырау облысы өңірлік жұмыс тобының жетекшісі, Х.Досмұхамедұлы атындағы Атырау университеті «Мәңгілік ел» ғылыми-зерттеу орталығының директоры, тарих ғылымдарының докторы, қауымдастырылған профессор Аққали Ахмет, Алматы қаласы жұмыс тобының жетекшісі, Ішкі істер министрлігі М.Есболатов атындағы академияның профессоры, тарих ғылымдарының кандидаты Талғатбек Құлтаев, Түркістан облысы өңірлік жұмыс тобының жетекшісі, облыстық қоғамдық-саяси тарих мемлекеттік архивінің бас қор сақтаушысы Елена Тимофеева, Нұр-Сұлтан қаласы жұмыс тобының жетекшісі, Тұңғыш Президент-Елбасы атындағы Ұлттық қорғаныс университетінің профессоры Асқар Мақыпов, т.б. мамандар тың ой-пікірлері мен ұсыныстарын ортаға салды.

5 қарашада республикалық жобалық кеңсе алаңы мен Ақтөбе облысы өңірлік комиссиясы бірлесіп ұйымдастырған «Қазақстанның тәуелсіздігі мен аумақтық тұтастығы үшін жеке (немесе топтасып) күрескен адамдарға, қоғамдық және саяси ұйымдарға, сондай-ақ қызметте, ғылымда, мәдениетте және басқа да салаларда азаттық идеясы үшін мемлекеттік қудалауға және қуғын-сүргінге ұшы-раған адамдарға қатысты материалдар жинау, тәжірибе алмасу» атты семинардың да мәні ерекше. Мұнда жобалық кеңсе басшысы С.А.Қасымов қоғамның бар саласын қамтитын тарихи әділеттікті орнықтыру қағидатының ел Тәуелсіздігінің асыл арқауы екенін және бұған барша мүдделі зиялының, ғалымның қатысуға мүмкіндігі барын жеткізді. Атырау облысы өңірлік жұмыс тобының жетекшісі, Х.Досмұхамедұлы атындағы Атырау университеті Қазақстан халқы Ассамблеясы институтының директоры, тарих ғылымдарының докторы, профессор Жанна Қыдыралина, Солтүстік Қазақстан облысы өңірлік жұмыс тобының жетекшісі, облыстық архив басшысы, тарих ғылымдарының кандидаты, доцент Сәуле Мәлікова, Шымкент қаласы жұмыс тобының жетекшісі, Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университетінің проректоры, тарих ғылымдарының кандидаты, доцент Баршагүл Исабек, Нұр-Сұлтан қаласы жұмыс тобының жетекшісі, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры, тарих ғылымдарының кандидаты, профессор Күлпәш Илиясова, т.б. ғалымдар ғылыми-әдістемелік, зерттеу-тәжірибелік ой-пайымын баяндады.

Сонымен, қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау комиссиясы жұмысы бойынша астана мен өңір ғалымдары арасындағы сабақтастық пен пікірлестік, жан-жақты тәжірибе алмасу – ортақ мемлекеттік істі жүзеге асыруға игі ықпал етіп отыр. «Көз – қорқақ, қол – батыр» дегендей, басында «бұл қалай болады екен?» деп имене кіріскен ғалымдар, архивші мамандар, заңгерлер Тәуелсіздіктің рухымен жаңа кәсіби сапаға көтерілгенін байқап жүрміз. Азаттық пен елшілдік мұрат осылай салаланып, қоғамның негізгі өзегі мен жауапкершілігіне айналатынына сенімдіміз.

Даркенов Құрманғали Ғазезұлы

Тарих ғылымдарының кандидаты, профессор.  
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті  
k\_darkenov@mail.ru

## XX ҒАСЫРДЫҢ 20-ШЫ ЖЫЛДАРЫНДА АЛАШ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ БІЛІМ БЕРУ МЕН МАМАН ДАЙЫНДАУ САЛАСЫНДАҒЫ ҚЫЗМЕТІ

**Аңдатпа.** Аталған мақалада өткен ғасырдың 20-шы жылдарындағы Алаш интеллигенциясын білім беру мен мамандар дайындау саласындағы қызметі баяндалады. Кеңес үкіметінің білім беру жүйесіндегі алғашқы қадамы сипатталады. А.Байтұрсынұлының сол жылдары Ресейдің және шетелдің жоғары оқу орындарына қазақ жастарын жіберуі айтылады. А.Байтұрсынұлының қазақ жастары Е.Бөкейханованы, Ғ.Бірімжановты, М.Қаратаевты, Р.Ермекованы жоғары оқу орына жіберудегі қамқорлығы мен қызметі баяндалады. Сонымен қатар, Кеңестік жүйедегі олардың тағдыры, көрген қиыншылығы, саяси жағдай, идеологиялық күрес қарастырылады. Мақалада, сондай-ақ, Қазақстанда жоғары оқу орындарының ашылуы, жүргізілген жұмыстар мен оның бағыттары жөнінде баяндалады. Оқу процесін ұйымдастыруға қатысты қайшылықты көзқарастардың болуы да қарастырылады.

**Кілт сөздер:** А.Байтұрсынұлы, М.Дулатов, Кеңес үкіметі, білім беру, Е.Бөкейханова, Ғ.Бірімжанов, М.Қаратаев, Р.Ермекова, С.Садуақасов, Қазақстан, жоғары оқу орындарының ашылуы.

**Аннотация.** В данной статье освещается деятельность алашской интеллигенции 20-х годов прошлого века в области образования и подготовки кадров. Описывается первый шаг Советского правительства в системе образования. В те годы А. Байтұрсынұлы направил казахскую молодежь в вузы России и зарубежья. Рассказывается о заботе и деятельности А. Байтұрсынұлы по направлению казахской молодежи в вузы Е. Бөкейхановой, Г. Беремжанова, М. Каратаева, Р. Ермековой. Кроме того, рассматривается их судьба в советской системе, трудности, которые они видели, политическая ситуация, идеологическая борьба. В статье также рассказывается об открытии высших учебных заведений в Казахстане, проводимой работе и ее направлениях. Также рассматривается наличие противоречивых взглядов на организацию учебного процесса.

**Ключевые слова:** А. Байтұрсынұлы, М. Дулатов, Советское правительство, образование, Е. Бөкейханова, Г. Беремжанов, М. Каратаев, Р. Ермекова, С. Садуақасов, Казахстан, открытие вузов.

**Abstract.** This article highlights the activities of the Alash intelligentsia of the 20s of the last century in the field of education and training. The first step of the Soviet government in the education system is described. In those years, A. Baitursynuly sent Kazakh youth to universities in Russia and abroad. The efforts and activities of A. Baitursynov in enhancing Kazakh youth E. Bokeikhanov, G. Beremzhanov, M. Karataev, R. Ermekova to universities are presented. In addition, their fate in the Soviet system, perceived difficulties, the political situation, the

*ideological struggle are considered. The article also tells about the opening of higher educational institutions in Kazakhstan, the ongoing work and its directions. The presence of contradictory views on the organization of the educational process is also considered.*

**Key words:** A. Baitursynov, M. Dulatov, Soviet government, education, E. Bokeikhanov, G. Birimzhanov, M. Karataev, R. Ermakova, S. Sadvakasov, Kazakhstan, opening of universities.

Өткен ғасырдың 20-шы жылдарындағы алаш зиялыларының ұлт мұраты мен мақсаты жолындағы қызметін қазіргі кезеңде зерттеушілер әр қырынан қарастыруда.

Қазақ даласын шарпыған 1916 жылғы көтеріліс, большевиктік революция, азамат соғысы жылдарындағы аласапыран бәсеңдегеннен кейінгі кезеңде алаш зиялылары Қазақстанда қоғамдық өмірдің барлық саласында қызметке араласты. Әсіресе, білім беру ісін қалыпқа келтіру, мектеп жүйесін құру, оқулықтар жазу, шығару, баспа ісін жөнге келтіру, мамандар дайындау кезек күттірмес шаруа болатын. Ерекше назар аударатын жай, 20-шы жылдардың басында қазақ зиялылары арасында таптық ұстанымы бойынша жіктелу, қайшылық соншалықты ашық байқала қоймаған еді. Сонымен қатар, әлі кеңестік сипаттағы тапшыл, ұраншыл белсенді жаңа толқын да қалыптаса қоймаған еді.

Революцияға дейін-ақ ұлтжандылығымен, күрескерлігімен танымал болған А.Байтұрсынов, Ә.Бөкейханов, М.Дулатов, М.Есполов т.б. қазақ зиялылары білім беру, оқулықтар жазу мен шығару, республиканың келешегі үшін қажетті мамандар дайындау ісіне тікелей, белсене араласты. Әр түрлі деңгейдегі жиналыстарда, кеңестерде, баспасөзде өз пікірлерін ашық білдірді. Қазақ зиялыларының қайсы бірі болмасын ел ішіндегі жағдайды, білім беру жайын жетік білді. Оны ашына жазып қана қоймады, өзгертудің жолын іздеді.

М.Дулатов 1920 жылы 7 қарашада «Кедей сөзі» газетінде жарық көрген мақаласында Кеңес үкіметінің білім беру саласында жасап жатқан жағымды істерін революцияға дейінгі жаймен салыстырып талдау жасады. Бұрынғы мектептердің берген білімдерінің төмен, қанағаттанғысыз, сапасыз тіпті қазақ үшін зиянды болғандығын көрсетті. М.Дулатов «Ауылнай школдары қазақты аздыру үшін, тілін, ұлттығын жоғалту мақсатымен ашылған еді. Бұл школдарда ана тілі оқытылмайтын. Үш жыл оқыған бала «моя, твоя» мен қырда қала беретін. Мыңның бірі болмаса, тоғыз жүз тоқсан тоғызы ілгері бара алмайтын.... Негізгі школдардың есігі қазақ балаларына жабық болатын» деп ашына жазды.

Ал, азды-көпті бірдеме оқығандардың күйі де жетісіп тұрмағандығын, алған білімдерін елді көтеруге, көгертуге емес, қайта өз ұлтына адал қызмет етсем деген жанның табиғатына жат қылықтарды бойына сіңіріп, халықты отарлаушылармен бірге тонаушы болғандығын көрсете отырып, «Азын аулақ екі класты, яғни сол қатарлы школды бітірген жігіттер тілмаш, переводчик болса, үлкен төрелікке жеткендей көріп, қазаққа күн көрсетпей, «елім, жұртым» деген сезімнен ат шаптырым аулақ жүріп, арызшы, парашы болып кететін. Бұлардың мұндай болып кету себебі тәрбиесіздік, саясаттан хабарсыздық, ұлтшылдық (ұлтшылдықты бұл жерде ұлтжандылық, өз ұлтын сүю, өз ұлты үшін қызмет жасау деген мағынада түсінген жөн. Қ.Д.) рухы бойына сіңбегендік», деп ауыр да болса ащы шындықтың бетін ашты.

Одан әрі «... миссионер Победоносцев оқу министріне берген баяндамасында қазақ туралы ... «Қазақ баласын бастауыш школдарда ғана аз жыл оқытып, ғылымның жоғары басқышына шығармау керек. Олар тәуір оқыса, көзі ашылып кетіп, ұлтшыл, саясатшыл болады. Бізге олардың ұлтынан айрылып, басқаларға ере алмағаны керек» деп жазғандығын, патша үкіметінің білім берудегі қазақтарға ұстанған саясатының қандай болғандығын паш етті [1,16 б]. Одан әрі М.Дулатов қазір Кеңес үкіметінің оқуға жол ашып отырғандығын, қай тілде оқыса да тоқтау

жоқтығын, оқудың оқу жасындағылардың барлығына әйел-еркек демей міндетті, әрі тегін екендігін, бала түгіл, елу жасқа дейін хат танымайтын адам қалмасын, – деп отырғандығын жазды.

М.Дулатовтың осы мақаласына тереңірек үңілсек қазақ жерінде революцияға дейін және одан кейінгі кезеңде білім берудің екі түрлі болғандығы айқын байқалады. 20-шы жылдары қазақ зиялылары сол кезеңдегі әр түрлі толып жатқан қиыншылықтарға қарамастан Кеңес үкіметінің білім беру саясатының дұрыс екендігіне сенді, қолдады, көмектесті және халық мүддесі, ел игілігі үшін қызмет жасады. Ел ішіндегі сауатсыздықты жою, білім алуға, ғылымды игеруге Кеңес үкіметінің жол ашып отырғанын көріп білді. М.Дулатов «Еңбекші қазақ» газетінің 1925 жылдың 7 қазанындағы №258 санында «Кеңес үкіметі, бұрын ғылымға қолы жетпей жүрген жалшылардың, бұқараның, қазақ сықылды бұратаналардың балаларын оқытуға кірісті. Езілген тап, езілген ұлт басқалармен заң алдында тең болса да, тұрмыста тең болуы қиын болмақшы, шынымен тең болу үшін оның өнері, білімі тең болуы керек. Сондықтан Кеңес үкіметі ең алдымен езілген ұлттың өнерін, білімін арттыруға кірісті ... оқудың ана тілінде болуын шарт қылып, қазақ сықылды өз тілінде жазулы кітаптары жоқ ұлттардың әдебиетін күшейтуге кірісті, әр ұлттың өз тілінде ғылыми кітап шығаруы қамына кірісті. Октябрьдің арқасында қазақтың да оқуға қолы жетті. Орынбор, Семей, Ташкент сықылды ірі қалаларда бұл күнде оқып жатқан қазақ балаларының саны бұрынғыдан 100 есе артық деуге болады» - деп жазды. Ұлт мүддесін қашанда жоғары қойған М.Дулатов большевиктік үкіметтің білім беру ісіндегі алғашқы қадамдарын пайымдап, қазақ балалары үшін ашылып жатқан мектептерге үмітпен қарап оған шын жүректен қолдау жасады.

Халық Ағарту Комиссариатының негізін қалаушы, алғашқы Халық Ағарту Комиссары А. Байтұрсынов оқу жұмысын ұйымдастыру мен жүргізу ісін, мектептің қазақ тұрмысына қажетті түрлерін, ел ішіндегі жағдайды жетік түсінді [2]. Келер күнге үмітпен қараған дана А. Байтұрсынов сол жылдардағы басты мәселелердің бірі болып отырған мектеп жүйесін құру, қаржыландыру, мұғалімдер дайындау ісімен қатар, әр саладан жоғары білімді мамандар дайындау ісіне де тікелей араласып өзі қадағалап отырды. Жоғары оқу орындарында оқимын деп талаптанған қазақ жастарына қолынан келгенше көмек көрсетті. Қолымызға түскен маңызды құжаттардың бірінде Ә. Бөкейханов кең көз дәптердің парағына өз қолымен 1920 жылдың 16 қазанында осы жылы Семей қыздар гимназиясының 8 сыныбын бітірген қызы Бөкейханова Елизаветаны Ташкент университетінің медицина факультетіне оқуға жіберуін сұрап өтініш жазып, оған А.Байтұрсынов «командировать со стипендией» деп 16 қазан күні қол қойған екен [3]. Егер мәтінді жазылған күйінде толық келтірсек:

*«Т. Комиссару Народного просвещения КССР Алихан Бөкейхана Заявления*

*Прошу комиссара КССР откомандировать дочь мою Елизавету Бөкейханову окончившую 8 кл Семипалатинской женской гимназии в 1920 г. в медицинский факультет Ташкентского университета.*

*16.10.1920 г».* (Ә.Бөкейхановтың қолы қойылған)

Бірақ, кейіннен А.Байтұрсынов пен Ә.Бөкейханов Елизаветаның Томск университетінде оқығаны дұрыс деп шешкен болуы керек деп ойлаймыз. Себебі, комиссариат бухгалтериясына жазылған құжатқа А.Байтұрсынов Елизавета Бөкейханованың стипендиясын Томск университетіне аударуға нұсқау береді [4]. Қазақ саяси элитасының лидері Ә.Бөкейхановтың қызы және ұлтжандылығымен ел тарихынан орын алған, 25 жасында Халық Ағарту Комиссары қызметінде болған С.Сәдуақасовтың болашақ жары Семей гимназиясын бітіріп келген Елизавета осылай жоғары оқу орынына А.Байтұрсыновтан жолдама алған екен.

Осы жылы 3 қарашада №1 Орынбор Реальды училищесін бітірген Москва Ауыл Шаруашылық Петров-Разумовский Академиясына оқуға түскен Ғазымбек Қорғанбекұлы Бірімжановты өз өтініші бойынша оқуын жалғастыру үшін Ташкент университетіне оқуға жібереді [5].

Осы арада зерттеушілер назарынан тыс қалып келген мына жайға тоқталып өткен орынды. Жан жаққа оқуға жіберілген талапкерлер сол кездегі тәртіпке сай оқуды бітірген соң Қа-



зақстанға қайтып келемін, қызмет істеймін деп қолхат беретін болған. Қолхат орыс тілінде жазылғандықтан сол күйінде өзгеріссіз келтірейік.

*«Подписка Нижеподписавшихся Газымбек Беремжанов, командированный Комиссариатом Народного Просвещения Киргизской (Казахской деп оқыған жөн. Қ,Д.) Республики для продолжения образования в Ташкентской Университет, настоящей подпиской обязуюсь по окончании университета всецело отдать себя в распоряжение Киргизской (Казахской) СС Республики.*

Ноября 4 дня 1920 г.» (Ғ.Бірімжановтың қолы қойылған) [6].

Ғ.Бірімжановқа Халық Ағарту Комиссары А.Байтұрсыновтың, хатшы Сейдалиннің қолы қойылып, мөр басылған мандат берілді [7]. Онда ХАК Ғ.Бірімжановтың Ташкентке оқуын жалғастыру үшін оқуға жіберілгенін, барлық Кеңестік, әскери, азаматтық және теміржол мекемелері іс сапарға баратын жеріне дейін және барған жерінде нақты көмек көрсетуін сұрайды. Ғ.Бірімжановқа ай сайын 3 мың сом стипендия тағайындап, жолына 10 мың сом көлемінде ақша беруге [8] нұсқау жасаса, сол кездегі азық-түлік қиыншылығын ескеріп жолына 3 пұтқа дейін азық түлік алуына рұхсат берілгендігі жөнінде құжат береді [9]. Рұхсатнама құжат беру себебі, сол кезеңдегі аласапыран жағдайындағы үздіксіз тексеруден сақтандырғаны болса керек.

Біздің ойымызша, Москва Ауыл Шаруашылық Петров-Разумовский Академиясына конкурстан өтіп, бірақ, белгісіз әлде бір себептермен онда оқуға мүмкіндігі болмаған Ғ.Бірімжановтың құжаттары өз қолында болмаған. Москвада Академияда болған. Сондықтан осы жағдайды ескертіп Халық Ағарту Комиссариаты қолына куәлік береді [10]. А.Байтұрсыновтың әрбір іске маңыз беріп, мұқият қарағаны байқалады. Мұрағатта сақталған келесі бір құжатта Ташкент университетіне жазған хатында Ғ.Бірімжановтың оқуға қабылданған не қабылданбағандығы жөнінде мәлімдеуді сұрайды [11]. Сонымен қатар, Комиссариат бухгалтериясына қызметтік записка жазып Ғ.Бірімжанов жолға алуға тиісті 10 мың сом ақшаны алды ма деп сұрайды [12].

А.Байтұрсынов келешегінен үміт күткен қабілетті, қарымды Ғ.Бірімжанов 1922 жылы Германияның жоғары оқу орындарына оқуға жіберілген төрт қазақ жастарының бірі еді. Берлин университетінің Ауылшаруашылығы факультетіне оқуға түседі. Жалынды азамат, жігерлі тұлға Германиядан тыңғылықты білім алды. Өкінішке орай, жастайынан ел аузына ілігіп танымал болған жас жігіт еліне қызмет етіп, жарқырап көріне алмады. Германиядан білім алған Ғ.Бірімжанов 1928 жылы елге қайтып келе жатқанда Мәскеуде тұтқынға алынды [13].

Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы секілді Алаш қайраткерлерімен бірге тергеу мен үздіксіз тексеруді басынан өткізген Ғ.Бірімжанов 1930 ж. 4 сәуіріндегі ОГПУ коллегиясының шешімімен алдымен ату жазасына бұйырылып, кейін бұл шешім өзгеріп, Карелиядағы Медвежьегорск қаласына 10 жылға жер аударылды.

Біздің ойымызша, болмыс бітімі бөлек, білімді, жан жақты тұлға Кеңес үкіметі үшін сенімсіз элементтердің бірі болды. Жап жас кезінде Алашорданың жұмысына белсенді араласуы, Алашорда атынан Колчакпен келіссөз жүргізуге қатысуы, әрі Алашорданың Башқұрт үкіметі жанындағы уәкілі болып қызмет атқаруы, қазақ және орыс тілінде еркін сөйлеуі мен шешендігі, мәмілегерлігі мен тапқырлығы, оның абырой-беделін асырған еді. Сондықтан, оны Кеңестік жүйе Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатовтардан кейінгі Алаштың жаңа толқыны, қауіп көзі ретінде қабылдады. Ал Германияда жүргенде ОГПУдің бақылауында болып, оны М. Шоқай мен А.З.Валидовпен құпия байланыс орнатты деп айыптады. Ақ теңіз – Балтық каналы құрылысындағы ауыр еңбек пен азапты өмірден сағы сынбаған, Ғ.Бірімжанов 1937 жылы 9 қазанда ол екінші мәрте абақтыға жабылып, бұл жолы қайтып еркіндікке шыға алмай, қырық бір жасында өмірден озды [14]. 1938 жылы 19 наурызда атылды [15].

Осы арада тағы бір тоқталып өтетін жай, Ғ.Қ.Бірімжанов Қазан университетінің заң факультетін 1896 жылы алтын медальмен бітірген, революцияға дейін Ресейдің I және II мемлекеттік

Думасына Торғай облысынан депутат болып сайланған белгілі заңгер Ахмет Қорғанбекұлы Бірімжановтың туған інісі еді. Одан да тереңірек барсақ, қазақ тарихына өз есімін қалдырған, жоңғар шапқыншылығы жылдары қолбасшылық қабілетімен танылған тархан Шақшақ Жәнібектің ұрпағы еді.

Қалыптасу үстіндегі жас қазақ мемлекетіне өз білімімен, тәжірибесімен еңбек етеді деп А. Байтұрсынұлы үміт еткен тұлға осылай сталиндік қуғын-сүргіннің құрбаны болды.

Ел келешегін ойлаған А.Байтұрсынов Қаратаев Мұрат Бақытжанұлына [16] (заңгер, күрескер Бақытжан Қаратаевтың ұлы Қ.Д) және Әлімхан Ермеков (Алашорданың көрнекті қайраткері) пен Рахия Ермековаға да жоғары оқу орынына жолдама береді [17]. Ұлт мұратын басты орынға қойған А.Байтұрсынов оқуға ынтасы, ниеті бар қазақ жастарына қолдау жасап, көмектесіп, олардан үміт күткен.

1922-23 оқу жылында жоғары оқу орындарында Қазақстаннан 800 студент әр түрлі қалаларда білім алды. Оның ішінде, Москвада – 100, Петроградта – 130, Омбыда – 80, Қазанда – 40, Ташкентте 100 қазақстандық жастар оқыды. Бұл көзі қарақты А.Байтұрсынов еңбегі еді. 1923-24 оқу жылында Қазақстаннан тысқары жерлердегі оқу орындарына 450 адам жіберілді. Жалпы, 1922-24 оқу жылдарында өзге жерлерде 1250 адам оқып, олардың елу пайызы стипендиямен қамтамасыз етілді [18].

Сонымен қатар, Қазақстанның өзінде жоғары білімді мамандар дайындау үшін жоғары оқу орындарын ашу қажеттілігі күн тәртібінде тұрды. Мұрағат құжаттарына сүйенсек, Университет ашу мәселесі алғаш рет 1921 жылы көтеріліп, Халық Ағарту Комиссариатында арнайы мәжіліс өткізілді. Онда мемлекеттік Университет ұйымдастыру оның құрамында жұмысшы факультеті, биология, жер өңдеу, агрономия және орман шаруашылығы, техникалық, педагогикалық, қоғамдық ғылымдар, медициналық факультет ашу шешілді [19].

Бірақ, бұл жылдары Қазақстанда жоғары оқу орындарын ашу мүмкін емес еді. Материалдық база қажеттіліктен кейін қалды, сұранысты қамтамасыз ете алмады. Сауатсыздықты, шала сауаттылықты жою, оқулықтар шығару, мектеп үйлерін салу мен оларды қажетті жабдықтармен қамтамасыз ету, мұғалімдерге жалақы төлеу мәселесі т.б. толық шешімін таппаған болатын. Әсіресе, қазақ ауылдарын мұғалімдермен қамтамасыз етуді халыққа білім беру институттары мен педагогикалық техникумдар шеше алмады, кадр дайындау өте баяу жүрді. Дайындалған мамандар қажеттіліктен аз болды және ол ауылға жетпеді. Әр түрлі объективтік және субъективтік себептерден жоғары оқу орындарын ашу кейінге шегеріле берді.

1926 жылдың 2 маусымында Қазақ Автономиялық Кеңестік Социалистік Республикасы Халық Комиссарлар Кеңесі «Қазақ АКСР-і үшін жоғары оқу орынының, педагогикалық жоғары оқу орынының қажеттілігі ескеріліп, Ташкент қаласындағы Қазақ Ағарту институтын «қазақ педагогикалық институты» деген атпен қайта құрылған педагогикалық жоғары оқу орыны деп есептеу керек» деген шешім қабылдады [20]. Ашылған жоғары оқу орының алғашқы ректоры болып, мемлекет қайраткері, мәдениет пен оқу ағарту саласында өз қолтаңбасын қалдырған Темірбек Жүргенов тағайындалды.

Осы жылдары педагог мамандарды дайындау республиканың білім беру және рухани өмірі үшін басты қажеттілікке айналды.

Қазақстандағы билікке Ф.И.Голощекин келгеннен кейін саяси ахуал шиеленісіп, қазақ оқығандарын таптық ұстанымдарына сәйкес жікке бөліп арасына сына қаға бастағанымен, алаш зиялыларын әр саладан біртіндеп ығыстыра, шеттете бастағандығына қарамастан, олардың оқу ағарту саласында әлі де болса ықпалы сақталды. Баспасөзде, әртүрлі деңгейдегі мәжілістер мен кеңестерде республикада жоғары оқу орындарын ашу қажеттілігі жөнінде ой пікірлерін ашық айтып отырды. Әсіресе, университет ашу керектілігін, онда қандай факультеттер болуы қажет және қаражат көзін қайдан табуға болады, осы тұрғыда кеңес берді. Келешекте ашылуға тиісті

жоғары оқу орынында оқыту қай тілде жүргізілуі қажет? Орыс тілінде ме, әлде қазақ тілінде ме? Осы мәселе төңірегінде зиялылар арасында біраз қайшылықты пікір, талас туды.

Бір айтатын жай, осы жылдары қазақ зиялылары арасында туған пікір қайшылығы таптық ұстаным тұрғысында болған жоқ. Ашылуға тиісті жоғары оқу орындарында қай тілде оқытқан тиімді деген мәселеге өз пікірлерін білдірді. Кеңесіп, пікір бөлісіп, іске өзара жанашырлық білдіріп қана қоймай, ұлттық мүдде тұрғысында қарады. Бір бірін таптық тұрғыда айыптау, әшкерелеуге ұмтылу, жеке бастарына тиісу байқала қоймады. Ж.Аймауытов әзірге оқытуды орыс тілінде жүргізудің дұрыстығын, кейін қазақ профессорлар құрамы қалыптасқан соң ұлттық тілде жүргізуге болатындығын жазды. Қазақ тілінде оқулықтардың жоқ екендігін де атап өтті. С.Сәдуақасов та республикадағы оқу орындарында әзірге орыс тілінде оқытуды қолдады [21].

М.Дулатов кесіп айтар батылдығы болар, «Қазақстан өз алдына республика құрғасын, мектеп ұлт мектебіне айналғасын, мектептерде іс қазақ тілінде болатын болғасын – Қазақтан үшін өз арасынан қайнап шығып жататын ғылым бұлағы, білім суаты университет (жоғары дәрежелі мектеп) керек болады, – деп жазып, қазақ тілінде оқыта бастауды дұрыс деп санады [22].

Ә.Бөкейханов та «Еңбекші қазақ» газетіне мақала жазып, онда университет ашудың қажеттілігін айтып құрамында: педагогикалық, ауылшаруашылық, дәрігерлік факультеттер болуы керектігін атап көрсетті. Табиғатынан салмақты, байыпты Ә.Бөкейханов бар мен жоқты таразылай келіп, орыс және қазақ тілдерінде қатар оқытуды ұсынды. Қазақ тілінде оқулықтар шығарудың, оқытуға мүмкін болатын пәндерді қазақша оқыту қажеттілігін және қазақ жастарынан профессорлар дайындауды ұсынды [23].

1928 жылы 1 қыркүйекте Қазақстанның алғашқы жоғары оқу орыны Қазақ мемлекеттік университеті ашылды. Онда алғашында бір ғана педагогика факультетінен тұрды. Факультет физика-математика, жаратылыстану, лингвистика-педагогика үш бөлімнен тұрды. Сонымен қатар, педагогика, ауыл шаруашылық, медицина факультеттерін ашу жоспарланды. Олар өз қызметін 1932-1933 оқу жылында бастауға тиісті болды. 1930 жылы университет Қазақ мемлекеттік педагогикалық институты (ҚазПИ) болып аталып, ал 1935 жылы ұлы ойшыл, ақын Абайдың есімі берілді. 1931 жылы Қазақ мемлекеттік педагогикалық институтын 53 студент бітіріп шықты [24]. Бұл қазақ жерінде жоғары білім беру жүйесінің қалыптасуы мен дамуына жол ашты. Бұдан кейін, 1929 жылы Алматы зооветеринарлық институты, 1930 жылы Қазақтың ауылшаруашылық институты құрылды [25, 155 б].

Жетістігі мен табыстарымен қатар, қайғысы мен қасіретін әкелген өткен ғасырдың 30 – шы жылдары бірнеше жоғары оқу орындарының ашылуы қазақ зиялыларының алғашқы толқыны аңсаған жоғары білімді мамандар дайындау ісіне одан әрі кең жол ашты.

#### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Міржақып Дулатұлы. Бес томдық шығармалар жинағы. Үшінші том. Алматы: «Мектеп». 2003. 400б.
2. Байтұрсынов А. Қазақ арасында оқу жұмыстарын қалай жүргізу керек? //Қызыл Қазақстан. 1923 №14. 12-13 бб; Баулу мектебі //Жаңа мектеп. 1925. №1. 22-27 бб.
3. ҚРОММ 81-қор, 1- тізбе, 6-іс. 716-п;
4. ҚРОММ 81-қор, 1- тізбе, 6-іс. 718-п;
5. ҚРОММ 81-қор, 1- тізбе, 6-іс. 777-п;
6. ҚРОММ 81-қор, 1- тізбе, 6-іс. 778-п;
7. ҚРОММ 81-қор, 1- тізбе, 6-іс. 779-п;
8. ҚРОММ 81-қор, 1- тізбе, 6-іс. 780-п;
9. ҚРОММ 81-қор, 1- тізбе, 6-іс. 781-п;
10. ҚРОММ 81-қор, 1- тізбе, 6-іс. 784-п;
11. ҚРОММ 81-қор, 1- тізбе, 6-іс. 788-п;

12. ҚРОММ 81-қор, 1- тізбе, 6-іс. 789-п;
13. <https://www.wiki.kk-kz.nina.az/>
14. Қозыбаев М.К., Алдажуманов К.С. Тоталитарный социализм: реальность и последствия. Алматы, 1997.
- С.13. ; Бөкейхан Ә. Таңдамалы. Алматы., 1993, 76 б.
15. РГАСПИ, Ф.17. оп.171. Д.415. лист 3.: <https://timenote.info/ru/Gazimbek-Beremzhanov>
16. ҚРОММ 81-қор, 1- тізбе, 6-іс. 815-819 пп;
17. ҚРОММ 81-қор, 1- тізбе, 6-іс. 849-852 пп.
18. Камалиева К. Сәкен Сейфуллиннің ағартушылық қызметі. – Алматы: Мектеп, 1993. 34 б.
19. ҚРОММ 81-қор, 1- тізбе, 86-іс. 94-п.
20. Жаманбаев Қ. Высшая школа Казахстане. –Алма-Ата: «Казахстан», 1972. С.184.
21. ҚРОММ 81-қор, 1- тізбе, 1014-іс. 4-п;
22. Міржақып Дулатұлы. Бес томдық шығармалар жинағы. Үшінші том. – Алматы: Мектеп, 2003. 400б.
23. Бөкейханов Ә. Қазақстанда университет ашу мәселесі. // Еңбекші қазақ. 1929, №10.
24. Советская степь. 1931, 18 декабря.
25. Селкебаева А.Т. Қазақстан ғылымының 1920-1936 жылдары қалыптасу тарихынан. // Бекмаханов тағылымы – 2004. Халықаралық ғылыми конференция материалдары. Алматы. 2004. 155 б.



Мақала «XX ғасырдың 20-50-ші жылдарындағы Қазақстандағы жаппай саяси қуғын-сүргін және оңалту процестері: бірыңғай деректер базасын құру» жобасы аясында жазылды.

## КЕҢЕСТІК САЯСИ ҚУҒЫН СҮРГІН: АЛАШШЫЛ ЖАСТАР ТАҒДЫРЫ (М.Әуезов, С.Садуақасов, Ы. Мұстамбаев т.б.)

---

**Аңдатпа.** Мақалада ұлт азаттық күрестің басында тұрған Әлихан Бөкейханов, Міржақып Дулатов, Ахмет Байтұрсынов, Бақытжан Қаратев, Барлыбек Сырттанов және т.б. алдыңғы толқын алаш зиялыларымен қатар ол кезеңдегі қоғамдық саяси өмірге араласқан қазақ жастарының қызметі тарихи деректер негізінде қарастырылған. Кеңестік билік алдыңғы толқын Алаш зиялыларын да, жас алашшылдар: Мұхтар Әуезов, Смағұл Сәдуақасов, Сұлтанбек Қожанов, Ыдырыс Мұстамбаев, Жағыпар Сұлтанбековтерді де саяси тұрғыдан айыптап, қуғындады. 1925 жылға дейін және ресми билік басына Ф.Голощекин келгеннен кейінгі кезеңдегі қоғамдық саяси ахуалға, тағдыры қиын-қыстау жағдайда өткен алаш орда азаматтары, большевиктік партия қатарындағы зиялылардың қызметіне архив, мерзімді баспасөз деректері негізінде талдау жасалған.

**Кілт сөздер:** саяси қуғын-сүргін, Алашорда, алаш зиялылары, ұлтшылдық, жас алашшылдар, коммунистік партия, жікшілдік, Қазақстандағы «шылдықтар», «сәдуақасовшылық», «қожановшылық», «рысқұловшылық», «сейфуллиншілдік», «мұстамбаевшылық»

**Аннотация.** В статье упоминаются стоявшие в авангарде национально-освободительной борьбы такие как Аликхан Бөкейханов, Миржакып Дулатов, Ахмет Байтұрсынов, Бақытжан Қаратев, Балыбек Сырттанов и другие. Наряду с предыдущей волной алашской интеллигенции, деятельность казахстанской молодежи, вовлеченной в общественно-политическую жизнь того периода, рассматривается на основе исторических данных. Советские власти политически обвиняли и преследовали предыдущую волну интеллектуалов Алаша, а также молодых активистов Алаша: Мухтара Ауэзова, Смагула Садуақасова, Сұлтанбека Қожанова, Идриса Мұстамбаева, Жағыпара Сұлтанбекова. Анализ общественно-политической ситуации до 1925 г. и после прихода к власти Ф. Голощекина, деятельности жителей Алашской Орды, интеллигенции партии большевиков в сложных условиях на основе архивных и периодических данных.

**Ключевые слова:** политические репрессии, Алашорда, интеллигенция Алаша, национализм, молодые алашисты, КПРФ, сепаратизм, «анекдоты», «садуақасовщина», «кожановщина», «рысқұловщина», «сейфуллизм», «мұстамбаевщина» в Казахстане.

**Annotation.** The article examines the activities of Kazakh youth who stood at the origins of the national liberation struggle of Alikhan Bukeikhanov, Mirzhakyp Dulatov, Akhmet Baitursynov, Bakytzhan Karatev, Balybek Syrttanov and others, along with the Alash intelligentsia of the previous wave involved in the socio-political life of that period. The Soviet government politically condemned and persecuted both the Alash intelligentsia of the previous wave and young Alashists:

*Mukhtar Aueзов, Smagul Saduakasov, Sultanbek Kozhanov, Idris Mustambayev, and Zhagypar Sultanbekov. The analysis of the socio-political situation before 1925 and in the period after F. came to power is carried out. Goloshchekin, the activities of the intelligentsia from among the citizens of the Alash Horde, the Bolshevik party, which passed through difficult destinies, based on data from archives, periodicals.*

**Keywords:** *political repression, Alashorda, Alash intelligentsia, nationalism, young Alashists, Communist Party, split*

XX ғасырдың басындағы хал-ахуал: қазақ өлкесінің отарлануы, экономикалық және азаматтық қысым, патшаның зорлық-зомбылығы Алашорда қозғалысының пайда болуына себеп болды. Ресми үкімет орындарының қарсы болғанына қарамастан қазақ зиялылары отаршылдық езгіге қарсы, елді азат ету жолындағы күресін бастады. 1905 жылғы орыс революциясынан кейін Ресей демократиялық немесе монархиялық жолмен жүруі керек пе деген мәселе көтерілді. Ұлт азаттық күрестің басында тұрған: Әлихан Бөкейханов, Міржақып Дулатов, Ахмет Байтұрсынов, Бақытжан Қаратев, Барлыбек Сырттанов және басқа да ұлт зиялыларын елдегі ахуал толғандырмай қоймады. Кадет партиясы монархияға қарсы болатын, I-II Думаға қазақтардан депутаттар сайланған, ал III Думада қазақтарға орын берілмеді. Оған Қосшығұл Шәймерденовтың «Серке» дейтін газет шығарып, елді еркіндікке үндеуі, осы басылымға М.Дулатовтың «Біздің мақсаттарымыз» деген мақала жазуы да себеп болды. «Бұратана» халықтарға еркіндік бергісі келмеген патша өкіметі депутаттық мінберден айырып, айтылатын ойдың мүмкіндігін шектеді. «Бұратана» халықтардың еркіндік мәселесін көтеруі патша өкіметіне ұнамады, қозғалыс көсемдерінің сыртынан бақылау қойылды. Қазақ халықының бостандығы мен теңдігі жолындағы күрес идеялары үшін Әлихан Бөкейханов пен Ахмет Байтұрсыновты патша тыңшылары бірнеше рет жауапқа тартты. Алдыңғы толқын алаш зиялыларымен қатар ол кездегі қазақ жастары Мұхтар Әуезов, Қаныш Сәтбаев Алашорда қызметіне араласты, олардың ізіне Смағұл Сәдуақасов, Сұлтанбек Қожанов, Ыдырыс Мұстамбаев, Жағыпар Сұлтанбековтер ілесті. Кеңестік билік алдыңғы толқын Алаш зиялыларын саяси тұрғыдан айыптап, саясаттан, рухани-мәдени саладан ығыстырды, қуғын-сүргін құрбандары болды. Жас алашшылдардың тағдыры да қиын-қыстау жағдайда өтті. Ескеретін бір мәселе – кеңес билігі орнағаннан кейін ресми билік басына келген партияның қатарында болып, белсенді қызмет атқарған қазақ зиялылары туралы. Шын мәнінде алаш орда азаматтары да, большевиктік партия қатарындағы зиялылар да қазақ халқына қастандық ойлаған жоқ. Мақсат бір болғандықтан, 1925 жылға дейін, ой-пікір еркіндігі, сынға төзімділікпен қарау қалыптасып келе жатты.

Партия қатарындағы коммунист жастардың ұстанған бағытын коммунист С. Сейфуллиннің мына бір естелігі де айқындай түседі.

*«1925 жылы Совнарком басынан кеттім. Қазақстанға Сырдария, Жетісу облыстары қосылып Өлкелік партия комитетіне Қожанұлы хатшы болып, Смағұл Сәдуақасұлы бюрода екінші бірі болғаннан кейін (Оқу комиссары және «Еңбекші қазақтың» редакторы болды ғой) маған да бұрынғы мен секілденіп байшыл ұлтшылдыққа қарсы арналысып келгендерге Қазақстанда қызмет істеу қиын боларын сездім. Қызыл - Ордада болған бесінші сиез Қожанұлы мен Сәдуақасұлдарының үстем басшылығымен өтті. Маған осы сиез ұлтшылдардың үлкен мерекеге батқан кезі болып көрінді. Сиез ашылған театр үйіне көтерілген тулардың ішінде алаш ұраны жазылған Алашорданың жасыл туы қоса көтерілген болып шықты, тіпті «Ақмешітті» Қызыл-Орда атандырғанның өзін алашқа ниет-тестер өзінше жорып, өздерінше сүйсінді. Сиездің ертеңінде партияда жоқ біреу екі құлағы езуінде қуанған түрмен маған: «Әйтеуір аяқтап келгенде біздің көздегеніміз болды ... сиезде желбіреп ұлт жалауы көтерілді. Астанаға біздің тілегімізге туралап «Орда» деген ат қойылды, оған «қызыл» деген сөз кіргенмен біздің қазаққа «қызыл» деген сөздің келіп кетері жоқ.*

Сиез «бетті ауылға бұр» деген ұранмен өтті. Оны бұрын бізде айтқанбыз ... деп» тағы сол секілділерді айтты» [1, 32-33 бб. ]. С. Сейфуллин жоғарыда аттары аталған ұлтшыл бағыттағы коммунистер қатарына Қаратілеуұлы, Кадаленко, Мұстамбайұлы, Қошанбайұлдарын да қосқан.

Алайда, Қазақ Өлкелік партия комитетінің басына Ф.Голощекин келген кезден «бөліп ал да, билей бер» саясатын жүзеге асыру мақсатында ұлт зиялыларын жік- жікке, топ-топқа бөліп, айыптап, қуғындау басталды. Қазақ оқығандарын бір-біріне айдап салып, араларын ашып, бірін-бірі көрместей халге түсірді. XX ғасырдың алғашқы жартысындағы мемлекеттік аппараттағы жауапты адамдар қызметінің бағыт- бағдарын төмендегідей жүйелеп көрсетуге болады: лениндік-сталиндік саяси жүйеге, оның идеологиясына, концепциялық тұжырымдарына сеніммен қарағандар, билікке құмар Қазақстан коммунистерінің «бюрократ» тобы немесе «шолақ белсеңділер», Ф.Голощекиннің озбыр, күштеу саясатына қарсылық көрсеткен, оны тежеуге тырысқан «Алаш» қозғалысы идеяларына сенген, демократиялық дәстүрлер негізінде топтасып, қазақ халқының мүддесін қорғауға ашық күш салған азаматтар, жазалаушы-қуғындаушы аппарат және тоталитарлық режимнің партиялық органдарының өкілдері. Бұл ауқымды, әрі күрделі мәселе. Біз Ф.Голощекиннің озбыр, күштеу саясатына қарсылық көрсеткен, оны тежеуге тырысқан «Алаш» қозғалысы идеяларына сенген, демократиялық дәстүрлер негізінде топтасып, қазақ халқының мүддесін қорғауға ашық күш салған азаматтар қызметіне тоқталайық.

Коммунистік партия билікке келген алғашқы жылдары озбыр да отаршыл саясатын жүзеге асыруға алдымен тосқауыл болар зиялы қауым өкілдерін өз жағына тартуға тырысып, алаш зиялыларына «кешірім» жасалғанын жариялады, ал жастар жағын тәрбиелеп өз саясатына тартуға талпынды. Қоғамда бір партиялық үстем билік бекіген сайын, саяси жүйе ұлт мүддесін ойлайтын, ұлттың болашағына бейтарап қарай алмайтын ескі интеллигенция өкілдерінің қызметін шектеп, олардың елдік ұстанымынан бас тартты. «Ұлтшылдық» және «ұлттық жікшілдік» деген кең тарап, сол кездегі ұлттық интеллигенция өкілдеріне негізсіз айыптар тағылды. Коммунистік партия осылайша өз ішін ұлттық бағыттағы «жат адамдардан» тазарта бастады. 1920 жылдардың екінші жартысынан коммунистік партия қазақ оқығандарының ішіндегі алашорда зиялыларына және жас ұлтшылдарға қарсы саяси күресті тіптен өршітті.

\*\*\*

Кеңестік қызыл империяның ату жазасынан аман қалып, алаш мұратын келер ұрпаққа жеткізген ұлы тұлға – Мұхтар Омарханұлы Әуезов. Қазақтың зор ғалымы, үлкен талант иесінің шығармашылық саладағы ізденіске толы, мағынасы терең еңбектері үшін халқынан алған алғысымен қатар әміршіл-әкімшіл жүйе қиянатын да көп көрді. Бүгінге дейін Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің шығармашылығы мен азаматтық тұлғасы көптеген ғылыми зерттеу еңбектеріне арқау болып, диссертациялар, монографиялар жазылды. Алайда, оның қасіретке толы тағдырының әлі де ғылыми тұрғыдан зерттелуге тиісті тұстары баршылық, ол біріншіден өмірі мен шығармашылығының қасіретті жылдарының тарихына байланысты. «Әдебиет тарихын халықтың жалпы азаматтық тарихымен тығыз бірлікте қарастыру қажет» деген методологиялық ұстанымдағы М.Әуезовтың шығармашылығы үнемі коммунистік партияның қырағы сақшыларының назарына ілігіп отырды.

1917 жылдан басталып 1961 жылы өмірден озғанына дейінгі кезеңді қамтитын 44 жылдық шығармашылығы әлі де толық зерделеніп біткен жоқ. Олай дейтін себебіміз, М.О. Әуезовты қуғындау тарихының деректерінің басым бөлігі ҰҚК мұрағатында, Ресейде, Өзбекстанда, олар жинақталып, толық жарияланған жоқ. Ал, қол жетімді деректер ҚР ПМ, ҚР ОММ, кеңестік-партиялық мерзімді басылымдар беттерінде жарияланған мақалалар.

Қазақстанда ұлт зиялыларына қарсы саяси қуғын – сүргін Ф. Голощекин билікке келгеннен кейін бұрынғыдан да жанданып, «ұлтшылдарды», «оңшылдарды», «солшылдарды», «зиянкестерді» іздеп, тауып, бірінен соң бірін абақтыға жауып жатты. Осы тұста партия сыншыла-

рының көзі М.Әуезов шығармашылығына да түсті. 1927-1928 жылдары басылған «Жыл құсы» атты жинақтың № 2 санындағы Жұмабай Орманбайұлының «Қаракөз» деген мақаласында: ««Қаракөзде» пролетариат әдебиетінің иісі де жоқ, оның жолына да қайшы, пролетариат салтына да сыймайды. Тілегіне келмейтін бөтен» – деген сын айтылды.

Мәскеуде басылған «Әдебиет энциклопедиясында» А.Байтұрсынов пен М.Әуезовке жоғары баға берілген анықтама басылуы, Қазақстандық бір топ адамның берекесін кетіріп, аяқтан шалудың жолдарын қарастырды. 1929 жылдың 19 сәуіріндегі «Советская степь» газетінде «Правда газетінің» және «Әдебиет энциклопедиясының» редакциялық алқасына кейбір жазушы қазақтардың творчествосына баға беруде кеткен қате пікірлерге орай жазған «Ашық хаты» басылды. Хатқа: Ораз Исаев, Измұқан Құрамысов, Ғаббас Тоғжанов, Әбдірахман Байділдин, Хамза Жүсіпбеков, Садықбек Сапарбеков, Ораз Жаңдосов (7 адам) қол қойды. Әуезовке: «... Әуезов Колчакқа қарсы күреспеді, күрескісі де келмеді, керісінше бүкіл «Алашорда» үкіметі, оның ішінде Әуезов Колчакпен одақтаса отырып, большевиктерге, Кеңес үкіметіне қарсы күрескені белгілі.» – деген айып тағылды. Кеңес үкіметі орнаған соң Әуезовтің партияға өткенін де қолдай қоймады. Сөйтіп Қазақстаннан тыс жерде жүрген, оқу-білім, ғылыммен айналысып назарға көп іліне қоймаған М.Әуезов қарауылға алынып, 1930 жылдың 17 қыркүйегінде (33 жаста) Ташкент қаласындағы өз үйінде тұтқындалды.

1930 жылдың 17 қыркүйегінен жоғары білімді педагог, ұстаз-журналист М.О. Әуезовтің айыптау мен қуғындау көре жүріп, рухани-мәдени салада өшпес қолтаңбасын қалдырған күреске толы өмірінің жаңа кезеңі басталды. «Сыбағам қу заман сені берді» деп өз кейіпкерлерінің аузымен айтқызғандай, заңғар жазушымыз Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің өмірі мен қызметі кеңестік қызыл империя қыспағында өтті.

М.Әуезов 1934 жылы жазған «Ашық хатында»: «Менің әдебиет пен саясат жолында бұрын қандай адам болғаным туралы Қазақстанның партиялық – кеңестік жұртшылығы өзінің қоғамдық сынын айтқан болатын. Ол сол ашық, нық айтылған дұрыс сын еді. Ондағы берілген баға бойынша мен, бай мен алашордашыл оқығандардың салт – санасын әдебиет жүзінде іске асырушы кісі болғам. Осы жай бар жұртшылыққа да, менің өзіме де мәлім. Бұл сияқты тарихи дұрыс сана қажет болған, менің өз ісімнен туған әділ сынды жасаушылар кімдер болды? Ол – Қазақстанның партиялық – кеңестік баспасөзі. Соның ішінде жылдар бойына сын ретімен, айттыс ретімен тексеру жүргізген Қаз АПП тобының төңкерісшіл – маркстіл сыншылар, жазушылар, газет қызметкерлерінің сындары болды» [2] – деп жазды. Партиялық сын, мойындау хат, ашық хат, қазақ зиялыларының бір - біріне жазған «ашық хаттары» немесе ұлт зиялыларының партия мен өкімет ұстанып отырған саясатқа иланып бірін-бірі мерзімді басылымдарда айыптау, сынау кеңестік кезеңде кең орын алды. М.Әуезов шығармашылығына қарсы сан мәрте шабуыл жасалып, ұлтшыл деген атау оның көлеңкесіндей өмір бойы еріп жүрді.

М.Әуезов түрмеден 1932 жылғы 10 шілдедегі «Казахстанская правда» және «Социалды Қазақстан» газеттерінде «қателіктерін» мойындап «Ашық хат» жариялағаннан кейін босатылды. Партиялық мерзімді басылым беттерінде «Ашық хат» жариялап, ұлт болашағы үшін күрестің басқа әдісіне көшу себебі ғалым Қайым Мұхамедханов пен Жайық Бектұровтың естеліктерінде баяндалады. Қайым Мұхамедхановтың естелігінде: Ахмет Байтұрсынұлы Әлімхан Ермеков пен Мұхтар Әуезовке: «Сендер жассыңдар. Біз сияқты саясатта аттарың шығып, әйгіленіп қалған жоқсыңдар. Біз жаздық, жаңылдық – деп қанша айғайласақта олар сенбейді және түрмеден шығармайды. Осы тұзақтың түскені – түскен. Сендер қателіктеріңді мойындап ашық хат жазыңдар. Бәріміз бірдей өліп кетсек, арманымызды алдағы күнге кім апарады. Екіншіден: сендер әлі еш нәрсе тындырған жоқсыңдар. Халықтың парызын өтеңдер. Үшіншіден: бұлар сендерге сенеді. Сондай-ақ, олар халыққа бізді жексұрын көрсетуі үшін «қатесін мойындайтын» адамдарды іздеп отыр. Оған сендер лайықсыңдар. Бұл да күрестің бір түрі» [3] – деп ақыл айтқан. Әлімхан Ермеков пен Мұхтар Әуезов өздері рухани ұстаз тұтқан, кемеңгер ғалым Ах-



---

мет Байтұрсынұлының ақылын алып, ел үшін, еркіндік үшін күрестің басқа жолын іздеуге бел бұғаны байқалады.

Жайық Бектұровтың естеліктерінде, Әлімхан Ермековтың бұл жайттың сыры туралы: «Қазақстан басшылары бізге қатемізді мойындап, кеңес құрылысына беріле қызмет етсек, жол ашық, кеңшілік болады. Бізбен бірге тұтқында қалған өзге іні- ағаларымыз да осы жолға түседі – дегендей емеуірін білдіріп, кәдімгідей қолқа салды» – дегенін айтады.

А.Байтұрсынов айтқандай жоғарыда аталған партиялық газеттер «Алаштың екі көсемі өздерінің қателіктерін мойындады!» деген үлкен тақырыппен М.Әуезов пен Ә.Ермековтың қателіктерін мойындаған «Ашық хатын» басып, алаш зиялыларының ұстанған бағыты мен идеясының «халыққа қарсы» екенін дәлелдеуге тырысты. М.Әуезов түрмеден шыққан соң да қуғындау жалғаса берді.

М.Әуезов 1933 жылы баспаға ұсынған Абай шығармаларының жинағына «Абайдың туысы мен өмірі» деген еңбегін қосқан болатын. Жазушы бұл еңбегі үшін де «идеалист», «байшыл» деп айыпталды. 1933 жылы 11 қыркүйекте ОГПУ – дың Қазақстандағы құпия - саяси бөлімінің «Аса құпия» деген белгімен БК(б)П Қазақ Өлкелік комитеті Л.Мирзоянға жолдаған Қазақстандағы әдебиет майданы күресінің қысқаша тарихын «Баяндау хатында»: «ашық түрдегі алашордашы және олармен тығыз қарым-қатынас жасаушы: алдымен Алашорданың көрнекті өкілі Әлімхан Ермеков ... өз идеясынан бас тартпай келе жатқан, Алашорда көсемдерінің бірі Мұхтар Әуезов» - [4] деп қазақтың екі зиялысының есімін ерекше атап, олардың қызметі мен шығармашылығына тоқталды.

1934 жылы республиканың драма театрында қойылған «Хан - Кене» трагедиясы М. Әуезовтың бүкіл өмірі бойындағы айыптауға арқау болды. 1934 жылғы «Социалды Қазақстан» газетінің №133 санында С.Сейфуллиннің « «Хан Кене» туралы», «Социалды Қазақстан» газетінің осы жылғы №135 санында Ілияс Жансүгірұлының «Қата қайда?» мақаласы басылды. 1934 жылы сахнаға шығып зор табыспен қойылып жатқан «Айман - Шолпан» комедиясы да көп ұзамай сынға ұшырады. «Социалистік Қазақстан» газетінің 1939 жылғы № 47 санында С.Мұқанов өзінің «Халық қазынасын дұрыс пайдаланайық» деген мақаласында: «Айман-Шолпан» поэмасының идеялық мазмұны – тап тартысы екендігін М.Әуезов дұрыс ашып көрсетпеді» - деп кінәлді. М.Әуезов оған «Социалистік Қазақстан» газетінің 1939 жылғы № 49 санында «Жақсы сынға жан пида» атты мақаласында жауап берді.

Коммунистік партия әміршіл - әкімшіл жүйені қалыптастыру кезеңінде қазақ зиялыларын бір-біріне қарсы қойып, ұлттық позицияны әлсіретіп, тамырымен жою жолында жан аямай күресті. БК(б)П Орталық Комитетінің «Звезда» және «Ленинград» журналдары туралы 1946 жылғы 14 тамыздағы, «Драма театрларының репертуары және оны жақсарту шаралары туралы» 1946 жылғы 26 тамыздағы қаулылары, 1947 жылғы қаңтар айында Қазақстан К(б)П Орталық Комитетінің «Қазақ ССР Ғылым Академиясының тіл және әдебиет институтының жұмысындағы саяси өрескел қателер туралы» [5] арнаулы қаулысынан кейін М. Әуезов шығармашылығына шабуыл қайта жалғасты. 1947 жылғы «Социалистік Қазақстан» газетінің 14 наурыздағы санында С.Байішевтің «Профессор М.Әуезов өткендегі қателерінің шырмауында» деген көлемді мақала жариялады.

С. Байішевтің аталған мақаласында М.Әуезовке мынадай кінә тағады:

- біріншіден қазақ әдебиетінің тарихын теріс жолмен пішкен, теріс жолмен жазуға жол салған, «Қазақ әдебиеті тарихының» сорақы саяси қателермен жазылған бірінші томын басқарып, редакциялаған,

- екіншіден, ауыз әдебиетіне баға беруде, өткен заманның әдеби мұраларын меңгеруде бұрынғы қазақ буржуазияшыл – ұлтшылдардың контрреволюциялық теорияларын әшке-релеу былай тұрсын, қайта сол теорияның шырмауында қалып қойды, ал әдебиеттің кейбір



мәселелері жөнінде сол буржуазияшыл бұрмалаушылардың салған жолымен, басқан ізімен жүріп отырды,

- үшіншіден, М.Әуезов ескі өмірдің, ескі тақырыптардың әуеніне түсіп кетіп, жаңа өмірден, совет өмірі мен шындығынан қол үзген.

Арада жиырма жылдан аса уақыт өтіп кетсе де С.Байішевтің «М.Әуезов қателіктерінің тамыры оның басында болып өткен бұрынғы кездегі ұлтшылдық ірі қателермен жалғасып жатыр, ол «қазақ буржуазиясының идеологы», «қазақ буржуазияшыл ұлтшылдарының тобында болып, көпке дейін жас қазақ совет әдебиетіне қарсы күрес жүргізді» [6, Б. 138] деді. Өзіне жабылған жаладан арылар жол іздеген М.Әуезов отыз жылдық жазушылық, ғылыми-зерттеу және он бес жылдық Қазақстанның жоғарғы оқу орындарында жасаған еңбегінен тек антисоветтік бағыт іздеп жүйелі түрде ізіне түсіп келе жатқан партиялық мерзімді басылымдар, оның ішінде 1947 жылғы 14 наурыздағы «Социалистік Қазақстан» газетінде жарияланған айыптау мақала туралы И. Сталинге хат жолдады [7] Хатта мақаланың ҚК(б)П Орталық Комитеті үгіт және насихат бөлімінің тапсырысымен жазылып отырғандығы, республиканың рухани- мәдени саласында қалыптасып отырған саяси ауыр ахуал айтылды.

1948 жылы тамыз айында Қазақстан К(б)П Орталық Комитетінде республиканың әдебиет мәселелеріне арналған мәслихат өткізілді. Мәслихатты Қазақстан К(б) П Орталық Комитетінің хатшысы Жұмабай Шаяхметовтың өзі ашты. «Қазақстан әдебиетінің жайы және өсу жолдары туралы» Қазақстан К(б)П Орталық Комитетінің насихат жөніндегі хатшысы Илияс Омаров баяндама жасады. Баяндама бойынша жарыссөз үш күнге созылып, С. Мұқанов, Ш. Айманов, М. Әуезов, Ғ. Мүсірепов, М. Ғабдуллин, Л. Макеев, Д. Снегин және басқа барлығы 27 адам сөз сөйледі. М.Әуезов өз сөзінде бірсыпыра қазақ жазушыларының шығармашылығына тоқталды, үздіксіз сынға алынып келе жатқан, өзінің өткендегі елеулі «қателіктерін» тағы да атап өтті. Шығармашылық жұмысында қазақ халқының соңғы жүз жыл ішіндегі – XIX ғасырдың ортасынан XX ғасырдың ортасына дейінгі тарихын суреттейтін жеті роман жазу жоспарын да айтты.

М.Әуезов шығармашылығына жағымды пікірлер айтыла бастады. Оның «Абай» романын КСРО Кеңес Жазушылары Одағы жоғары бағалады [8]. Қазақстан К(б) П Орталық Комитетінің хатшысы Ж.Шаяхметовтың «Правда» газетіндегі «Қазақ халқының әдебиеті» деген мақаласында: «Мұхтар Әуезовтың «Абай» романы – тек қазақ әдебиетіндегі ғана емес, сонымен қатар бүкіл совет әдебиетіндегі зор оқиға. Бұл роман халқымыздың кемеңгер ұлы – ағартушы ақын Абай Құнанбаевқа арналған. Романда ақынның тек өз басының өмірі ғана айтылмайды, онда жазушы бүкіл халықтың тұрмысын, оның тарихи тағдырын кеңінен баяндайды» [9] - деп жазды.

«Қазақстан» альманағының 1949 жылғы шілдедегі № 15 санында Қазақ КСР Ғылым Академиясының Президенті Қаныш Сәтбаев Мұхтар Әуезовтың «Абай» романына: «Абай» романы көркем шығарма ғана емес, оған филологтар, тарихшылар, құқықтанушылар, экономистер және ғылымның басқа салалары мамандары сан рет оралатын ғылыми-танымдық маңызы өте зор еңбек» деген жоғары баға берді. «Абай романының» алғашқы екі кітабы 1949 жылы бірінші дәрежелі Сталиндік (кейіннен Мемлекеттік деп аталды) сыйлыққа ие болды.

Алайда, бұл қуаныш ұзаққа бармады 1951 жылы М.Әуезовтың ғылыми ізденістеріне, «Абайдың ақындық мектебі» концепциясына қарсы науқан басталды. 1951 жылы 7 сәуірде Қайым Мұхамедханов «Абайдың әдебиет мектебі» деген еңбегін аяқтап, Қазақстан Ғылым Академиясының ғылыми кеңесінде кандидаттық диссертация қорғаған болатын. Кандидаттық диссертацияны қорғау кезінде ғалымдар Х.Жұмалиев, С.Нұрышев зерттеу жұмысына «ғылымға қарсы бағытта жазылған, құнсыз» деген пікір білдіріп, ғылыми жетекші әрі оппонент М.Әуезов шығармашылығындағы «кемшілігін», «кінәларын» тағы да жіпке тізіп шықты [10, Б. 78-82].

«Абайдың ақындық мектебі» төңірегіндегі айтыс 1951 жылдың маусымында үш күнге созылған Қазақ КСР Ғылым Академиясының Тіл және әдебиет институты мен Қазақстан Кеңес

Жазушылар Одағы бірлесіп өткізген «Абайдың әдеби мұрасы мәселесін талқылауға арналған ғылыми айтыс» деген үлкен жиналысқа ұласты.

«Абайдың әдебиет мектебі және оның шәкірттері» деген тақырыпта Сәбит Мұқанов, «Абай мұраларын танудағы кейбір талас мәселелер туралы» Сәбит Нұрышев, «Абай творчествосының идеялық арналары туралы» Митрофан Сильченко, «Абай мұрасын танудағы жетістіктер мен кемшіліктер» деген тақырыпта Мұхтар Әуезов баяндама жасады [9]. Баяндамалар бойынша жарыссөзде 18 адам шығып сөз сөйледі.

Сәбит Мұқанов баяндамасы «Абайдың шәкірттері туралы» деп аталып, «Әдебиет және искусство» журналының 1951 жылғы №7 санында қысқартылып басылды [11]. Сәбит Мұқанов: «Қазақ әдебиеті тарихының» екі томында рушыл-феодалдық ескі өмір дәріптелсе, «Абай шәкірттері» деген мәселенің төңірегінде ескілік дәріптелсе, ескілікті дәріптейтін бірнеше ғылыми диссертациялар мақталса, олардың басында жолдас Әуезов отырса, бұлай дәріптеулер бір емес, бірнеше жылға созылса, - Әуезов жолдас олай деп ойласын, ойламасын, мұның аты ұлтшылдық, бұрмалаушылық, ал мына аталған залалды шығармалар халқымыздың, әсіресе, жастардың сана-сезімін улайды» [11, Б. 69] – деді.

Қазақ ССР Ғылым Академиясы Президиумы мен Қазақстан Совет Жазушылары Одағының Президиумында қабылданған «Қазақ әдебиетінің классигі Абай Құнанбаевтың өмірі мен творчествосын ғылыми жолмен зерттеу жөніндегі айтыстың қорытындысы туралы» қаулысында: «Соңғы уақытқа дейін Қазақстанның жеке әдебиет зерттеушілері «Абайдың ақындық мектебі» дейтін, ғылымға қарсы, буржуазиялық – объективтік концепцияны уағыздап, өрескел саяси қате жіберіп келді.

«Абай мектебінің» концепциясын тұңғыш рет қазақ әдебиетінің тарихына профессор М. Әуезов енгізді.

Тіпті мынаған дейін жетті. 1951 жылы апрельде Қазақ ССР Ғылым Академиясының гуманитарлық институттарының біріккен ғылыми советі Қ.Мұхамедхановтың «Абайдың әдеби мектебі туралы» деген саяси зиянды диссертациясын қабылдап, оны қорғауды жүзеге асырды, бұл диссертацияда совет өкіметі дәуіріне дейін өмір сүріп, оның қас жауларына айналған буржуазияшыл – ұлтшылдар да Абайдың «шәкірттері» деп мадақталады. Сөйтіп, Абай мұрасын зерттеу жөнінде өткізілген айтыста «Абайдың ақындық мектебі» деген концепцияның ғылымға қарсы екендігі және саяси зияндылығы әшкереленді ... ».

Мұхтар Әуезов Қазақ ССР Ғылым Академиясы Президиумының мүшелігінен шығарылды, университеттен қуылды. Қайым Мұхамедханов «халық жауы» ретінде тұтқынға алынып, соңынан 25 жылға сотталды. Әдебиетке Мұхтар Әуезов енгізген Абайдың ақын шәкірттері концепциясын ғылымға енгізу өткен ғасырдың сексенінші жылдарының соңына қарай мүмкін болды. Қ.Мұхамедхановтың «Абайтанудан жарияланбаған материалдар» (Алматы: «Ғылым», 1988), «Абайдың ақын шәкірттері» (Алматы, РГЖИ «Дәуір», 1993, 1994, 1995, 1997) және Алаш қайраткерлерінің жолында болған, Шаһкәрім бастатқан Абай шәкірттері: Кәкітай, Тұрағұл, Көкбай және Абай мұрагерлері ретінде: Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, М.Жұмабаев және Ж.Аймауытовтар кірген «Абай мұрагерлері» (Алматы: «Атамұра», 1995) еңбектері жарияланды.

1953 жылы сәуір айында қазақ эпосын зерттеу мәселелері және оның жағдайы туралы арнайы пікір алысу (дискуссия) өткізілді. «Пікір алысу» деген аты болмаса негізінен қазақтың екі ғалымын: Мұхтар Әуезов пен Әлкей Марғұланды алдымен саяси тұрғыда айыптап, соңынан саяси қуғын-сүгінге салуды жоспарлаған зауалды науқанның бастамасы болды. Қазақ эпосы тарихы марксизм-ленинизм тұрғысынан зерттелінбей келе жатқандығы жөніндегі негізгі баяндаманы Мәлік Ғабдуллин жасады. Баяндамада қазақ эпосы тарихы мәселесін антимарксистік тұрғыда зерттеушілер қатарында Мұхтар Әуезов, Әлкей Марғұлан, Сәбит Мұқанов, Бейсенбай Кенжебаев, Мәлік Ғабдуллин және басқалардың есімдері аталды. Мұхтар Әуезовтің «Қа-

зақ әдебиетінің қазіргі кезеңі», «Қобыланды батыр», «Қазақ әдебиеті тарихының очерктері», «Қазақ халқының эпосы мен фольклоры» деген мерзімді басылымдарда жарияланған мақалалары мен «Қазақ ССР тарихы» I томының (1943 және 1949 жылдары шыққан) қазақ эпосы тарауына жазған «Қазақ әдебиеті тарихының очерктері», «Қазақ әдебиеті тарихы» I томы (1948 ж. редакциясын басқарған - М.Әуезов) «буржуазиялық - ұлтшылдық» бағытта жазылған деп айыпталды. Сөйтіп, 1949 жылы М. Әуезовке Сталиндік сыйлық берілгенде жазушы еңбегіне мүмкіндігінше объективті пікір білдірген М. Ғабдуллин, аталған «пікір алысуда» партия саясаты мен идеологиясын және оның көсемдерін қанағаттандыратын, ғылыми талдаудан алшақ, бір жақты пікір айтуға мәжбүр болды.

Елуінші жылдары үдей түскен саяси науқан салдары Мұхтар Әуезовке Қазақстанда қызмет істеуге мүлде мүмкіндік қалдырмады. Ол жасырын түрде Мәскеуге кетуге мәжбүр болды. Мәскеуден 1953 жылы 18 мамырда «Литературная газета» редакциясына «Ашық хат» жолдады, алайда ол жарияланған жоқ. Мұхтар Әуезовтың аталған «Ашық хаты» Қазақстан өз тәуелсіздігін алып, өткен тарихын түгендей бастаған тоқсаныншы жылдары «Абай» журналында жарық көрді [12].

Жазушы, драматург, қазақ әдебиетінің классигі, әдебиетші – ғалым, абайтанушы Мұхтар Омарханұлы Әуезов 1961 жылы 27 маусымда Мәскеу қаласында қайтыс болды. Академик Қ.И.Сәтбаев ұлы замандасы Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің қабірі басында:

«Талай жылдар өтер, сонда да Мұхтар Әуезовтың жарқын бейнесі келешек ұрпақтар алдында онан сайын зор тұлғамен бұрынғыдан да жарқырап тұратын болады» [13] деп сөз сөйледі. Иә, өмірінің соңына дейін алашордашыл оқығандардың салт-санасын әдебиет жүзінде іске асырған ұлы тұлғаның тұғыры уақыт өткен сайын асқақтай береді!

\*\*\*

Ф.Голощекин Қазақстанға келгенге дейін Қазақ Өлкелік Партия Комитетінде С.Садуақасов, С.Қожанов, Ж.Мыңбаев және басқада ұлт тағдырын ойлаған жауапты қызметкерлер болды. Олар кеңестік билік жағдайында қазақ мемлекеттігін қалыптастыру мәселесіне ерекше назар аударып, оны іске асыру жолдарын іздеді.

Отаршыл пиғылды дөп басып түсінген, жас та болса ел басқару, халық тағдырын жоғары деңгейдегі билік тұтқасын ұстағандармен тайталаса жүріп шешу сияқты саясат ісінде ірілік көрсете білген С.Садуақасовтай асыл азаматты Ф.Голощекин қазақ ұлтшылдығына, оңшыл ағымға, «садуақасовшылдыққа» айыптады. 1920 жылы РК(б) П қатарына өтіп, кеңес жұмыстарына араласа бастаған С.Садуақасов экономикадағы, идеологиялық саладағы және ұлт мәселесіндегі жолсыздықтарды ашық айтты. Жастар арасында тәрбие жұмыстарын жүргізуге ерекше маңыз беріп, оларға арналған оқу курстарын ашты, дәріс оқыды. Ол (1922 жылы) Мәскеуден Әбдірахман Байділдинге жазған хатында: «... меніңше келешекте біздің әдісіміз мынадай болу керек: біз билікті өз қолымызға алу үшін күреспейміз. Бұл мақсатты бірінші орынға қойсақ та билікті біздің қолымызға бермес еді. Сондықтан жастарды тәрбиелеуге, жастарды келешекке дайындап, күш жинауға тырысу керек» [14] деген ойын білдірді.

Кеңестік қызыл саясаттың астарын жақсы ұғынған С.Садуақасов қазақ елінің сауатын ашып, санасын ояту үшін алашорда оқығандарын партияға тартып, олардың мәдени ағарту саласындағы жұмыстарды атқаруын жөн көрді. Жиырмасыншы жылдардың алғашқы жартысындағы қызметі туралы замандастары қаламынан туған кейбір естеліктер былай дейді: «... Алашорда адамдарының тәрбиесі күшті. Түрлі даулы мәселелердің шешілуі жөнінде олар айтқандарын берік ұстанып, дегендерін істете алады.

Орыстар өздерінің үстемдігін күшейту үшін Алашордашылармен біздің арамызды ашуға тырысады. Алашордашыларды біздің республикада зиянды адамдар қылып көрсеткісі келеді. Орыстардың мұндай ұлы ұлтшылдығына біз Кенжеұлы, Бөкейханұлы (Абдулла), Әуезұлы

Мұқтар (Мұқтар ол кезде коммунист) тағы басқалар күшін пайдалануымыз керек. Әсіресе, соңғы кезде көзге түсіп жүрген Мұстамбайұлы Ыдырыс, Кадаленко Нұрғали, Темірбек Жүргенұлы, Әбдірахман Байділдіұлы, Ғаббас Тоғжанұлы тағы басқаларды пайдалануымыз керек. Біз күштердің бәрін бір жерге және иіріп отырмай Қазақстанның түрлі түкпірлеріне таратып, әр қайсыларымыз өзіміздің ниеттес тілектестерімізді көбейтуіміз керек. Осы ретпен ұйымдастыру жұмыстарын күшейте жүргізсек, сонда ғана біз Өлкелік партия комитетін өз қолымызға ала аламыз» - [15] деп айтқанын еске алады.

Ал, коммунист Ғ.Тоғжанов: «1925 жылдың басында білем, Сұлтанбек бір сөзінде «Қазақта коммунист бар ма? Қазақ коммунистерін бір шыбықпен айдау керек» дегендей айтып еді. Смағұл да осы пікірден алыс кетіп отырған жоқ. Смағұлға да партия деген әр нәрсені кітапшалағандық, демагогтық. Смағұлша да коммунист жолы – Ленин жолымен қазақты бастауға болмайды» - [16, 10 б.] деп жазды баспасөзде. Ал, Смағұлдың өзі: « ... солшылсымақ коммунистеріміз оқығандарды шетінен айдап тастау керек дейді. Оқығандарды жамандап олар саяси олжа түсіріп жүр. Олар оқығандарға оқу құралдарын жазғызуға қарсы, оқығандарды мектепке мұғалім қылуға қарсы. Біздің ойымызша оқығандардың білімін пайдалануымыз керек. Олар кітап та жазсын, мұғалім де болсын, бірақ ол кітапты сыннан өткізіп отыратын өзіміз. Айғайды қойып, іске кіріселік, ... жаманын тастап, жақсысын еңбекші елдің керегіне жаратайық» [17, 31 б.] – деп коммунистік партияның ұлт зиялылары туралы ұстанып отырған саясатына қарсы өзінің салмақты пікірін білдірді. Жоғарыда айтқанымыздай С.Садуақасов ұлт, жер, оқу-ағарту мәселесі туралы пікірде Ф.Голощекинмен қарама-қайшылыққа жиі келіп отырды. И.Сталиннің ерекше қолдауына ие болып отырған Голощекинмен бірлесіп жұмыс жасай алмайтынын жақсы түсінген С.Садуақасов бірінші хатшының атына өтініш жазды.

Ұстанған ұлттық бағыты газеттің мақсатына, коммунистік партияның Қазақстанда социалистік қоғам құру идеясына қарама-қайшы келген Смағұл Садуақасов «Еңбекші қазақ» газеті редакторлығынан босатылды. 1926 жылдың ақпан айында Қазақстанға қызметке жіберілген Т. Рысқұлов 10 сәуірінде БК(б)П Қазақ Өлкелік Комитеті Баспасөз бөлімі бастығы, 19 сәуірде «Еңбекші қазақ» газетінің редакторы болып бекітілді [18, 1-5 шп. ]. Т.Рысқұловтың Қазақстанға келуі және идеологиялық мәселелердің діңгегі болып табылатын баспасөз бөлімін, «Еңбекші қазақ» газетінің редакциясын басқаруы Ф.Голощекинді қанағаттандырмады. Ол дереу Т.Рысқұлов пен С.Садуақасовтан және олардың идеясын қолдаушы топтан құтылу жолдарын қарастыра бастады.

Ф.Голощекиннің Қазақстанда жүргізіп отырған саясатына байланысты «Қазақстанның тізгіні тұтасымен Ф.Голощекиннің қолына берілген, ұлт өкілдерін қалай «тәрбиелеуде» білгіңіз келсе стенограммадағы оның сөздерін қараңыз. Оның жүргізіп отырған бағыты лениндік ұлт саясатын келеке етуде» [19] - деп баға бергендер болды. Алайда, мұндай пікірлер назарға алынбай, ұлт зиялыларын қуғындау жалғаса берді. Смағұл Садуақасов, Сұлтанбек Қожанов, Тұрар Рысқұлов, Нығмет Нұрмақов бірінен кейін бірі жауапты партиялық қызметтен алынып, Қазақстанның тізгіні толығымен Ф. Голощекиннің қолына өтті. Оның ұстанған бағытын лениндік партия бағыты деп түсінген қазақ коммунистерінің бір тобы соның соңынан ерді. Ораз Исаұлы «Ұлтшылдықтың аты «Алашорда» [20] деген мақаласында қазақ зиялыларының алдыңғы толқыны саналатын алаш идеясы төңірегіне топтасқандар мен ұлттық идеядан нәр алған С.Садуақасов, С.Қожанов, Ж.Мыңбаев, Ы.Мұстамбаев, Ж.Сұлтанбеков сияқты жас ұлтшылдардың қызметіне тиісті саяси баға берілді. Партия белсендісі Ізмұқан Құрамысов «Ұлттар және байшыл ұлтшылдар туралы» [21] деген ұлт зиялылары арасындағы идеялық күрес тақырыбына арнап жазған мақаласында Смағұл Садуақасұлын «ұлттан шыққан «бақытсыз» демократ атады. Әрине, алаш зиялылары саясат пен рухани-мәдени саладан күшпен аластатылғаннан кейінгі кезеңдерде ұлт жанашыры С.Садуақасовтың ұстанған бағытына теріс саяси баға беріліп, бақытсыз күн кешкені рас болатын.



С.Садуақасов лауазымды қызметтен кеткенімен мемлекеттік саяси бағыттағы жұмыстарын жалғастыра берді. Ол партияның ХУ съезі алдындағы пікір таласқа үн қосу мақсатымен 1927 жылдың 31 қазанында «Правда» газетіне «Ұлттар және ұлт адамдары» деген мақаласын жолдады. Мақалада Орта Азия мен Қазақстанды саяси- экономикалық жағынан дамыту, елде орын алып отырған оқшылықтарды съезд алдында ортаға салу мәселесі көтерілді. С.Садуақасов: «Шындықты тура көзге айту керек. Иә, орталық органдар өз жұмысында ұлт мәселесінің мәніне жеткілікті көңіл бөлмей отыр. Өнеркәсіпті дамытудың болашаққа жасалған бес жылдық жоспарында да шет аймақтардың мұқтажы ескерілмеді» - [22, 162-176 бб. ] деп ашық жазды. С.Садуақасов «жік-жік болуды тастап, алашордамен, Қожановпен қоян қолтық келіп, ұйымдасу керек, отаршылдармен осылайша бірлесіп күресу керек» [23] деген қазақ коммунистерін ұлттық мақсатқа біріктіру идеясынан қайтпады. Ф.Голощекин С.Садуақасұлы «тек садуақасовшылдардың ғана көсемі емес, қожановшылдардың да, рысқұловшылдардың да, қысқасы неше түрлі ұлтшылдардың көсемі болып алған-ды», «Еңбекші қазақ» газеті «... ұлтшылдардың бірсыпырасы сотқа тартылғанда Өлкелік Комитеттің бюро мүшесі болып отырып, Смағұл соларды жақтады. Ішінің ауырғаны сондай сотта отырып, жылап та жіберді» - [24] деп жазғандары осыны аңғартады.

Ал, 1920 жылдардың соңы мен 1930 жылдың басында БК(б)П Орталық комитетінде «оңшыл ағымға» қарсы күрес жүріп жатқанда, Қазақстан жағдайындағы «оңшылдық» - «садуақасовшылдық» деп, соған қарсы саяси күрес өршіді. С. Садуақасовтың пікірлес серіктері Ы.Мұстамбаев, Ж.Мыңбаев, Н.Нұрмақов, Ж.Сұлтанбеков және т.б. азаматтар «оңшыл ағым» өкілдері ретінде жазықсыз айыпталып, қуғын-сүргінге ұшырады.

С. Садуақасовпен қатар С. Қожановтың да басқан ізі үнемі бақылауда болды. О. Исаев 1928 жылы С. Қожановпен кездесіп өткендегі «қателіктерін» мойындап баспасөзде мақала жазуын сұрады. Әрине, мұның бәрі алдын ала ойластырылған сценари бойынша жүргізілді. Ол баспасөзде О. Исаевтың алдын-ала дайындаған сұрақтарына жауап берді. Өз мақсатына жеткеніне қуанған О. Исаев сұрақтарына алған жауабын редакциялап 1928 жылдың 1 қарашасында бірден үш басылымға, «Советская степь», «Еңбекші қазақ», «Правда Востока» газеттері редакциясына [25] жолдады. Қазақстанда жауапты мемлекеттік қызмет атқарған И. Тохтыбаев пен С. Есқараев та 1929 жылдың 13 ақпанында Орынбор қаласынан «Өздерінің өткендегі қателіктерін» мойындап хат [26] жолдады.

Бұрын «садуақасовшылдық», «қожановшылдық», «рысқұловшылдық», «сейфуллиншілдік» жиі айтылып, жиі сынға ұшыраса олардың қатарына «мұстамбаевшылдық» қосылды.

Ыдырыс Мұстамбаев 1920-1930 жылдары орнығып келе жатқан тоталитарлық жүйенің қатал саясатынан қаймықпай ұлттық бағыт ұстанған С. Садуақасовтың идеясын шын мәнінде қолдаушы, өзі де қазақ ұлтының тәуелсіздігі жолында батыл қадамдар жасаған азамат. Алашорда партиясының құрамында болмағанымен аға ұрпақтың ұстанған жолын жалғастырушы. Қазан төңкерісіне дейін Семей округіндегі Алаш қаласында 2 кластық орыс-қазақ училищесінде оқыды. Оны бітірген соң почта-телеграф саласында қызмет істеді. Төңкерістен кейін Семей гимназиясына түскенімен оны тамамдаған жоқ. Өз еркімен оқып білімін көтерді. Алайда, мұрағат қойнауында сақталған Ы. Мұстамбаевтың өз қолымен жазған хаттарындағы жазу ерекшелігі, өз ойын еркін әрі жүйелі жеткізуі оның білімді болғанын байқатады.

Төңкерістен кейін Семей, Орал Губерниялық Атқару Комитеттерінде жауапты қызметтер атқарды, Орал Губерниясында прокурор, Сырдария Губерниялық Атқару Комитеті төрағасы болды. Сырдария Губерниялық Атқару Комитеті төрағасы қызметінде жүргенде мекемелерді қазақтандыруды белсенді жүргізді. 1930 жылдары Өлкелік Союзмяса конторы бастығының орынбасары қызметін атқарды. Жауапты қызмет атқарған жылдары орыс отаршылдығына қарсы белсенді күресті.



1921 жылы Семей Губерниялық Төңкеріс Комитетінің төтенше тапсырмасымен Зайсан уезіне барып европалықтарға қарсы ұйымдастырылған демонстрацияға қатысты, қазақ халқының мүддесін қорғап сөз сөйледі. Зайсандағы кеңес органдары Ы. Мұстамбаев ұлтаралық қатынастың ушығып кетуіне жауапты деген айып тағып, 4 сағат ішінде Зайсан уезінен кетуін бұйырды, алайда ол бұл бұйрықты орындамады. Оны уезден күштеп кетірді.

1921 жылы Орынбор қаласында өткен Өлкелік Кеңестер Съезінде Бөкейханов, Байтұрсынов, Мырзағалиев және басқа алаш зиялыларын қолдады. Сәдуақасовты «оңшыл ағымға» айыптағанда онымен қатар Сұлтанбеков пен Мұстамбаев осы ағымға мүше ретінде қуғындалды. 1930 жылдың 20 сәуірінде Ы. Мұстамбаев «Советская степь» газеті редакциясы мен Ф. Голощекин атына хат жолдап, «Долой антипартийные уклоны, к ленинизму» деген мақаласын және С. Сәдуақасовқа жазған ашық хатын «Советская степь» газеттінің таяудағы сандарының біріне басын өтінді [27, 230 - 234 бб.]. Ы. Мұ- стамбайұлы Ф.Голощекиннің атына жолдаған хатында: «Түрлі жағдайда түрліше қатем болды. Аз қателесетін кісілерде, мүлде қате істемейтін кісілер де бар. Бірақ мен ондай болып туған жоқпын.

Ұлт коммунистерінің өсу дәуірінде жікшілдік болмай, қателеспей мүмкін емес. Партия жолынан таюшылық кішкене қатені мойынға алмаудан, күдіктенуден басталады. Кейбір қазақ коммунистері пәленше жылда, пәлен пленумда, я пәлендей конференцияда қатемді біліп, жікшілдіктен бездім дейді. Мен бұған сенбеймін. Біздің жағдайда белсенді шын коммунистер қателеспей тұра алмайды. Білсе де, білмесе де қойдай шулап дауыс беріп отырған көпті көріп, партия жолы дұрыс, Ленин басшылығы – күшті десек, үлкен адасқандық болар еді» [28] - деп шындықты ашық айтты. Алайда, партия «көсемдеріне» қазақ коммунистерінің ақ- қараны ажырататын ақиқат пікірі емес, ұлтшыл қазақ коммунистерінің коммунистік партия алдында өз «қатесін» мойындап құлдық ұруы қажет болатын. Сондықтан ұлтшыл қазақ коммунистерінің, алашорданың жас буынының, яғни жас алашшылдардың қандай ақиқат пікірі болмасын теріс саяси баға беріліп, қуғындау жалғасты.

#### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Сейфуллаұлы С. Менің қателерім туралы // Еңбекші қазақ. – 1929. –2 сентябрь. - № 176
2. Әуезұлы Мұхтардың хаты // Абай – 1995 - № 1-2 – 183 – 185 б. – Б. 183
3. Жұртбай Т. Өмір үшін өнерінен бас тартқан. // Абай – 1995 - № 1-2. Б. 186-187
4. Полномочное представительство ОГПУ в Казахстане секретно-политический отдел. ДОКЛАДНАЯ ЗАПИСКА. // Абай – 1997- № 2-3 – 131-136 с. – С. 132.
5. О грубых политических ошибках в работе института языка и литературы Академии наук Казахской ССР // Большевик Казахстана – 1947 - № 1 – С. 48 – 52
6. Баишев С. Профессор М.Әуезов өткендегі қателерінің шырмауында // Социалистік Қазақстан 1947 жыл -14 март - № 52; // Абай – 1997- № 2-3. 137-141б
7. В ЦК ВКП(б) товарищу Сталину // Абай – 1997 - № 2-3 – 142 – 144с.
8. Шаяхметов Ж. Қазақ халқының әдебиеті // Социалистік Қазақстан – 1949 – 14 май - № 93; // Правда – 1949 – 12 мая
9. «Отырар» кітапханасындағы Қ.Мұхамедхановтың қолжазбалар қоры
10. Мұхамедханұлы Қ. Мұхтар кешкен қилы заман // Абай – 1992 - №3 – 78- 82б. – Б. 79
11. Мұқанов С. Абайдың шәкірттері туралы // Әдебиет және искусство – 1951 - №7 – 64- 75 б.; // Абай – 1992 - № 4 – 57-70 б.
12. Ауэзов М. Открытое письмо в редакцию «Литературной газеты» // Абай 1996 - № 2 – 25 – 29 с.
13. Қ.И. Сәтбаевтың ұлы замандасы М.О. Әуезовтың қабірі басында сөйлеген қоштасу сөзі // Абай – 1999 - № 2 – Б. 35
14. Курамысов И. Культурное строительство на новом этапе // Советская степь. – 1931. – 3 октября. - № 221.

15. Сырғабекұлы Н. Ұлтшылдық, Сәдуақасовшылдықпен күрес солғындамасын // Еңбекші қазақ. – 1929. – 16 сентябрь. - №186 (1515).
16. Тоғжанов Ф. Қазақ коммунистерінің көпшілігі партия жолында // Қызыл Қазақстан. – 1927. - №2. – 8 – 16 бб.
17. Сәдуақасұлы С. Жала // Қызыл Қазақстан. – 1927. - № 3- 4 – 21 – 31 бб.
18. Протокол № 17 от 10 апреля 1926 года. О Рыскулове. // ҚР ПМ. Қ.141; т.1, іс 487б. - 65 п. ; Протокол № 18 от 19 апреля 1926 года.; Состав редколлегии газеты “Энбекшил казах”.; Протокол № 20 от 28 апреля 1926 года. О комсомольской печати.; Приложение к протоколу заседания бюро № 22, от 5 мая с.г. к п. 7б.О комиссиях по коренизации.; Протокол № 24 от 13 мая 1926 года. Мероприятия по улучшению казахской печати // ҚР ПМ. Қ.141; т.1, іс 487 б.
19. Приложение к протоколу № 84 от 10 сентября с.г. (1927). П. 4 – му. Резолюция Бюро Казахского Краевого Комитета ВКП(б) о выступлении т. Зиновьева на Президиуме ЦКК // ҚР ПМ. Қ.141; т.1, іс 1040г. – 140 п.
20. Исаұлы О. Ұлтшылдықтың аты «Алашорда» // Қызыл Қазақстан. - 1927. - № 10-11. – 21 – 23 бб.
21. Құрамысов І. Ұлттар және байшыла ұлтшылдар туралы // Еңбекші қазақ. – 1928. – 24 февраль. - № 46.
22. Садуақасұлы С. Екі томдық шығармалар жинағы. - Алматы: «Алаш», - 2003. - 2 – том. – 360 б.
23. Қазақстандағы партия құрлысының он жылы // Еңбекші қазақ. - 1930. - 15 октябрь. - № 228.
24. Сәдуақасұлы Смағұл баяғы жолында // Еңбекші қазақ. - 1930. - 27 январь. - № 21.
25. Материалы о контрреволюционной – группировочной борьбы в Казахстане // ҚР ПМ. Қ.141; т.1, іс 2958. - 20-21 пп.
26. Материалы о проведении национальной политики в Казахстане и о группировочной борьбе // ҚР ПМ. Қ.141; т.1, іс 2409. – 3 п.
27. Махат Д. Қазақ зиялыларының қасіреті. – Алматы: «Сөздік - словарь», 2001. – 304 б.
28. Былагин Н. Мұстамбайұлының «солшылдығы», «күдіктері» туралы // Еңбекші қазақ. – 1929. – 30 октябрь. - № 224.

Дүйсен Сейітқали Жахияұлы

Мемлекет тарихы институтының жетекші ғылыми қызметкері,  
педагогика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор

Қалиев Жабай Нұрмақұлы

Мемлекет тарихы институтының жетекші ғылыми қызметкері,  
педагогика ғылымдарының кандидаты

## XX ҒАСЫРДАҒЫ АЛАПАТ АШАРШЫЛЫҚ

**Аңдатпа.** Мақалада Қазақстандағы 1921-1922 және 1932-1933 жылдардағы ашаршылық және осы оқиғалардан кейінгі демографиялық апат, сондай-ақ халық арасында түрлі аурулардың таралуы және қазақтардың КСРО-ның басқа Республикаларына және алыс шетелге мәжбүрлі қоныс аударуы қарастырылады.

**Аннотация.** В статье рассматриваются голод 1921-1922 и 1932-1933 годов в Казахстане, и демографическая катастрофа последовавшая за этими событиями, а также распространение различных болезней среди населения и вынужденное переселение казахов в другие республики СССР и дальше зарубежье.

**Abstract.** The article examines the famine of 1921-1922 and 1932-1933 in Kazakhstan, and the demographic catastrophe that followed these events, as well as the spread of various diseases among the population and the resettlement of Kazakhs to other republics of the USSR and far abroad.

Қазақстан тарихының кеңестік (1917-1990 жж.) кезеңіндегі әлі де жете зерттелетін мәселе-сінің бірі 1921-1922 және 1932-1933 жылдардағы ашаршылық пен содан туындаған демографиялық апат. Әсіресе 1932-1933 жылдардағы ашаршылық негізінде көшпелі және жартылай көшпелі қазақтарды қамтыды, солар қырылды, түрлі ауру-сырқауларға ұрынды және босқыншылыққа ұшырап Кеңес елінің өзге республикаларына және алыс шетелдерге жан сауғалап көшуге мәжбүр болды.

Бұл апат ғалымдар, ақын-жазушылар мен журналистер қауымында, қоғамдық-саяси еңбектерде - «Ұлттық апат», «Қызыл табан шұбырынды», «Ашаршылық», «Нәубет», «30-жылдардағы ұлттық қасірет» ретінде сипатталуда. Мемлекет тарихы институтының ғалымдары 2012 жылы «1932-1933 жылдардағы ашаршылық ақиқаты - Правда о голоде 1932-1933 годов» атты ұжымдық монографияда дайындады [1, 94].

Ашаршылық тақырыбына бірнеше мақала жазған тарихшы ғалым Нәзира Нұртазина аштықты басынан өткерген куәгерлер мен архив деректерін салыстыра отырып көшпелі қазақ халқын саналы түрде аштықпен қыру деп тұжырымдайды [2, 31-35; 25-28].

Тарихи әділдіктен аттауға болмайды. 30-шы жылдардағы ашаршылық тек Қазақстанда ғана емес Кеңес Одағының бірқатар аудандарында жүрді. Әсіресе аштықтан Украина халқы қатты зардап шекті.

Өткен ғасырдың 80-ші жылдарының ортасына дейін кеңестік тарих ғылымында бұл мәселені зерттеуге тыйым салынды және осы оқиғаларға қатысты деректердің ең маңыздылары Кеңес Одағының сол кездегі басшысы И.В. Сталинге қатысты «Особая папка Сталина» аталатын ерекше құпия құжаттар тобында сақталды [3].

Қазақ зиялыларының арасында Қазақстанда болған ашаршылық туралы халықаралық қоғамдастыққа жеткізуге өткен ғасырдың 20-шы жылдары бірінші болып Мұстафа Шоқай белсенді әрекет жасады.

Мұстафа Шоқайдың саяси қызметімен, шығармашылығымен танысуға Кеңес өкіметі кезінде жол берілмеді. Кеңестік биліктің қудалауымен өмірінің соңғы 20 жылын елінен жырақта, Батыс Еуропада эмиграцияда өткізген Мұстафа Шоқай соңғы демі таусылғанша елінің тағдырын ойлаумен, қазақ халқының және жалпы Түркістан халықтарының тәуелсіздігі үшін күресіп өткен тұлға. Кеңестік Түркістанды ол кезде қазақ, қырғыз, өзбек, түрікмен, қарақалпақ, ұйғыр, дүнген т.б. түркі халықтары мекендегені белгілі.

Тарихи әділдік үшін айтқан жөн, Мұстафа Шоқай Қазақстанда Кеңес өкіметінің жүргізген жұмыстарының бәрін қаралап, жоққа шығармаған. Бірақ большевиктердің ол жақсылықты отарлық езгіде болған түркі халықтарын мүсіркегеннен емес, өткен ғасырларда сол аймаққа қоныс аударып келіп, тұрақтап қалған славян ұлты өкілдерінің қамын ойлағандықтан және патшалық Ресей заманынан келе жатқан отарлық саясатты жалғастырудан туындаған әрекет болатын.

«Мұстафа Шоқайдың большевик отаршылдарының болмысын барынша терең танып, отарлаушы мемлекетке тән барлық белгілерді кеңестік Ресейдің бойынан тауып, сонымен қатар, оның басқа отаршылдық саясаттан айырмашылығын да көрді. Ол большевиктер билігінің саяси бет-бейнесін аша білді», - деп көрсетеді шоқайтанушы, саяси ғылымдарының докторы, профессор Әбдіжәлел Бәкір.

Ол Қазақстаннан жырақ, Францияда тұрып жатса да Ресей құрамындағы халқының ашаршылыққа ұшырағанын естіп, оның себептері мен зардаптарын анықтап, Еуропа жұртшылығына жеткізіп, Кеңес өкіметінің зұлымдық саясатын әлем алдында әшкерелеуге ұмтылған.

М.Шоқай 1933 жылдың басында, ашаршылықтың нағыз өршіп тұрған кезінде Түркістан өлкесінде болып қайтқан бір шетелдіктің көзімен көріп, естіп-біліп, куә болған оқиғасын «Бір «интуристің» Түркістан әсері» деген мақаласында келтіреді. Орыс және кейбір түркі тілін білетін шетелдік Кеңес елінің көп жерін аралаған. Сондықтан бұл елге сырттан баратын былайғы жұрт аңғармайтын көптеген мәселелерді дәл аңғарып, дұрыс түсінген. М.Шоқай оның қолжазбасын «Жас Түркістан» журналының 44-санында жариялай отырып, «түсінікті себептерге байланысты бұл «интуристің» атын атай алмаймыз. Сондай-ақ, оның Түркістан әсері хақында бізге әңгімелеп бергендерінің бәрін жариялауға шарасызбыз», - деп ескертеді.

граждан. «Л. Синицын, В. Вакуров и И. Вершинин совершили в Сызрани девять ограблений квартир, кроме того, обокрали мастерскую военторга. Награбленные вещи они сбывали через Вакурову и Баннову. Выездная сессия облсуда приговорила Синицына к расстрелу, Вакурова и Вершинина – к 10 годам лишения свободы с поражением в правах на пять лет, Баннову – к пяти, а Вакурову к двум годам лишения свободы» [6, с. 4]. Со страниц газет читатели узнавали о распространении случаев вооруженного нападения банд на детей, у которых преступники отбирали учебники, одежду, а затем продавали награбленное на рынках области. Участниками этих банд были женщины среднего возраста [18, с. 4] [30, с. 4].

В газетах также неоднократно фигурировали случаи гибели сторожей складов и магазинов, пытавшихся оказать вооруженным бандитам сопротивление. «Судебная коллегия по уголовным делам Куйбышевского областного суда рассмотрела дело бандитской шайки, в которую входили П. Барышников, А. Кашичкин, Ф. Аниткин, Е. Тахтов, В. Козлов-Фадеев. Шайка ограбила несколько магазинов, киосков и складов государственных учреждений. Всего преступниками похищено различных товаров почти на полмиллиона рублей. Во время одного ограбления ими убит ночной сторож. Барышников, при его задержании оказал вооруженное сопротивление. Суд приговорил Барышникова к расстрелу, Кашичкина, Тахтова и Аникина – к лишению свободы на 10 лет с последующим поражением в правах на пять лет, Козлова-Фадеева – к лишению свободы на пять лет, с поражением в правах на пять лет» [32, с. 4].

Газета упоминала и о дестабилизирующем влиянии бандитизма на моральное состояние местных жителей, а также о том, что банды было достаточно трудно выявить.

«В Красноярском и прилегающих к нему районах области длительное время орудовала вооруженная группа преступников, совершившая несколько убийств колхозников. Дело по обвинению бандитской группы было рассмотрено облсудом. За совершенные преступления Заборовский, Суходеев и Малехов осуждены на 25 лет заключения в ИТЛ. Фальковский, Мудряков, Чернышев и Забровская – на 10 лет каждый. Остальные грабители осуждены на разные сроки лишения свободы» [2, с. 4].

«Образ преступника», упомянутого в «Волжской коммуне», был весьма разнообразным. Среди участников банд упоминались рабочие, колхозники, служащие. Однако, в 29 публикациях бандиты в прошлом уже имели осуждение за совершение уголовных преступлений, а к противоправной деятельности возвратились сразу после освобождения. «Выездная сессия облсуда рассмотрела уголовное дело по обвинению Б. Сысоева, В. Никитина и Я. Аминова – лиц без определенных занятий, ранее уже судившихся за уголовные преступления – в ряде вооруженных ограблений квартир в Чапаевске и его окрестностях. Банда орудовала безнаказанно на протяжении двух месяцев. Уголовный розыск сначала арестовал её организатора – Сысоева, а вскоре были задержаны и оба его соучастника. На квартире Аминова обнаружен склад награбленных вещей и два револьвера. Суд приговорил Сысоева к 10 годам, Аминова – к 8 и Никитина – к 6 годам тюремного заключения с поражением в правах каждого на 3 года». [5, с. 4] Последствия мартовской амнистии 1953 г. также нашли свое упоминание в публикациях об осуждении бандитов. «Перед судом предстали шесть подсудимых: М.Л. Фельман, он же Майоров, А.И. Руденко, Б.А. Узбеков, Б.И. Бунин, М.И. Пулихин и И.С. Кондратьев, которые ранее уже неоднократно судились. Поздно вечером в июне эта шайка совершила нападение на одну из квартир в г. Куйбышеве с целью ограбления. Пулихин совместно с Узбековым и Бунины совершили, кроме того, три квартирных кражи со взломом в Кировском районе. Облсуд приговорил организаторов и участников шайки Фельмана и Кондратьева к 25 годам, Руденко и Пулихина к 20 годам, Узбекова и Бунина к 10 годам заключения в исправительно-трудовых лагерях каждого» [35, с. 4].

#### 4. Заключение

В результате изучения статистических данных и отчетов правоохранительных и судеб-

но-следственных органов удалось установить, что в послевоенные годы применительно к территории Среднего Поволжья бандитизм нельзя считать распространенным преступлением. В двух регионах, имевших различный уровень урбанизации, применялись разные методы противодействия уголовной преступности. На территории Куйбышевской области применялись методы широкого освещения приговоров в периодической печати. В целом, для территории с наличием крупных городов и высоким уровнем внутренней миграции населения применение активных профилактических мер было весьма затруднительным и требовало больших человеческих ресурсов. В Ульяновской области, как в менее урбанизированном регионе, основной упор в борьбе с бандитизмом был сделан на вовлечение населения в активное пресечение преступлений, как путем возложения на них обязанностей наружной службы милиции, так и путем расширения агентурной базы органов охраны правопорядка. Косвенно это подтверждает более высокая доля осужденных по ст. 59.3 УК. Тем не менее, факт использования различных методов профилактики позволяет говорить о том, что с позиции партийно-государственной политики бандитизм хоть и рассматривался единичным преступным деянием, но воспринимался как тяжкое уголовное преступление, дестабилизирующее моральное состояние населения и наносящее вред репутации государства.

#### СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННЫХ ИСТОЧНИКОВ И ЛИТЕРАТУРЫ

1. Акты проверок политчасти Управления милиции по Ульяновской области за 1945 – 1950 гг. // Государственный архив новейшей истории Ульяновской области (ГАНИ УО). Ф. 4392. Оп. 1. Д. 9 л. 2-5
2. В областной прокуратуре // Волжская коммуна. 1947. 9 сентября. №178 (8388). С. 4
3. Годовой отчет о работе Управления МВД по Ульяновской области за 1953 г. // ГАНИ УО. Ф. 8. Оп. 11. Д. 200. Л. 1-116
4. Годовые отчеты работе МВД Ульяновской области за 1950-1952 гг. // ГАНИ УО. Ф. 8. Оп. 8. Д. 472. Л. 60
5. Грабители наказаны // Волжская коммуна 1947. 1 июня. №107 (8317). С. 4
6. Грабители понесли суровое наказание // Волжская коммуна. 1946. 21 июня. №122 (8074). С. 4
7. Доклад заместителя начальника Ульяновского областного Управления НКВД в Ульяновский обком ВКП(б) о состоянии преступности и правонарушений в Ульяновской области по состоянию на 14 ноября 1945 г. // ГАНИ УО. Ф. 8. Оп. 3. Д. 279. Л. 1 – 19
8. Докладная записка Управления милиции по Куйбышевской области о борьбе с преступностью за 1953 г. // Самарский областной государственный архив социально-политической истории (СОГАСПИ). Ф. 656. Оп. 108. Д. 26. Л. 80-82
9. Докладная записка Управления милиции по Куйбышевской области о состоянии преступности за 1950 г. // СОГАСПИ. Ф. 656. Оп. 94. Д. 35. Л. 200
10. Ежеквартальные отчеты формы №10 Министерства юстиции по Ульяновской области за 1945 – 1948 гг. // Государственный архив Ульяновской области (ГАУО). Ф. Р-3027. Оп. 1. Д. 1. Л. 12 – 24 об.
11. Ежеквартальные отчеты формы №10 Министерства юстиции по Ульяновской области за 1949 г. // ГАУО. Ф. Р-3027. Оп. 1. Д. 5. Л. 67 – 70 об., 155 – 161 об.
12. Ежеквартальные отчеты формы №10 Министерства юстиции по Ульяновской области за 1950 г. // ГАУО. Ф. Р-3027. Оп. 1. Д. 12. Л. 1., 1 об., 6, 6 об., 8, 8 об., 10, 10 об.
13. Ежеквартальные отчеты формы №10 Министерства юстиции по Ульяновской области за 1951 г. // ГАУО. Ф. Р-3027. Оп. 1. Д. 17. Л. 2, 2 об., 6, 6 об., 8., 8 об., 12, 12 об.
14. Ежеквартальные отчеты формы №10 Министерства юстиции по Ульяновской области за 1952 г. // ГАУО. Ф. Р-3027. Оп. 1. Д. 22. Л. 2, 2 об., 11., 11 об., 13, 13 об., 15, 15 об., 17, 17 об.
15. Ежеквартальные отчеты формы №10 Министерства юстиции по Ульяновской области за 1953 г. // ГАУО. Ф. Р-3027. Оп. 1. Д. 27. Л. 2, 2 об., 4., 4 об., 6, 6 об., 8, 8 об.

16. За бандитизм – к расстрелу // Волжская коммуна. 1946. 2 марта. №45 (7997). С. 4
17. За грабеж – к расстрелу // Волжская коммуна. 1946. 10 марта. №51 (8003). С. 4
18. За ограбление детей – в тюрьму // Волжская коммуна. 1947. 4 февраля. №25 (8235). С. 4
19. Отчет о работе Милиции Ульяновской области по предупреждению преступлений за 1947 г. // ГАНИ УО. Ф. 8. Оп. 5. Д. 344. Л. 19
20. Отчет Прокурора Куйбышевской области за 1945 г. // Центральный государственный архив Самарской области (ЦГАСО). Ф. Р-2972. Оп. 5. Д. 3. Л. 1
21. Отчет прокурора Куйбышевской области за 1946 г. // ЦГАСО. Ф. Р-2972. Оп. 5. Д. 7. Л. 1
22. Отчет прокурора Куйбышевской области за 1947 г. // ЦГАСО. Ф. Р-2972. Оп. 5. Д. 12. Л. 1
23. Отчет прокурора Куйбышевской области за 1948 г. // ЦГАСО. Ф. Р-2972. Оп. 5. Д. 18. Л. 1
24. Отчет прокурора Куйбышевской области за 1949 г. // ЦГАСО. Ф. Р-2972. Оп. 5. Д. 27. Л. 1
25. Отчет прокурора Куйбышевской области за 1950 г. // ЦГАСО. Ф. Р-2972. Оп. 5. Д. 41. Л. 1
26. Отчет прокурора Куйбышевской области за 1951 г. // ЦГАСО. Ф. Р-2972. Оп. 5. Д. 57. Л. 1
27. Отчет прокурора Куйбышевской области за 1952 г. // ЦГАСО. Ф. Р-2972. Оп. 5. Д. 74. Л. 1
28. Отчет прокурора Куйбышевской области за 1953 г. // ЦГАСО. Ф. Р-2972. Оп. 5. Д. 94. Л. 1
29. Отчет Управления милиции по Куйбышевской области за период с 1 июля 1953 г. по 15 января 1954 г. // СОГАСПИ. Ф. 656. Оп. 109. Д. 116. Л. 4-5
30. Преступницы наказаны // Волжская коммуна. 1948. 3 марта. №45 (8513). С. 4
31. Протоколы партийных активов и совещаний политчасти Управления милиции по Ульяновской области за 1950 – 1953 гг. // ГАНИ УО. Ф. 4392. Оп. 1. Д. 37 л. 88
32. Расстрел за грабеж и убийство // Волжская коммуна. 1946. 19 июня. №121 (8073). С. 4
33. Справка прокурора Куйбышевской о борьбе с уголовной преступностью в области за 1946 г. // СОГАСПИ. Ф. 656. Оп. 25. Д. 30. Л. 174-176
34. Хасянов, О.Р. Повседневная жизнь советского крестьянства периода позднего сталинизма. 1945 – 1953 гг.: на материалах Куйбышевской и Ульяновской областей. М.: Политическая энциклопедия, 2018. 359 с.
35. Шайка воров // Волжская коммуна. 1953. 8 сентября. №212 (10163). С. 4



Абсаликов Алмат Амантаевич

центр рукописей и редких книг  
главный эксперт aalmat@mail.ru

Ельжанова Ермек Темирхановна

Кокшетауский университет им.А.Мырзахметова  
Ст. преподаватель кафедры МО,  
истории и социальной работы  
elzhanovae@mail.ru

---

РУКОПИСЬ ЖЕНЫ КАСЫМ ХАНА  
(начало XVI в.) (парижский список)

---

**Аңдатпа.** Бұл мақалада «Қасым ханның әйелінің қолжазбасы» деген атпен XVI ғасырдың бірінші жартысындағы сипаттама берілген, бұл қолжазбаның қазақ ханының әйелінің жеке кітапханасына тиесілі екендігін көрсететін тарихи деректерден алынған мәліметтер келтірілген.

**Кілт сөздер:** Қолжазба, Қасым хан, Айша Сұлтан бегім, «Хабибу Сияр», Хондемир, Хасанбек Румлу «Ахсан ат-Тауарих».

**Аннотация.** В данной статье дается общее описание рукописи первой половины XVI века, под названием «рукопись жены Касым хана», приводятся данные из исторических источников, указывающие на то, что данная рукопись действительно относится к личной библиотеки супруги казахского хана.

**Ключевые слова:** Рукопись, Касым хан, Айша Султан бегим, «Хабибу Сияр» Хондемир, Хасанбек Румлу «Ахсанат-Таварих».

**Abstract.** This article provides a general description of the manuscript of the first half of the 16th century, under the title «Manuscript of Kasym Khan's wife», data from historical sources are given, indicating that this manuscript really belongs to the personal private library of the Kazakh Khan's wife.

**Keywords:** Manuscript, Kasym Khan, Aisha Sultan, «Habibu Siyar» Khondemir, Hasanbek Rumlu «Ahsan at-Tavarikh».

---

Национальный центр рукописей и редких книг в столице Казахстана имеет ценную коллекцию средневековых и современных рукописей, которая включает в себя множество старых копий, уникальные материалы, научные и исторические тексты украшенные орнаментами и средневековыми миниатюрами. Ценными являются также литографические и печатные издания редких книг, представленные на разных носителях. Также в центре есть исторические хроники, карты, генеалогические рукописи (шежере), а также государственные бумаги (дипломатическая переписка).

Эти материалы охватывают различные дисциплины гуманитарных, социальных и естественных наук, особенно в области истории, языка и литературы. Более половина этих материалов на тюркском языке.

Коллекция центра, имеет собрания редких и ценных рукописей караханидского периода (XI первая половина XIII веков), уникальные и редкие коллекции золотоордынского периода (XIII первая половина XV веков) и периода казахского ханства (XV – XIX века).

Коллекции оригинальных рукописей и литографических изданий сохраняются на электронных носителях и в будущем планируется микрофильмирование и факсимилирование рукописей для активного оперативного доступа и исследований.

Среди рукописей представляющие большую ценность, можно назвать рукопись жены Касым хана начала XVI века.

Копия факсимиле данного списка была приобретена Национальным Центром рукописей и редких книг Республики Казахстан в ноябре 2021 года.

Рукопись не имеет названия. Мы дали рукописи условное название как «Рукопись жены Касым хана».

**Описание:**

Данная рукопись, под номером ark:/12148/btv1b52513590, хранится в парижской национальной библиотеке. Рукопись представляет собой трактат по мусульманскому богословию на тюркском языке (кыпчакском диалекте), начало текста и конец отсутствуют.

Даная рукопись была написана в 1501-1515 годах, арабской графикой (каллиграфия наста'лик), язык написания можно охарактеризовать как староказахский, или чагатайский тюрки с кыпчакскими т.е. староказахскими выражениями и оборотами. На том основании, что известный советский востоковед В.П. Юдин, охарактеризовал рукопись «Таварих Гузида Нусрат Нама», (того же периода времени написания), как написанную на староказахском языке, мы в полном праве можем назвать рукопись жены Касым хана, которая близка по стилистике к «Таварих Гузида», как написанную на староказахском языке.

Общие палеографические данные рукописи:

Каллиграфия наста'лик, 193 листа, формат 21 × 14 сантиметров. – «Бухарский переплет», 13 строк на странице.

Это дефектный список разделен на семьдесят одну главу, и заключение, каждый из них посвящен объяснению отрывков из священного Корана и одним или несколькими рассказами, относящиеся к известным персонажам Ислама.

Это произведение посвящено (лицевая сторона 2-го листа) Айше Султан Ханым (Бегим-Бегум), дочери султана Хусейна Мирзы, (Хусейна Байкары) тимуридского правителя, которая вышла замуж за узбек-казахского султана Касыма Джахангира (Касым хана) в конце XV века. Последние дни ее жизни прошли в Индии, в империи Великих Моголов. Эта рукопись из частной личной ее библиотеки. Книга после прихода династии шибанидов в Мавераннахре, через покинувших Среднюю Азию тимуридской знати, попала в Индию, затем в XIX веке рукопись была приобретена национальной библиотекой Франции.

Указание на дипломатические связи казахского султана Касыма и тимуридского правителя Хусейна Байкары также вероятную дату брака султана Касыма и Айшы Бегим (дочери Хусейна Байкары) мы можем увидеть в книге Хондемира «Хабибу Сияр».

Хаджи Гиясуддин ибн хаджи Хамамуддин Мухаммад ибн хаджи Джалалуддин ибн Бурхануддин Мухаммад Ширази, известный как Хондемир, литературовед и историк десятого века по лунной хиджре. Автор книги «Хабибу сийяр» также «Дастуру Вузара» и других книг. Его отец Хамамуддин имел высокий пост при Абу Саиде Гуракане правителе Мавераннахра. Его мать была дочерью Мирхонда автора книги «Раузату Сафа». Хондемир по причине родства и любви к Мирхонду (Хондемир воспитывался у своего деда по материнской линии), называл

иногда себя сыном Мирхонда, и по этой причине некоторые ошибочно считали Мирхонда отцом Хондемира. Из-за войны за город Герат, между сефевидами и шибанидами, в котором жил Хондемир, последний вынужден был покинуть город и направиться в Индию к Бабуру, где служил некоторое время при дворе Бабура. После смерти Бабура был при дворе Хумаюна, где написал «Хумаюн Нама». Хондемир умер примерно в 942 году лунной хиджры в Индии, похоронен на кладбище хаджи Низамуддина Аулийя возле Амир Хасрова Дехлеви.

Наиболее важной и значимой работой Хондемира можно без преувеличения назвать книгу «Хабибу Сийяр». Свою работу он начал писать 927 году лунной хиджры (1521 г) и закончил 930 году (1524 г) в период правления в Герате династии сефевидов. В предисловии к книге «Хабибу Сийяр» Хондемир приводит названия книг написанные им, среди них: «Халасатул Ахбар», «Мунтахабу Тарих Вассаф», «Макаремул ахлак», «Масирул Мулук», «Дастурул Вузара» и другие.

Книга «Хамаюн нама» Хондемиром была написана в Индии уже после книги «Хабибу Сийяр».

Наиболее ценной и значимой книгой по истории, написанная со времен монголов, (книга Рашид ад Дина «Джамиуат Таварих»), и после «Раузату Сафа», по своей ценности и значимости, является «Хабибу Сийяр» Хондемира. Это наиболее полная и подробная история, и к счастью сохранились полные списки данной книги. Как считают некоторые исследователи «Хабибу Сийяр», она отличается от «Раузату Сафа» и других книг по истории тем, что в конце каждого периода приводятся биографии известных сановников, поэтов, влиятельных людей, ученых и общественных деятелей, что представляет большую ценность для историков и исследователей.

Данное произведение было издано литографическим способом дважды, первый раз в Бомбее Индия в 1263 году лунной хиджры, т.е. 1847 г, и тегеранское издание 1855 года. Данное печатное издание, использованное нами первое издание после 1855 года. К сожалению критического анализа текстов рукописных списков, не проводилось. Иранский ученый Джамшид Киёнфар недавно начал работу над сопоставлением рукописных списков «Хабибу сияр». Несколько рукописных списков хранятся в библиотеках Ирана, в частности в библиотеке иранского маджлиса, в «Устан Кудс Разави» (библиотека при усыпальнице имама Риза (а) в Мешхеде), в дворцовой библиотеке «Гулистан», и в Национальной библиотеки Ирана. Ценный рукописный сборник хранится в Уппсальской университетской библиотеке (Швеция). Также один список рукописи хранится в библиотеке «Дамада Ибрахима Пашы» в Турции.

Для казахстанских исследователей будет интересен особенно 3 том данного издания, в котором подробно описываются ханы Туркестана, Ирана и Турана из рода Чингиз хана.

Дипломатический визит казахского хана Касыма сына Сайдака правителя Дашта Кыпчака к тимуридскому правителю Байкаре описывается в 4 томе «Хабибу Сийяр» где мы читаем:

قاچېق تشد نيقاوخ مظاعا زا هک ناخ کديس دلو ناطلس مساق منغه تسيب هبنشکی زور رد و لمانا لبيقت هب و ديسر  
رادتقا مج ناقاخ هاگردب راو لابقا دوب قافا هضرع نيطلالس رباکا و ديدرگ مظتم ناکدز هاش رياس و کلس رد هتخارفا  
رخافم رس ضايف

«Воскресенья двадцать седьмого числа Касим Султан, сын Сайдак-хана, будучи одним из великих ханов Дешты Кыпчака (а'азам хавакин) и один из великих султанов (акабир салатин), прибыл к дверям правителя (хакана), и был встречен с большим почетом и уважением в присутствии знати из наследников (шах-заде) престола» [2, том 4 с. 165]

Этот дипломатический визит казахского султана Касыма произошел в воскресенье 27 Джумади ахар т.е. 21 или 22 марта 1496 году. Результатом этого визита стало установления дружеских отношений между казахским ханством и тимуридами, скрепленный браком т.е. женитьбой султана Касыма на дочери Хусейна Байкары т.е. Айшы Бегим.

О данном историческом факте, мы можем прочесть в «Хабибу Сияр» Хондемира, который описывая детей султана Хусейна Байкары, приводит имена одиннадцати его дочерей:

- 1 Султаным Бигим (Бигум)
- 2 Ак Бигим
- 3 Кучик Бигим (жена Мирзы Бабура)
- 4 Бига Бигим
- 5 Ага Бигим
- 6 Зубейда Бигим
- 7 Фатима Султан Бигим
- 8 Саадат Бахт Бигим
- 9 Айша Султан Бигим
- 10 Мариям Султан Бигим
- 11 Мунавар Султан Бигим

Далее Хондемиру указывает, что девятая дочь Айша Бигим (Бигум) была замужем за султаном Касымом.

Хондемир пишет:

ناطلس مساق یارس مرحد هک مگیب ناطلس هشیاع... دینارنگ  
یمرگزور

«Айша Султан Бегим (Бигум) проводила свои дни в хараме (гареме) дворца султана Касыма» [2, том 4 стр. 252].

Далее он пишет, что:

کی ره ینامز کدنا اب ترضح نا هعقاو زا دعب نارگید و... دندروا ترخا  
کلمب تبرغ رد رثکا دنداقتا روشکب

«...И остальные (из его дочерей), после данного события (т.е. смерти султана Байкары и распада государства тимуридов), через некоторое время попали в разные страны, большинство из них покинули этот мир, находясь в изгнании» [2, том 4 стр. 252].



Данная участь, коснулась по всей видимости, и жены Касым хана - Айшы, которая после смерти Касым хана, отправилась в Индию к своей сестре Кучик Бегим.

В книге «Ахсанат-Таварих» Хасанбека Румлу (XVI в) известного сефевидского историка, мы читаем интересные и ценные данные о генеалогии казахского хана Касыма: «Касым хан сын Сейдак хана сын Жанибек хана сын Барака сын Караджа (Койричак хан) сын Кузи хана сын Урус хана сын Чатмай хана (Чимбай -Чимтай), сына Аирзана (Эрзена), сын Сасы Буки сын Куи (Кули) сына Орда сына Джучи сын Чингиз хана, покинул этот мир в этом году (т.е. 930 год лунной хиджры т.е. 1524 год). Это был смелый правитель (падшах), его владения это Дашти Кыпчак и казахские (казахские) племена. После него ханом стал его сын Хакназар, и сейчас управление Даштом (т.е. Дешти Кыпчаком) принадлежит ему» [3, том 12, стр. 240].

Автор «Ахсанат-Таварих» приводит генеалогию Касым хана, указывает на то, что Касым хан правитель Дешти Кыпчака и казахских племен.

Таким образом, версия, что под Касым ханом в книге «Хабибу сияр» Хондемира может упоминаться не казахский хан, а астраханский, тимуридский или один из шибанидских султанов, является не состоятельной.

«Рукопись жены Касым хана», представляет большую историческую и культурную ценность для Казахстана. Как известно в советской историографии, письменная традиция казахского народа не принималась в серьез, соответственно Западная историческая наука, также скептически относилась к исследованию в данной области. Находка данной рукописи, поможет в исследовании как религиозных так и социально-политических особенностей казахского ханства конца XV-начале XVI веков.

#### СПИСОК ИСПОЛЬЗОВАННЫХ ИСТОЧНИКОВ И ЛИТЕРАТУРЫ

1. Копия «Рукопись жены Касым хана» (парижская национальная библиотека).
2. Гиясуддин Хондемир «Хабибу сияр» том 4, стр. 165-252; издат. «Хайям» (центр исследований «Каимийя» Исфахан).
3. Хасанбек Румлу «Ахсанат-Таварих» издат. «Бобак» 1979 г., Тегеран.



Даут Кулай

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің  
Архив істері және құжаттаманы басқару комитетінің  
«Орталық мемлекеттік архив» РММ Жеке тектік архивтермен  
және тарихи-құжаттық топтамалармен  
жұмыс жасау бөлімінің жоғары деңгейдегі архивісі

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ОРТАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК АРХИВ  
ҚОРЫНДАҒЫ «АЙҚАП» ЖУРНАЛЫ

**Аңдатпа.** Айқап журналының 110 жыл және Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архивінің 100 жылдығына арналады.

*Кілт сөздер:* Айқап журналы, қазақ баспасөзі, алаш қайраткерлері.

**Аннотация.** Эта статья написана с целью широкого продвижения уникальных материалов в журнале «Айқап», которые предоставляют информацию о литературе, культуре, истории, экономической и политической жизни, обычаях и традициях нашего народа.

**Ключевые слова:** журнал «Айқап», казахская пресса, активисты «Алаш».

**Abstract.** This article was written with the aim of widely promoting unique materials in the «Наукар» magazine, which provide information about literature, culture, history, economic and political life, customs and traditions of our people.

Осыдан бір ғасыр бұрын қазақ баспасөзінің қарлығашы болып қанат қаққан «Айқап» журналы өз дәуірінің шамшырағы болып, білім іздеген азаматқа жол бағдар көрсетті. Журналдың өмірге келуі кездейсоқ құбылыс болмаса керек. Тарихқа сәл шегініс жасасак, Патшалы Ресей қазақ жерін ең әуелі түрлі экспедициялар жіберу арқылы зерттеп, қазақтың мінезі мен салтын, психологиясын айқындап алды. Сол кезеңде қазақ жерін жаулаушы бір генерал патшаға: «Қазақ даласында сексеуіл дейтін ағаш өседі. Оны балтамен ұрсаң сынбайды, ал бір-біріне соқсаң быт- шыты шығады», -деп айтқан екен. Бұл тура мағынасында болсын яки астарлы ұғым берсе де отарлаушы елдің арғы пиғылын айқындаған еді. Дәл осы «Сексеуіл» тәсілін пайдаланған патша өкіметі қазақтың хандық билігін түбегейлі жойып, аға сұлтан сайлап, болыстық жүйені енгізді. Міне, қазақтың берекесі қашып, бірлігі тайған шақ осыдан басталады. Болыстық жүйе қазақты ірітіп, тоз-тозын шығарды десек қателеспеген болар едік. Абайдың да зар қағып, түңілуі осы жүйеге деген қарсылығы еді. Бұл жүйеден құтылу үшін қазақ баласы оқып, дүниені танып, көзін ашып, өзге жұртпен иық тірестірмесе ұлттың ұлт болып қалуы екіталай болды. Одан да қауіптісі қазақты шоқындыру саясатымен түбегейлі жаулап алу ниеті



жылдан жылға күшейіп, соңында Абайдай ғұламаның құсадан өліп кетуіне әкеліп соқты.

Қапияда қараңғы күн кешіп, надандық пен тоғышарлықтың қамытында өзге жұрттан кенже қалып, «Өлетұғын тай үшін, көшетұғын сай үшін» бір-бірін талап жеп, болмаса атақ пен байлыққа, болыстық пен старшындыққа бола қызылкенірдек болып өткен жұртымызды ояту мақсатында, шиленіске толы жағдаятты толыққанды білетін Алаш азаматтары көз майын тауысып, күнін түнге, түнін таңға жалғап жүріп журналды жарық дүниеге әкелді. Журналдың тасқа басылған әр бетінде қазақтың тұншығып жатқан өр рухы бар еді...

«Айқап» журналы - 1911 жылы Троицк қаласында алғаш жарық көрді, басында айына бір рет, кейіннен екі рет шығып тұрған. Журналды шығаруға белгілі қоғам қайраткері, ақын, әрі жазушы Мұхаметжан Сералин мұрындық болып әрі өзі редакторлық етті. Барлығы 88 нөмір қазақ тілінде

араб әрпімен басылып тұрған. Қазақ даласында патша өкіметінің отаршылдық саясаты күшейіп, тізесін қатты батырып тұрған шағында ұлы тұлғалардың азаттыққа деген ынтасы мен арман тілегіне толы үні жария етілді. Ә. Бөкейхан, А. Байтұрсынұлы, М. Дулатов, Х. Лекеров, М. Сералин, Ж. Тілеулин, Р. Мәрсекөв, Ж. Сейдалин, Ш. Құдайбердіұлы, А. Жанталип, М. Жұмабаев, Ғ. Қарашұлы, С. Торайғыров, З. Ғайси, К. Тоғысов т.б. көптеген көзі ашық, көкірегі ояу ұлт жанашырларының революцияға дейінгі қазақ елінің тарихынан, шаруашылық жайларынан, саяси-мәдени өмірінен, сондай-ақ, ұлтты сақтап қалу үшін өнер-білім игеріп, өзге жұртқа құл болып, қапы қалмаудың жолдарын нұсқаған түрлі мақалалары, шығармалары мен өлең-жырлары жарық көріп отырды.



Айқап журналы. 1911, 1913 жж. ҚР ОМА. 2454 қор. 1 тіз., 1, 3 істер.



Ә. Бөкейхан. «Ашық хат». 1913 жыл. ҚР ОМА. 2454 қор. 1 тіз., 4 іс.

1915 жылы журнал бетінде бірінші дүниежүзілік соғысты айыптап жазған мақала жарық көріп, патша өкіметін сынға алды деген айыппен журнал жабылып, редакторы Мұхамеджан Сералин Сібірге айдалып кете жаздайды. Аз уақыт ішінде қазақтың мұңы мен арманын, биік болмысы мен асқақ рухын айдай әлемге паш еткен «Айқап» отаршылдық жүйенің жүйкесіне тигені анық. Үнемі бақылауда болған басылым осылайша тұншықтырылды.




С. Торайғыров. «Кеше түндегі түс, бүгінгі іс». 1913 жыл. ҚР ОМА. 2454 қор. 1 тіз., 4 іс.

Қазақ елінің отырықшылыққа көшіп, мал, егін шаруашылығымен шұғылдануға, өнер-білімге жетуіне, мектеп, емхана ашуға мүмкіндік туғызып, мәдениеті дамыған ұлт ретінде




қалыптастыруды мақсат еткен басылымның тарихи маңызы аса зор. Өткен тарихқа үңілу арқылы келер болашақта қателік жасамауды үйренеміз десек, бүгінгі жаһандану заманында кешегі ұлт зиялылары арман еткен ізгі қасиетті одан әрі дамытып, қапыда қалмайық деген ой түйеміз.



М. Дулатов. «Эсперанто тілі». 1913 жыл. ҚР ОМА. 2454 қор. 1 тіз., 3 іс.

Осы «Айқап» журналын тарих ғылымының докторы, профессор Мәмбет Құлжабайұлы Қойгеддиев Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архивіне салтанатты түрде табыстаған еді.

Сөз соңында, ғұмыры келте болған басылымның шыққанына биыл 110 жыл және ұлт рухын ғасырдан ғасырға жаңғыртып отырған осындай құнды құжаттарды, деректерді сақтап, мұраларымызға үлкен жауапкершілікпен қарап, оларды халық игілігіне айналдырып отырған қазақтың қара шаңырағы Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архивінің құрылғанына 100 жыл толуымен құттықтаймыз!



ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архиві (әрі қарай-ҚР ОМА). 2254-қор, 1-тіз., 1-іс, 3-5 п.п., 15-16 п.п., 22-24 п.п., 33-35 п.п., 48-п.
2. ҚР ОМА 2254-қор, 1-тіз., 2-іс, 33-34 п.п., 36-38 п.п., 40-42 п.п., 56-61 п.п.
3. ҚР ОМА 2254-қор, 1-тіз., 3-іс, 2-4 п.п., 6-8 п.п., 71-79 п.п., 89-п., 93 п., 122-123 п.п.
4. ҚР ОМА 2254-қор, 1-тіз., 4-іс, 9-10 п.п., 30-32 п.п., 61-62 п.п., 73-74 п.п.



Күлпаш Ильясова  
Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің  
қауымдастырылған профессоры  
kulpash\_66@mail.ru

Дархан Ильясов,  
Тарих және құқық пәнінің оқытушысы,  
Т. Жүргенов атындағы №123 мектеп-лицей директорының  
бейінді оқыту жөніндегі орынбасары

### САЯСИ НАУҚАНДАР: ТАРИХИ ШЫНДЫҚТЫ ЗЕРДЕЛЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

---

**Аңдатпа.** Мақалада отандық тарих ғылымындағы саяси қуғын-сүргін тарихын зерттеу мәселелері қарастырылады. Оның мазмұны өткен ғасырдың бірінші жартысындағы қазақ қоғамы және саяси қуғын-сүргінге ұшыраған ұлттық интеллигенция өкілдерінің советтік билікке қатысты ұстанымдары, ашаршылықтар, ұжымдастыру, мүлікті тәркілеу, саяси қуғын-сүргіндер кезеңіндегі елдің жағдайы, дәстүрлі мал шаруашылығының күйреуіне әкелген үздіксіз саяси науқандарға қарсы наразылықтардың шығуының негізгі себептері мен салдарын ашып көрсететін зерттеулерге негізделген. Саяси науқандардың шарықтау шегі, қуғын-сүргін саясатының заңнамалық негіздері, барысы мен нәтижелеріне қатысты қорытындылар көрсетіледі. Осы кезеңдегі наразылық акциясына қатысқан әртүрлі санаттағы ақмолалық күрескерлерді анықтау мәселелері бойынша ізденіс жұмыстары және оның анықталған бағыттары, соған сәйкес бірқатар ұсыныстар беріледі.

**Кілт сөздер:** тарих, саяси қуғын-сүргін, ашаршылық, интеллигенция, советтік билік, саяси науқандар, жоба, зерттеу.

**Аннотация.** В статье рассматриваются вопросы изучения истории политических репрессий в отечественной исторической науке. Содержание публикации основано на исследованиях, раскрывающих основные причины и последствия возникновения протестного движения против непрерывных политических кампаний, приведших к краху традиционной системы хозяйствования, анализируется сложное положение казахского общества первой половины прошлого века, позиция подвергшихся репрессиям представителей национальной интеллигенции в отношении советской власти, Голодомора, коллективизации, конфискации имущества и политических репрессий. Показана кульминация политических кампаний, характеризуются законодательные основы репрессивной политики, сделаны выводы, касающиеся их хода и результатов. Характеризуется поисково-исследовательская работа по выявлению различных категорий акмолинских борцов, принимавших участие в акциях протеста в этот период, выявляются направления сопротивления, в соответствии с вышеуказанным дается ряд рекомендаций.

**Ключевые слова:** история, политические репрессии, голод, интеллигенция, советская власть, политические кампании, проект, исследование.

**Abstract.** The article examines the issues of studying the history of political repression in Russian historical science. The scope had based on the research that reveals the major causes and

*consequences of protests against relentless political campaigns and the situation of Kazakh society in the first half of the last century. Thus, it led to the collapse of traditional cattle breeding, famine, collectivization, confiscation of property and political repressions and repressed representatives of the national intelligentsia concerning the Soviet government. The culmination of political campaigns, legislative bases of repressive policy, concerning the course and results had indicated in the conclusion part. Search work on the designation of various classifications of Akmolá wrestlers who took part in the protest action during this period and the principles had identified by it, according to which several recommendations had given.*

**Keywords:** *history, political repression, famine, intelligentsia, Soviet power, political campaigns, project, research.*

Қазақстан Тәуелсіздігінің 30 жылдығы аясында жүзеге асырылып жатқан ірі жобалардың бірі – Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау мәселелерін зерделеу. Бұл жұмыстар 1989 жылғы Мәскеудегі «Мемориал» қозғалысы үлгісімен құрылған Манап Қозыбаев бастаған «Әділет» тарихи – ағарту қоғамының жұмысынан басталады. Осы жылдан бастап отандық ғалымдарымыз 1920-1950 жылдардағы ашаршылық нәубеті мен жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау мәселелерін жалпыұлттық деңгейге көтерді, 90-жылдары «архив революциясы» басталды, көптеген диссертациялар қорғалды, ғылыми тұжырымдар жасалды.

1993 жылы 14 сәуірде ҚР жаппай саяси қуғын-сүргіндер құрбандарын ақтау туралы Заң шықты, 1995 жылы ҚР-ның Президенті жанындағы Мемлекеттік саясат жөніндегі Ұлттық Кеңестің мәжілісінде «Қазақстан Республикасында тарихи сананы қалыптастыру тұжырымдамасы», 1996 жылы 30 желтоқсанда ҚР Президентінің «1997 жылды Жалпыұлттық татулық пен саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу жылы деп жариялау туралы» Жарлығы, 1997 жылдың 31 мамырын саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні ретінде бекіту туралы ҚР Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Өкімі, соған сәйкес «Келешек күндеріміздің бәрі жарық болғай» деген атаумен Қазақстан азаматтарына Үндеуі шықты. Одан кейінгі «Рухани жаңғыру», «Ұлы Даланың жеті қыры» бағдарламалық мақалалары қолданыс аясына енді. Соңғылары, Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау мәселелерін зерделеу және шешу» туралы Жарлығы (24.11.2020) мен «Тәуелсіздік – бәрінен қымбат» атты мақаласы (05.01.2021). Бұлардың барлығы аталған Қаулының негізінде құрылған Мемкомиссия жұмысының жаңа бағыттарын анықтауға мүмкіндік беріп отыр.

Осы ресми құжаттар мен бағдарламалардың негізінде іске асырылған зерттеу жұмыстарының нәтижесінде ашаршылық нәубеті мен жаппай саяси қуғын-сүргін мәселесі дербес қарастырыла бастады. Өйткені, заман талабы советтік дәуірдің ең қасіретті кезеңдерін көрсететін бұл мәселелерді арнайы зерттеуді қажет етті. Бұған жауап беру үшін, әрине Қазақстанда дүркін-дүркін орын алған ашаршылықтар (1917- 1918; 1921-1922; 1931-1933) мен саяси қуғын-сүргіндердің (1918-1937; 1950-1986) тарихи бастау-бұлағына, яғни өткен ғасырдың басындағы большевиктердің үздіксіз революцияларының түп-тамырларына қайта үңілуге тура келді. Тапқан дүниелер көп болды, зерттеулер зерделеуге ұласты.

Өткен ғасырдың 20-30 жылдарындағы қазақ қоғамы Алаш қайраткері Жүсіпбек Аймауытовтың сөзімен айтсақ, «соғыс, революция, тонаушылықтар, аштық, ұлттық тәуелсіздік, автономия... бұның бәрі қазақ-қырғыз халқының түсіне де кірмеген құқайлар, бұл кезде олар аштық пен ұшы-қиыры жоқ жоқшылықтың құшағына (қазақ- қырғыз халқы) кіріп кеткен» [1, 142].

Большевиктердің сорақылық саясатын көзімен көріп, жүрегімен сезген арыстарымыз «өзгеше пікірлі» болғаны үшін әртүрлі жазалауға тартылды, соңы жаппай қуғын-сүргінмен аяқталды. Жалпы алғанда, «саяси қуғын – сүргіндер - кеңестік әміршілдік жүйенің саяси және таптық қарсыластарын «тап жаулары», «ұлтшылдар», «жат пікірдегілер» және «әлеуметтік қауіпті эле-

менттер» ретінде саяси қудалау саясаты болды. Осы кезеңде тұтқындалған 44 алашордашылардың үшеуі Жүсіпбек Аймауытов, Әбдірахман Байділдин, Дінше Әділов ату жазасына кесіліп, үкім орындалды, ал қалғандары әртүрлі мерзімдерге түрмеге қамалды [2, 603]. «Мұрағат қорларынан 520 алашордашылардың тізімі табылған»[3], соңғы ресми емес мәліметтер бойынша олардың саны бірнеше мыңдап саналады.

Жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарының тағдырын әр қырынан қарастырып, арнайы зерттеген алаштанушы-ғалым Мәмбет Қойгелді Қазақстандағы саяси репрессияны 5 кезеңге бөліп қарастырады. Олар: 1918-1920 жж. – революция және азамат соғысы жылдарын қамтиды; 1923-1932 жж. – И. Сталиннің билікке келуінен басталып, бірінші бесжылдықпен аяқталады; 1932 – 1937/38 жж. – екінші бесжылдықтан басталып, репрессияның шарықтау шегімен аяқталады; 1940 жылдың соңы – 1950 жылдың басы – соғыс жылдарындағы репрессиядан басталып, И.В. Сталиннің өмірден кетуімен аяқталады; 1986-1991 жж. – Д.А. Қонаев тұсында бой көтерген «қазақ ұлтшылдығынан» («Казахское дело») басталып, желтоқсаншыларды репрессиялау. Ғалымның тұжырымынша, «соңғысы советтік биліктің терең жүйелік дағдарысқа ұшырағанын анық көрсетумен қатар, перманентті репрессиялық шараларсыз бұл биліктің өмір сүре алмайтындығын байқатты» [4].

Кезінде тарихшы-демограф Мәлік-Айдар Асылбеков «1933-1937 жылдардағы Бүкілодақтық құпия санақ» мәліметтерін жариялады. Онда ССРО халқының саны да әртүрлі берілген. Айталық, 1933 жылы 168 млн., 1937 жылы 180 млн. мен 162 млн. адам көрсетілген [5]. Бұл кеңестік санақтың құпиясы ашаршылық пен саяси қуғын-сүргін құрбандарының санын әлемдік қауымдастықтан жасырумен түсіндірілсе керек. Ал, өткен ғасырдың бірінші ширегіндегі қазақтың жалпы саны – 6 млн. шамасында болса, ашаршылық пен репрессия жылдары тең жартысынан астамы құрбан болған. Тіпті, соңғы сандық мәліметтер бұдан да жоғары. Оған Көшім Есмағамбетовтің зерттеулері айғақ, оның пайымдауынша «зерттеушілердің өмірге келмеген ұрпағының саны туралы мағлұматтарын есептегенде, 1932-1933 жылдары қазақтар 4 млн. жуық адамнан айырылған» [6].

Қазақстандағы ашаршылықтардың шарықтау шегі советтік биліктің бірінші бесжылдық тұсына (1928-1932) сәйкес келді. Бұл кезең жөнінде 1970 жылы Қарағандыда елеусіз жағдайда қайтыс болған соңғы алашордашылардың бірі - Әлімхан Ермеков:

«қазан төңкерісі Қазақстанда 1928 жылдан бастап нақты күшіне кірді. Бұл кезде далалық жартылай феодализм мен капитализмнің тамыры енді ғана жұлына бастады. Бұрын саясатпен айналысқан адамдар осындай қысылтаяң сәттерде сынақтан өтуі тиістігін» атап өткен [7].

Мемлекет және қоғам қайраткері Әбілхайыр Досовтың 4 томдық жеке істеріндегі материалдарға қарасақ, «1930 жылдары өлкелік комитет ет дайындау жоспарына сәйкес мал санын анықтау мақсатында құрылған комиссия (төрағасы О. Исаев), З. Төреғожиннің Қазақстандағы мал саны шамамен 4-4,5 млн. деген мәліметін жоққа шығарып, әлі де 14-15 млн. –ға жуық мал басының бар екенін айтқан. Ал, өлкелік комитеттің мәліметтерінде – 21 млн. мал басы көрсетілген. Осы бюрода шындықты айтқан З. Төреғожин мықтап таяқ жеген» [8]. Қазақ даласындағы мал басының қысқаруы аздай, ауа-райының қолайсыздығы мен індеттің таралуы да «жығылған үстіне жұдырық» болды.

Меншіктен айыру кеңестік қылмыстық кодексте, заңдарда, партиялық нұсқаулықтарда анық көрсетілді және қолданыстағы жазалау әдіс-тәсілдерімен жүргізілді. Онда «советтік биліктің жауларына қарсы қуғын-сүргінді күшейту, оны барынша жедел және революциялық-мақсаттылық тәртібімен іске асыру; сот қызметін күшейту» сияқты бірқатар міндеттер қойылды. Мұндай ұстаным, билік пен шаруалар арасындағы құқықтық қатынастарды реттеу стратегиясын анықтап берді. Қылмыстық кодекс шаруаларды бас бостандығынан айыруды 10 жылға ұзартты. Бұл шаруалардың мемлекеттік мекемелерден астық пен малды «жасырып қалғаны» үшін жазалау шаралары көрсетілген 1932 жылғы 7 тамыздағы, «Мемлекеттік кәсіпорындар,

колхоздар мен кооперациялар және қоғамдық (социалистік) меншік мүлкін сақтау туралы» Заңымен бекітілді [9].

Социалистік меншікті талан-таражға салғаны үшін үлкен жауапкершілікке тартылатын іс-шаралар кешенін құрайтын заңды қабылдағандар, осы заңның тек идеологиялық негіздерін жасап қоймай, оның мазмұны мен құрылымын да жасады. Жаңа заңның үш пункті жазалаудың мынадай шаралары: колхоз және кооператив мүлкін талан-таражға салғаны туралы істер; «кулактар мен басқа да ұжымдастыруға қарсы элементтердің зорлық-зомбылығынан» колхоздар мен колхозшыларды қорғау туралы істер бойынша белгіленді. Заңда қоғамдық меншікке зиян келтірген шаруаларға, халық жауы ретінде қарау және олардың «барлық мүлкін тәркілеумен ату жазасына кесу, жазасы жеңілдетілген жағдайда барлық мүлкін тәркілеумен бас бостандығынан он жылдан кем емес мерзімге ауыстыру» шаралары қарастырылды.

Колхозға күштеп ұжымдастыруға қарсы наразылықтардың бәрі, мемлекеттік қылмысқа теңестірілді және концлагерьлерде бес жылдан он жылға дейін бас бостандығынан айырумен жазаланды. Қуғын-сүргін шараларының қатаңдығы соншалықты, аталған заңның негізінде жазаланған адамдарға рақымшылық жасауға тыйым салынды. Бұл тыйым салудың күші 1953 жылдың 8 қыркүйегінде жойылды.

Жалпы шаруалардың қылмысына қатысты заңнамалық актілер екі санатқа бөлінді: а) жұмысшылар мен шаруалардың еркімен, ССРО орнатқан советтік құрылыстың негіздеріне қарсы бағытталған қауіпті қылмыс; б) қалған қылмыстардың бәрі». Бірінші қылмыс бойынша заңда төменгі сот жазалау шараларын тағайындай алмайтын шегі анықталды, қалғандары заңда жоғары шегімен белгіленді [10].

Ұжымдастыру жылдарында шаруалардың басым бөлігі, айыптары дәлелденбеген қуғын-сүргін мен өлім жазасына кесілді. ССРО-да әрекет еткен заңнамалар, қуғын-сүргінді күшейту мақсатында құпия бұйрықтар мен ережелер, «нұсқаулық мекемелердің» жария емес өкімдері, партиялық басшылықтың ауызша нұсқауларымен өңделіп, түзетілді. Бұл заңнамалық құжаттар ашаршылыққа, шаруашылық қызметін шиеленістіру мен халықтың жаппай көшуіне және өндірісті ұйымдастыру құрылымында бейберекетсіздікке алып келді.

2021 жылдың 5 қарашасында осы аталған саяси науқандар кезінде бұрмаланған заңсыздықтарға әртүрлі формада қарсыласқан жекелеген адамдар мен қоғамдық және саяси топтардың өкілдерін анықтау және оларды толық ақтау мақсатында Мемкомиссияның мүшесі, Жобалық Кеңсенің жетекшісі Сабыр Қасымов бастаған ұйымдастырушылар кезекті топтық семинар өткізді. Онда көптеген түйінді мәселелерді ортаға салынып, талқыланды.

Осы ретт айта кетейік, басқа өңірлермен салыстырғанда, Нұр-Сұлтан қаласы бойынша да 25 адамнан тұратын Өңірлік комиссия мүшелері арнайы архивтер мен республикалық, қалалық архивтердегі ізденіс жұмыстарын кеш бастағанымен, 5 айдың ішінде 5 жұмыс тобы бойынша зерттеудің негізгі бағыттарын анықтады. Айталық, адам құқықтары мен ел тәуелсіздігі жолындағы ақталмаған күрескерлерді анықтау мәселелері бойынша жасақталған 1-топта жұмыстың 3 бағыты айқындалды.

Бірінші бағыт. Алаш қозғалысындағы ақмолалық күрескерлердің (жекелеген адамдар, топтар, ұйымдар мен партиялар) азаттық жолындағы күресі (1916 жылғы көтеріліс кезіндегі мәселелер де қамтылады, архиві Омбы, Том қаласында сақталған);

Екінші бағыт. Тәркілеу кезіндегі ақмолалық байлардың адам бостандығы және өмір сүру құқығы үшін күресі (тәркілеу кезінде алыс-жақын аймақтарға жер аударылғандардың шағымдары қарастырылады, архиві Алматыда ҚР ОМА, ҚР ПА сақталған);

Үшінші бағыт. Соғыстан кейінгі жылдардағы ақмолалықтардың адам құқықтары мен азаттық жолындағы күресі (қылмыстық іске тартылғандар мен олардың отбасы мүшелерінің шағымдары қарастырылады, оның архиві Нұр-Сұлтан қаласындағы арнайы мекемелерде сақталған).



Бірінші бағыт бойынша, ҚР ІІМ Ақпараттық-сараптамалық орталығы арнайы архивінің мәліметтері бойынша, 1920-1950 жылдары Ақмола облысы бойынша қуғын-сүргінге ұшырағандардың жалпы саны - 6090, соның ішінде ақталмағандары – 429. Ақмола қаласы бойынша қуғын-сүргін құрбандарының жалпы саны - 6832, соның ішінде ақталмағандары – 616. Бұдан шығатын қорытынды, Ақмола облысымен салыстырғанда Ақмола қаласында саяси науқан құрбандары - 742 адамға, сәйкесінше ақталмағандары - 187 адамға көп [11].

Жұмыс барысында Алашорда тарихына қатысты «Ағайынды Әділеветер ісі» немесе «Әділеветер бандасы» бойынша бірқатар мәселелер анықталды. Арғы шыққан тегі Ақмола өңірі саналатын Байсейіт, Дінше (Мұқыш, Дінмұхаммед), Асқар, Әбуәлі, Әбубәкір, Жолдасбай Әділеветер (туысқан ағайындарын қосқанда – 10 адам, кейіннен барлығы 17 адамға іс қозғалған) бастаған топ тәркілеу науқанына наразылық акциясы ретінде малдарын Сарысу ауданынан Шу бойындағы Әулие Ата жеріне қарай айдап, әрі қарай тұйықталған аймақтарға өтіп кеткен. Олардың совет үкіметіне қарсылығы 1922 жылғы «Әбубәкіров ісінен» басталады [12]. Ал «Ағайынды Әділеветер ісі» тәркілеу басталған кезде қозғалған, оған Алаш қозғалысының жетекшілерінен бастап, бас-аяғы 90 адам тартылған. 1928-1930 жылдары бұл іске қатысты жазалау жұмыстары Сырдария (Шымкент, Қызылорда) округінде жалғасады. Осы ретте біз, Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша өңірлік комиссияның жұмыс тобымен әріптестік байланыс орнатуға дайынбыз. Екіншіден, бірлесе отырып, осы кезеңдегі шекаралас аудандарды, ішкі миграция мен халықтар географиясындағы өзгерістерді анықтап алуымыз қажет. Ақмола облысының әкімшілік-территориялық бөлінісіндегі өзгерістерге байланысты қоғамдық топтар мен саяси ұйымдардың қозғалысын жан-жақты зерттеп, картасы жасалса, артық болмайды.

Екінші бағыт бойынша, тәркілеу кезінде 1928 жылғы Ақмола округтік советі президиумының шешімімен Атырау округіне жер аударылған 46 байдың ішінде Қазтай Құндақұлының Қазақстан Орталық атқару комитеті орталық комиссиясына жазған шағымына қатысты ой-пікірлер туындады [13]. Осы күнге дейін жарияланғаны бар, жарияланбағаны бар осы сарындас көптеген арыз-шағымдардың мәтінін терең зерттеу арқылы, орталық советтік билік пен оның жергілікті өкілдерінің заңсыз әрекеттерге баруының басты себептері мен салдарын айқындап, байлардың әділеттілік үшін күресіне объективті тұрғыдан баға беруге болады. Мал-мүлкі тәркіленген ауқатты адамдардың ақталмағандарын ақтау жұмыстарын жалғастыру, әр жылдары ақталғандарын БАҚ арқылы насихаттау жұмыстары елдің тарихи санасын одан әрі жетілдіруге септігін тигізери сөзсіз. Өңірлік комиссияның зерттеу жұмыстары барысында ақмолалық байлардың саны да (46, 52, 75, 90...) өзгеріп отыратыны байқалды.

Үшінші бағыт бойынша, соғыстан кейінгі жылдары майданнан немесе тұтқындықтан елге оралған адамдардың ішінде әскери трибуналдың шешімінсіз сотталғандардың барлығын саяси қуғын-сүргін құрбандары санатына жатқызған жөн. Өйткені, соғыстан кейінгі халық шаруашылығын қалпына келтіру жылдарындағы елдің кедейшілік күйін көріп, совет-герман соғысына қатысқандар, Германия мысалында, жалпы Еуропа халқының әлеуметтік-экономикалық жағдайының бізден әлдеқайда жоғары екенін тілге тиеп етіп, бізді осы мүшкіл күйден соғысқа дейін де, соғыстан кейін де халқын құтқара алмаған мемлекеттің саясатына сыни көзқарасын білдірген. Бүгінде, олардың бәрін жаппай қылмыскер ретінде қарастыруға болмайды. Рас, олар қасаң идеологияның құрбаны болды. Өз заманында ойын ашық жеткізіп, капитализм бар жерде, еркіндік бар жерде жақсы өмірдің болатынын айтқан қатардағы қарапайым адамдардың есімдерін ақтап алуға тұрарлық. Кез келген қоғамда адам бостандығы мен құқығын қорғаушылардың болуы заңды құбылыс. Қосарымыз, бұл да қоғамның шындығы мен халықтың саяси сауаттылығын айқындайтын фактілер.

Қараша айында өткен топтық семинарда көтерілген осы және өзге де мәселелер бойынша мынадай ұсыныстар жасадық: 1) арнайы архивтердегі Алашорда тарихына қатысты материалдар мен 1920-1930 жж. саяси науқандардың құжаттарын құпиясыздандыру мәселесін толықтай



шешу; 2) әскери трибунал шешімінсіз сотталған адамдарды саяси қуғын-сүргін құрбандары санатына енгізу; 3) ұйымдастырушылар тарапынан зерттеуші-ғалымдардың «архив өндірісіндегі» жұмысының аз уақытта нәтиже бермейтінін үнемі назарда ұстау; 4) Қазақстанның 14 облысы мен республикалық маңызы бар 3 қаланың әр кезеңдердегі әкімшілік-территориялық бөлінісіндегі өзгерістерге байланысты туындаған ортақ мәселелер бойынша өңірлік комиссиялардың (Нұр-Сұлтан қ., Ақмола, Қарағанды, Солтүстік Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан және Атырау облысы) бірлескен семинарларын ұйымдастыру; 5) облыстардың әкімшілік-территориялық өзгерістер картасын жасау; 6) мемкомиссия тарапынан ақмолалық бай Қазтай Құндақұлының қазіргі Ақкөл қаласындағы 1914 ж. салынған үйін қалалық тарихи-өлкетану музейіне айналдыруға ықпал ету.

Сөз соңында айтарымыз, Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевтың жоғарыда аталған «Саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау мәселелерін зерделеу және шешу» туралы Жарлығын іске асыруда жанкештілік танытып, тер төгіп жүрген зерттеуші-ғалымдардың ерен еңбегі ақталып, тарихи әділеттілік салтанат құрсын, азаттық пен тәуелсіздік жолындағы ақталмаған күрескерлердің есімдері елдің жадында мәңгі сақталсын, жас ұрпақтың тарихи санасы одан әрі жетілдіріле түссін дегіміз келеді.

#### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Шоқай М. Таңдамалы шығармалар: Үш томдық, 3 – т. – Алматы: «Қайнар» баспасы. -2007. -384 б.
2. Омарбеков Т. Саяси қуғын-сүргін. Қазақ Ұлттық Энциклопедиясы. - Т.7.-Алматы, 2005. – 728 б.
3. Алаш айнасы. - № 92. 31.05.2011.
4. Қойгелдиев М. Жалпыхалықтық қасіретті естен шығару қоғамның өзі үшін де қауіпті /Алаш айнасы. - № 92. 31.05.2011.
5. Асылбек М., Ж. Асылбекова. Құпия санақ болып есептелген 1939 жылғы Қазақстан халқы туралы мәліметтер не дейді? <http://www.egemen.kz>.
6. Есмағамбетов К. М. Шоқай қазақтардың ашаршылыққа ұшырауы туралы» ҚазҰПУ, №2 (29), 2011. 107-114 бб.
7. Движение Алаш. Сборник материалов судебных процессов над алашевцами. Трех томник. Т.2. –Алматы: «Ел-шежіре», 2011. -376 б.
8. Мұсырман К. Қан тамған қолжазбалар. Егеменді Қазақстан. 10.04.1992.
9. История ГУЛАГа. URL:[www.e-reading.org.ua/bookreader.php/.../Istoriya\\_GULAGa.html](http://www.e-reading.org.ua/bookreader.php/.../Istoriya_GULAGa.html). [Есепке алынған күн: 05.04.2012]
10. Қазақстандағы ашаршылық: халық қасіреті және тарих сабақтары/Голод в Казахстане: трагедия народа и уроки истории: Сборник материалов Международной научной конференции (31 мая -1 июня 2012 г.). – Астана, 2012. – 392 с.
11. Қазақстан Республикасы Ішкі Істер Министрлігі арнайы архивінің ақпараты [Есепке алынған күн: 08.08.2021].
12. Қойшыбаев Б.Ағайынды Әділеттер тағдыры /<https://abai.kz/post/48620> [Есепке алынған күн: 07.07.2021].
13. Қазтай Құндақұлы кәмпескеге қалай ұшырады? /<https://www.astana-akshamy.kz/qaztaj-qundaquly-kampeskege-qalaj-ushyrady/> [Есепке алынған күн: 28.10.2021].

ЗҰЛМАТ ЖЫЛДАР ЗОБАЛАҢЫ  
РЕПРЕССИЯ ҚҰРБАҢДАРЫН АҚТАУ – ҰРПАҚ ПАРЫЗЫ

1917 жылғы қазан төңкерісінен кейін, жер бетіндегі мемлекеттер құрылымындағы әлемдегі бұрын тарихта ешқашан болмаған, әлеуметтік теңдіктің озық үлгісін көрсететін мемлекет құруды мақсат еткен Кеңес өкіметі, құрамына кірген одақтас республикалардың экономикалық және әлеуметтік дамуына бір орталықтан басқаратындай жүйе құрды.

Бірпартиялық идеология, барлық республикаларға ортақ заңдық құрылым, одақта болған республикалардың мойнындағы бұғау, аяғындағы шідер болды. Республикаларда өз елінің ұлттық тұрмыс-салтына, әдет-ғұрпына орай елдің дамуын қалаған, сол бағытта елге еңбек еткен азаматтарды орталықтан бұғаттап отырудың құйтырқы әрекеттері ойластырылды. Оғаш ой, озық пікір білдірген зиялы қауым өкілдері мен елі үшін адал еңбек еткен азаматтарды құртудың заңдық негіздері ойластырылып, мемлекеттік деңгейде қабылдана бастады. Бұны кеңестіктердің билікке келген алғашқы күндерінде қабылданған заңдық актілерінен көруге болады. 1917 жылғы 19 желтоқсандағы «Революциялық трибунал туралы» нұсқауда алғаш рет «халық жауы» деген термин қолданылды. Коммунистер XX ғасырда адамдардың құқықтарын таптауға, қорлауға бағытталған қаныпезерлік саясат қолданды. Кеңес заңдары бір күнде пайда болған жоқ. Көптеген адамдардың тағдырын шешуде басты рөл атқарған «Революциялық трибунал» туралы нұсқаудан соң, 1918 жылғы 5 қыркүйекте «қызыл террор туралы» ХКК-нің қаулысы жарық көрді. Онда «концентрациялық лагерлер» және «ату жазасы» туралы айтылды. Ал 1922 жылы РСФСР Қылмыстық кодексінің негізгі бөлімінде «мемлекеттік қылмысқа» ерекше мән берілуі, мемлекеттің азаматтарды үрейде ұстауды ұлғайтқанын көрсетеді. 1926 жылғы РСФСР Қылмыстық кодексі мемлекеттік қылмыс тарауына контрреволюциялық қылмыстар туралы арнайы баптарды енгізді. Бұл Кодекстің ерекше бөлімінің I тарауында көрсетілген контрреволюциялық қылмыстардың 17-сінің 12-іне ең жоғарғы жаза – ату жазасын қолдану қарастырылды. Азаматтарды «халық жауы» деп жариялап, азаматтық құқықтардан айыру, мемлекеттен қуу, дүние-мүліктерін тәркілеу, қатаң оқшаулау арқылы еркінен айыру тәрізді жазалау шаралары кеңінен қолданылды. Қазақ халқының тарихындағы қасіретті де ауыр кезеңдер аз болған жоқ. Солардың бірі бүгінгі күнге дейін толық зерттеліп болмаған, қазақ халқының ұлт ретінде жойылып кетуіне дейінгі қатер төнгізген, арнайы ұжымдастыру соңында ашаршылық зұлматына әкелді. Сонымен қатар большевиктер ұлт жанашыры, көзі ашық, көкірегі ояу ұлт зиялыларын жойып отыру саясатын ұстанды. Сол зұлмат кезеңде елім деп еңіреген талай білімді, ұлтжанды азаматтар - саяси қуғын-сүргін құрбанына айналып, жалған жаламен ату жазасына кесілді. Осы жүйенің кесірінен олардың жақындары мен ұрпақтары да жапа шекті.

1928 жылдың ортасынан бастап Алаш қозғалысына қатысқан зиялылар жаппай тұтқындала бастады. Оларға «буржуазияшыл-ұлтшылдар» деген жалған айып тағылды. Сол жылы 44 алашордашы тұтқындалып, оның ішінде Ж.Аймауытов, Ә.Байділдин, Д.Әділев ату жазасына кесіліп, үкім орындалды. Ал қалғандары түрмеге қамалды. Ұлттық зиялылардың екінші тобы 1930 жылдың қыркүйек-қазан айларында тұтқындалып, оның 15-і Ресейге жер аударылды. 1936-1938 жылдары Қазақстанда 25833 адам партиядан шығарылып, олардың 8544-іне «халық

жаулары» немесе «халық жауларының сыбайластары» және т.б. айыптар тағылды. Танымал қазақ зиялылары, Алаш қайраткерлері түгелге жуық саяси қуғын-сүргінге ұшырады. Олардың отбасы мүшелері де жазықсыз қудалау көрді. Соңғы зерттеулер бойынша 1931 жылдан бастап 1954 жылдың 1 ақпанына дейінгі кезеңде КСРО-да соттан тыс және сот органдары 3 млн 777 мың адамды ату жазасына кесіп, оның 643 мыңына үкім орындалса, ал 2 млн 369 мыңын 25 жылға дейінгі мерзімге түрмелерге қамап, лагерьлерге айдаған. Жалған айып тағылғандардың қатарына 1931-1933 жылдардағы қазақтардың жаппай қырылуына байланысты ашық наразылық білдіріп, Қазақстан халқының мүдделерін қорғағандар да қосылды. «Халық жауларының» негізгі көпшілігінің тағдыры КСРО Жоғарғы Сотының Әскери алқасының мәжілістерінде, «екілік» пен «үштік» атанғандар мен НКВД-ның ерекше кеңестерінде құпия жағдайда шешіліп жатты. 1930 жылдардың ортасында Л.Мирзоян, Ү.Құлымбетов, Н.Нұрмақов, Т.Рысқұлов, О. Жандосов, Т.Жүргенов сынды көрнекті партия және мемлекет қайраткерлері жалған айыппен тұтқындалды.

Жалған халық жауларымен күрес концлагерьлердің құрылуына жағдай жасады (ҚарЛАГ, Степлаг, АЛЖИР). Көптеген аудандар тікен сымдармен қоршалып, ол сақадай сай қаруланған әскермен күзетілді. Кейінірек атылған адамдарды жаппай жерлеген жерлер анықтала бастады. Сондай орындардың бірі Алматы түбіндегі Жаңалық ауылының жанынан кездейсоқ табылды. Мұнда 1937-1938 жылдары атылған белгілі жазушылар мен ақындар – М.Жұмабаев, С.Сейфуллин, І.Жансүгіров, Б.Майлин, көрнекті ғалымдар – А.Байтұрсынов, С.Асфендияров т.б. мемлекет, қоғам қайраткерлері, шаруашылық басшыларымен өндіріс озаттары сынды тоталитарлық тәртіптің мыңдаған құрбандары құпия жағдайда жерленді.

Қарағанды еңбекпен түзеу лагері (КарЛАГ) 1931 жылы 19 желтоқсанда құрылды, лагерьдің орталығы Қарағанды қаласынан 50 км жерде «Долинка» селосында орналасты. 1937 жылы осы КарЛАГ-тың еңбекпен түзеу лагерінің 26-нүктесінің орнына халық жауларының жұбайлары үшін Ақмола лагері (АЛЖИР) орналасты. Дәл осы жерге бүкіл Кеңестер одағының түкпір-түкпірінен ешбір жазықсыз әйелдерді алып келетін. «Отанын сатқандар жанұялары мүшелерін» қудалау туралы алғаш рет 1934 жылғы 8 маусымдағы КСРО ОАК қаулысында айтылды. Онда қашып кеткен әскери қызметшілердің барлық мүлкі тәркіленіп, жанұя мүшелері 5 жылдан 10 жылға дейін бас бостандығынан айырылады деп көрсетілді. Алайда әйелдер мен балалардың ұсталуына 1937 жылғы 15 тамыздағы №00486 Ішкі істер халық комиссарының жедел бұйрығы тікелей әсер етті. Аталған бұйрықта ұстаудың жүргізілуі, істі қарау және жазалау шаралары, үкімнің орындалуын жүзеге асыру тәртібі, сотталғандардың балаларын орналастыру және т.б. мәселелер егжей-тегжейлі көрініс тапты.

Әйелдердің барлығы КСРО НКВД Ерекше Кеңесінің шешімімен Отанын сатқандар жанұясы мүшелері (ЧСИР) ретінде ұсталған. Басқа ұлттың өкілдері ішінде контрреволюциялық топтарға қатысқаны, анти-кеңестік үгіт-насихат жүргізгені, мемлекеттік құпияны жариялағаны, өндірісті бұзғаны, қаскүнемдік әрекеті т.б. айыптаулар бар. Ал қазақ әйелдері тек қана «халық жаулары» әйелдері болғаны үшін жазаланған.

Әйелдердің күйеулерін қамауға алғаннан кейін оларды күйеулерімен кездесуге алып баруға уәде беріп, алдап алып кететін. Сондықтан келіншектер әдемі киініп, әшекей бұйымдарын тағып баратын. Алайда оларды алда лагерь күтіп тұрғанды. Алдымен 2 айдан 6 айға дейін темір тордың ар жағында тергеу аяқталғанша ұстап, кейін Сталиндік вагондарға отырғызып, лагерьге жөнелтетін. Әйелдердің көрген қорлығын бір қағазға сыйғызып жеткізу мүмкін емес. Зорлық-зомбылықтың арқасында лагерь төңірегінде 1507 бала дүниеге келген. Олардың куәліктерінде әке есімі бос орын болып қалатын болған. Демек, ақталғаннан кейін де балалар әкелерінің кім екенін білмей кеткен.

Жалпы Ақмола лагері Сталиннің өлімінен кейін, яғни 1953 жылы жабылды. Әйелдер бостандыққа әртүрлі сандық белгілері бар куәліктермен шықты. Аталған куәліктерде -25, -34 не-

месе -100 деген сандар тұруы мүмкін еді. Бұл сандар олардың кіруге құқығы жоқ, есігі жабық үлкен қалалардың, астаналардың тізімі еді. Көбіне, әрине, бұл олардың Отаны болатын. Сондықтан, әйелдердің көбісі Қазақстанда қалды және Қазақстан олар үшін екінші отаны болып саналды. Онымен қоймай, әйелдер бостандыққа «шындықты жарияламау туралы құжатқа» қол қойғаннан кейін шығатын. Яғни, олардың қайда болғандығы туралы, көрген қиындықтары мен азаппен өткен күндерін ешкімнің білмеуі тиіс еді. Әйелдердің қорқынышпен өмір сүргендері соншалық, тіпті ақталғаннан кейін де, балаларына кесірі тие ме деп жақындарына да ауыз ашып айтпаған.

50-жылдардың ортасында лагерьлерде қамалған жазықсыз адамдарға қатысты үкімдерді қайта қарау мен оларды жою жөніндегі процесс басталды. Қаза тапқандар мен атылғандар ақталып, түрмедегі еріксіздер бостандыққа шығарылды. Саяси қуғын-сүргін құрбандарын жаппай ақтау – 1920-1950 жылдар аралығында кеңес мемлекеті жүргізген қуғындау, жазалау саясаты асқан қаталдық, шектен шыққан зұлымдық тәсілмен жүргізілгендігін дәлелдеді. Кеңес өкіметінің Қазақстандағы саяси қуғын-сүргін құрбандарының жалпы саны, ғалымдардың есептері бойынша, 3,5 млн адамды құрады. Алайда бұл сан да нақты емес, өйткені 20-40-жылдары тұтқындалған мыңдаған адамдардың тағдыры әлі күнге дейін белгісіз болып отыр.

Қазақстанда «Жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы» заң Тәуелсіздік алғаннан кейін 1993 жылы қабылданды. Ал саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні ретінде 1997 жылы Елбасы Н.Назарбаевтың Жарлығымен 31 мамыр болып белгіленді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың 2020 жылғы 24 қарашадағы Жарлығымен саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссия құрылды. Тағдыр тауқыметін тартып, солақай саясаттың құрбаны болған, әлі ақталмаған талай есімдер бар. Осы орайда, «АЛЖИР» лагеріндегі ақталған тұтқын әйелдердің санын анықтау туралы ақпаратты айта өтсек (1938-1953 жж.):

Бұл дерек 2003 жылы Астана қаласы мен Ақмола облысы бойынша заңсыз қуғын-сүргін құрбандарының қауымдастығы шығарған «АЛЖИР» тұтқындары» кітабында ЧСИР (Отанын саққандардың отбасы мүшесі) ретінде және Кеңес Үкіметіне қарсы үгіт және контрреволюциялық қызметі үшін сотталған 7 270 әйел туралы қысқаша ақпаратқа сүйеніп алынған.

Қазіргі таңда «АЛЖИР» лагерінде тұтқында болған әйелдерді ақтау бойынша деректер базасына 1 542 әйел енгізілді, оның ішінде 258 әйел ақталды, 1 284 әйел ақталмады. Қарап отырсақ, әйелдердің 20 пайызына жетер-жетпесі ғана ақталу құқығына ие болған. Олардың ішінде (ұлт бойынша): «Ұлтқа қызмет ету – ұлы іс» демекші, сорақы саясаттың құрбандарын ақтау – бүгінгі егемен ел ұрпақтары алдында тұрған маңызды міндеттердің бірі. Тарихымыздың ащы шындықтары ашылып, тарихи әділдікті қалпына келтіру жолында әлі көптеген есімдер ақталары сөзсіз. Заман отына күйгендер, халық үшін қызмет етіп, жала жабылып жазаланғандар есімі қайта жаңғыруы тиіс.

№	Ұлты	Ақталған	Ақталмаған	Жалпы саны
1.	Абазин	0	9	9
2.	Абхаз	0	4	4
3.	Авар	0	1	1
4.	Австриялық	0	1	1
5.	Аджар	0	4	4
6.	Әзербайжан	36	8	44
7.	Армян	3	76	79
8.	Ассирия	0	2	2
9.	Болгар	0	6	6



10.	Башқұрт	1	0	1
11.	Белорусь	50	84	134
12.	Венгр	0	7	7
13.	Грек	1	13	14
14.	Грузин	6	140	146
15.	Дағыстан	0	1	1
16.	Еврей	122	733	855
17.	Қазақ	69	18	87
18.	Қазақстандық	43	24	67
19.	Татар	26	44	70

Кеңес өкіметінің қазаққа жасаған соңғы қиянаты 1986 жылғы Желтоқсан көтерілісінде көрініс тапты. Қазақстанды ұзақ уақыт басқарып, халықтың құрметіне ие болған, Дінмұхамед Қонаевты алып тастап, орнына Қазақстанды мүлдем білмейтін, «партия солдатын» әкеліп отырғызуы, онсыз да тілден, діннен, мәдениеттен айырылудың аз-ақ алдында тұрған, орталықтың қисынсыз, қыңыр ұлт саясатына қарсы, жалпы ұлтжанды жастардың намысын оятты. Қазақстанның барлық дерлік қалаларында солақай шешімге қарсы жастар алаңдарға шықты. «Ақ дегені – алғыс, қара дегені – қарғыс» болып үйренген орталық, бейбіт шеруге шыққан жастарға арнайы даярланған әскери күш қолданды. Алаңға шыққан жастарды аяусыз жазалады. Өрімдей жас қыздар мен жігіттер қыршынынан қиылды. Көтеріліс басылғаннан кейін де, бірнеше айлар бойы алаңға шыққан көптеген жастар толассыз тергеуге түсіп, көбіне жасанды жала жабылып, сотталды, оқудан шығарылды, жұмыстан қуылды. Ел болып есімізді жиғалы ұлт намысын қорғап алаңға шыққан жастардың көпшілігі ақталды. Бүгінгі күн республика бойынша құрылған «Желтоқсан көтерілісіне» байланысты Қоғамдық бірлестіктер мен Қорлар жазықсыз жапа шеккен желтоқсандықтарды ақтау бойынша ауқымды жұмыстар жүргізіп келеді.

70 жылдан артық коммунизм елесін елігіп, жанын сала Отан үшін еңбек еткен, сол жолда жантүршігерлік қиындықтардан өтіп, ұлт ретінде жер бетінен жойылып кетудің наз-ақалдында қалған қазақ елі бүгін егемендіктің, еркіндіктің, өз тағдырын, бағытын өзі шешер бақытына ие болды. Әлемдік өркениет арпалысының арасынан өзінің даму бағдарын анықтады. Тарихта әр елдің даму үрдісі, жолы әртүрлі. Жалпы әлемдік даму жөніндегі қағидаттар болғанымен, әр ұлт орналасқан жағрафиялық, ұлттық менталитет, ғасырлар бойғы қалыптасқан тұрмыстық, әдет-ғұрып, көрші мемлекеттердің қарым-қатынасы әсер ететіні – даусыз аксиома. Осы әлемдік арпалыста жоғалғанымызды түгендеп, өркениеттен қалмай, ұлттық келбетімізді сақтап, өрелі елдердің қатарынан көрінейік. Ол үшін бірлік пен тірлік керек. Тәуелсіздік бәрінен де қымбат!





САЯСИ ҚУҒЫНҒА ҰШЫРАҒАН ДІН ӨКІЛДЕРІНІҢ ТАРИХЫ  
(Ақмола өңірі бойынша)

Бүгінгі күні қазақ халқы өзінің тәуелсіздігін қайта жаңғыртқан тұста халық пен оның тарихына деген көзқарас та түбегейлі өзгеріске ұшырады. «Қазақстан Республикасында тарихи сана қалыптасуының тұжырымдамасында» егер бұрын Қазақстан тарихы біртұтас КСРО тарихының құрамдас бір бөлігі ретінде ғана ұғындырып келсе, енді оны әлем тарихының, Еуразия және Орталық Азия елдері тарихының аясында қарастыра отыра, Отан тарихын әлемдік тарих легіндегі лайықты орнын айқындау туралы баса назар аудару керек екендігі айтылған. Осы орайда, бүгінгі таңда Отан тарихымызда орын алған көлеңкелі жақтарымызды қайта зерделеп, тың деректер негізінде тереңдете зерттеуді қажет ететін өзекті мәселелердің бірі – Қазақстандағы тоталитаризм және саяси қуғын-сүргін тарихы. Осы орайда, 2020 жылдың 30 мамыр айында ҚР Президенті Қ.Тоқаев кеңестік қуғын-сүргін құрбандарын ақтау үдерісін жалғастыру тарихи әділдіктің салтанаты екенін мәлімдеді. Соңғы 60 жылдан астам уақыт бойы жазықсыз жапа шеккендерді ақтау ауық-ауық қолға алынғаны баршамызға мәлім. Соның өзінде күні бүгінге дейін ақталмай қалғандар өте көп екенін ғалымдар айтудан жалыққан емес. Енді, міне, қарыз бен парызды өтейтін сәт туды.

Бұл жолғы ақтау «толық ақтау» деп анықталды. Біздің ойымызша. «толық ақтаудың» екі қыры бар: бірі – тоталитарлық биліктің қаһарына ілініп, күні бүгінге дейін адал есімі мен ісі халқына қайтарылмағандар, екіншісі – КОКП өктемдігі жүріп тұрғанда қылмысы жоқ деп ақталғанымен әлі әділ бағасын алмағандар. Солардың қатарында тарихта Кеңес билігінің дінге қатысты саясатының мәнін ашып көрсетуге жәрдемдесетін құжаттар белгілі. Бұл құжаттарды талдау негізінде олардың мазмұнының шын мәніндегі саясатқа қаншалықты сәйкес болғанын анықтауға болады.

Кеңес өкіметінің дін саласындағы саясаты «Діннің мемлекеттен және мектептің діннен бөлінуі туралы» декретімен шектелуі тиіс еді. Бірақ, өкімет бұнымен тоқтамай, діни мекемелер мен дін басыларға қарсы солақай саясатты жүзеге асырып, жазалау шараларын кеңінен пайдаланды. Дегенмен де, көптеген ғасырлар бойы қалыптасып келе жатқан діни бастауларға қарсы күрес оңай болмайтындығы мойындалды. Осыдан барып қайшылықтар, бұлтару, алдау шаралары туындады. Дінге қарсы күресті жанама түрде жүргізу, оның негізін жаңа дүниетанымдық көзқарастарды кеңінен тарату арқылы біртіндеп әлсірету қажет деп саналды. Коммунистердің тактикасы уақытты оздыра отырып, асықпастан іс-әрекет жасауға бағытталған еді, бұл саясаттың әсіресе мұсылмандар мекендейтін аймақтарға қатысы болды. Шығыстың консервативтік күйі, діннің ұлттық әдет-ғұрыппен бірге тұтасып кетуі, сонымен қатар, «мұсылмандардың арасында христиан миссионерлерінің ұзақ жылдар бойына жұмыс жүргізгендігін еске ала отырып, олармен біздің насихатшыларымызды шатастырып алуға сылтау табылуынан сақ болу керек» деген жәйт те алға тартылды. Сонымен қатар, этникалық ерекшеліктерге де көңіл бөлу, ұлттық сезімдерді қолдау іс жүзінде дінге қарсы қолданылатын өте белсенді саясатты да шебер

---

қолдана білді. Мемлекет барлық діни бірлестіктерге қатысты, оларды конфессияларға бөлмей, ұлттық аумақ ерекшеліктерін ескермей, қатал секуляризация саясатын ұстанды. Дінге қарсы жалпы қастандық әрекеттер, қызыл гвардияшылардың шектен шыққан жүгенсіздіктері, бұзақылығы бекітіліп, рұқсат етілмегеніне қарамастан, діни қызметшілерді тұтқындау, өлтіру, монастырьлар мен шіркеулерді талан-таражға салып, тонау сияқты адамның жаны түршігерліктей зұлымдық әрекеттер барлық жерлерде жүріп жатты. Дін басылары (ең алдымен христиан дініндегілер) «құдайсыз өкіметтен» қорыққандықтан, белгілі дәрежеде революцияға қарсы күштерге қолдау көрсетуі, идеологиялық қарсы тұру әрекеттерінің күшейіп, үдей түсуіне себепкер болды.

Кеңес Одағында коммунистік үкіметтің қатты қолдауы мен атеизмді насихаттаудың арқасында діни ой-пікірлерді жаныштап басу жүзеге асты.

1917 жыл мен 1939 жылдар аралығында 140000 мұсылман дін қызметкері қамауға алынды, елден қуылды, тіпті өлтірілді де. Коммунистік жүйе үшін адамдардың діни көзқарастары қиын мәселе бола тұрса да, трансценденттік сенімдер сақталып қалды және күнделікті діни рәсімдер орындала берді. Кеңестік жүйе бақылауды сақтап қалу мақсатында діни ағымдарды кеңестік заң нормаларына сәйкестендіруге әрекет жасады. Мұның мәнісі дін саясатын жүзеге асыру барысында большевиктер партиясының негізгі мақсаты адам құқықтарының бірі – ұждан бостандығын қамтамасыз ету емес, шіркеуді, барлық діни орындарды мемлекеттен бөлу болды. Большевиктер партиясының негізі ғылыми социализм идеясы, яғни марксизм болды. Дінге қатысты маркстік концепция диалектикалық материализмге негізделіп, дінді таптық көзқарас тұрғысынан қарастырды.

1918 жылдың 23 қаңтарында Халық Комиссарлар Кеңесі «мемлекетті шіркеуден бөлу туралы» декрет қабылдады. Іле-шала большевиктер осы декретті жүзеге асыруды тез арада қолға алуға бар күштерін салды. Сөйтіп, 1918 жылдың мамыр айында Халық Комиссарлар Кеңесі декретті жүзеге асыру үшін Заң Халық Комиссариаты жанынан арнайы «VIII – ші бөлімді» құрды. 1923 жылы 8 ақпанда үкіметтің «Діни бірлестіктерді тіркеу туралы» декреті, 1929 жылдың 8 сәуірінде «Діни бірлестіктер туралы» қаулысы қабылданды. Соңғы қаулы өкіметтің дін саласындағы саясатының сипатын өзгертті. Шіркеу мен мешіттер жаппай жабыла бастады. Мешіттер мен мектептерде діни ілімді оқытуға тиым салынып, арнайы мектептер жұмысын тоқтатты. Діни салтқа табынушылар есепте тұрып, қамауға алынғанға дейін отбасыларымен бірге ІХК бақылауында болды. Оған қоса соңдарынан аңду, бұйрық орындалғанға дейін тінту шаралары да пайдаланылды. Есепте тұрған діни қызметкерлер сайлау және сайлану құқықтарынан айырылды. Осылай көріп отырғанымыздай, большевизм көшбасшылары дінге қарсы іс-әрекетті социализмге жету жолында тап күресінің шиеленісуі идеясымен байланыстырғандығын байқаймыз.

Кеңестік билік өздерінің идеологиясын қазақ жерінде енгізуге кедергі жасайтын бірден бір күш - ислам діні деп есептегені де құпия емес. Сондықтан да ислам идеологиясы өкілдерінің көзін жою – кеңес өкіметі саясатының басты бағыттарының бірі болды. Олардың негізгі тараған жері Оңтүстік Қазақстан, Жетісу және бүгінгі Ақмола облысының аумағында да болғандығын деректер мен архивтік құжаттар арқылы негіздей аламыз. Жалпы, Ақмола өңірінде түрлі діндердің тоғысқан жері деп атауымызға болады.

Бүгінде Ақмола облысы аумағында 188 діни бірлестік пен олардың бөлімшелері жұмыс істейді. Олардың 89-ы ислам дінін, 44-і православ, 11-і католик, 43 протестант және біреуі дәстүрлі емес дін өкілдерінен құралған. Одан қалды мемлекеттік тіркеуден бас тартып отырған евангелиялық христиан-баптистік қауымды құрайтын 10 бірлестік бар. Осы орайда, қазақтың көрнекті саяси қайраткері Мұстафа Шоқайдың: «Большевик жолдастар, Сіздерде де «К.М.» (Маркс капиталы), біздерде де «К.М.» (Мұхаммед Құраны); одағымызда «К.М.», яғни «коммунистік - мұсылмандық» - деп жазған.

XX ғасырдың 20 жылдарында Ақмола губерниясында мұсылман дініне қарсы қозғалыс қыза түсті. «Дін – апиын» деген атпен барлық жерде молдаларға, діннен туындайтын дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарға қатаң тыйым салынды. Осы солақай науқанның барысында қазақ халқының ислам уағыздарына қатысы жоқ тарихи салттары да құрбандыққа шалынып жатты. Бұған архивте сақталған мына деректер толық айғақ бола алады. Ақмола губерниялық партия комитеті үгіт және насихат бөлімінің барлық аудандық комитеттерге исламға қарсы күресті күшейту жөнінде жолдаған хатынан (14 наурыз, 1927 жыл). «Мұсылман дінінің қазақ, татар жұртшылығына ықпалы күшті. 1926 жылы мұсылмандардың Бүкілресейлік съезіне делегаттар жіберу үшін елден 2000 сом жиналды. Діни мектептер, губернияда онша көп емес, үшеу. Оның екеуі Петропавл, біреуі Ақмола қаласында. Мұндағы мектепте 80 адам оқиды. Таяуда осындай тағы да 7 мектеп ашуға өтініш жасалды. Діни адамдар ересектер үшін медресе ашуға ұмтылып жүр. Ақмоладағы бір имам өзінің үйінде 20 кісіні оқытуда. Бізде жасырын ұйымдастырылған мектептер де бар болып шықты. Губернияда олардың саны – 11 109 адамды қамтиды. Діни адамдар өмірге бейімделе бастаған. Ислам шарифатында төрт әйел бір еркекке тең. Ал, Атбасар уезінде бір әйел махалла кеңесіне мүше болыпты. Олар осындай жолмен әйелдердің ықыласын өзіне қаратпақ. Байлардың қолпаштауымен діни қауым мешітке салық салмау, оларды тіркетпеу, совет мектептерін қаралау секілді әрекеттерге көшті. Ал дінге қарсы күрес жүйесіз, науқандық сипатта ғана жүргізілуде. Діни насихат біздің үгітімізден әлдеқайда ықпалды. Губернияда дінге қарсы насихатты өрістететін, жақсы дайындалған мамандар жоқтың қасы. Болжамды есепке жүгінсек, губернияда өз ісін жете білетін 153 имам, 78 муездин, 2 ишан бар. Дінге қарсы үгіттейтін әдебиет нашар жаздырып алынады. Мәселен, «ФЭН эм ден» (Наука и религия) журналы губерния бойынша 5-7 дана ғана тарайды. Ал отарлық діни басқарманың «Ислам» атты журналы 43 дана мөлшерінде қолға тиеді. Ислам дініне қарсы насихатты күшейту үшін мұсылмандар арасында мына шараларды жүзеге асыру керек. Олар төмендегідей:

1. Ислам мәселесі жөніндегі дінге қарсы үйірмелер мен ұялардың жетекшілері даярлансын;
2. Исламға қарсы насихаттың мазмұны мен методикасы белгіленсін;
3. Мұсылмандар арасында жүргізілетін исламға қарсы маңызды шаралар анықталсын;
4. Құдайсыздар одағының органдарындағы жұмысқа жоғарылату үшін үйірмелердің неғұрлым білікті және қабілетті мүшелері анықталсын;
5. Даярлығы жақсы жолдастар исламға қарсы күрес мәселесі бойынша баспасөзде сөйлеуге дайындалсын;
6. Жергілікті діни ұйымдар туралы деректер жиналсын;
7. Совет аппаратының түрлі жолдармен діни мектептер ашуға көмектесетін, оларды таратумен айналысатын қызметкерлеріне қарсы аяусыз күрес жүргізілсін;
8. Совет, әкімшілік және сот органдарымен бірлесе отырып, Совет үкіметінің заңдарын бұзатын, Советке қарсы үгіт жүргізетін ислам дінінің адамдарына қарсы күрес жолдары белгіленсін;
9. Тұрғындардың арасында ауызша және баспасөз арқылы діни ұйымдарды қаржыландыруға ақша беруді тоқтату жөнінде түсіндірме жұмысы жүргізілсін;
10. Пионерлер арасында ата-аналарының қостауымен діни мектепке баратындар байқалады, сондықтан ата-аналармен, пионерлермен жұмыс күшейтілсін;
11. Қазақ және татар мектептеріне саяси білім мен исламға қарсы насихат мәселелері енгізілсін;
12. Мұсылман әйелдерінің арасында оларды діннен қорғау жұмысы жүргізілсін делінген.

Ақмола губерниялық партия комитеті мұсылман секциясының 1927 жылғы маусымдағы хабарынан: «1926 жылға дейін исламға қарсы үгіт сылбыр жүргізілді. Қазір мұсылман секциясы 6 айлық жоспар құрып отыр. Екі кеңейтілген кеңес өткізілді. Алғашқысына 60-70 қазақтар мен татарлар қатысты. Соңғысы 100 адамды қамтыды. Ораза мен құрбан айтына қарсы науқандық жұмыстар өрістетілді. Сегіз ауылда айт кезінде діннің зияндығы жөнінде лекциялар оқылып, 3,5 мың адаммен әңгіме өткізілді дей келе, Ақмола губерниялық партия комитетінің өлкелік кеңеске жолдаған қарарларынан: «Ақмола губерниясында 417775 қазақ, 24230 татар дінге сенеді. Кейінгі кезде мұсылман мектептерінің беделі өсіп отыр. Олардың үш-төртті ашық

жұмыс істейді, жасырын ашылғандары өте көп, біздің есебіміз бойынша – 23. Соның біреуі ғана жабылды. Бұл исламға қарсы күресе алмай отырғанымыздың көрінісі. Мұсылмандардың Бүкілодақтық съезінен кейін дінге үгіттеу күшейді. Енді мына күрес тәсілдерін күшейту керек: – Партия, комсомол ұйымдары бар жерлерде дінге қарсы «Дағриляр» ұйымдары құрылсын. Оған құдайсыз мұғалімдер тартылсын; – Жаратылыстану жүйесінде әңгіме өткізгенде діннің зияндығы баса айтылсын; – Дінге қарсы спектакльдер көрсетілсін» (Бұл да сол архивте). Ақмола округтік комитетінің шіркеулер мен мешіттерді жабу қозғалысын бақылауға алу жөніндегі қаулысынан: «Дінге қарсы қозғалыстың күшеюіне байланысты Промышленный ауданында 17 шіркеудің 12-сі жабылды. ГПУ бастығы Петров жолдасқа бұл қозғалысты зерттеу тапсырылсын. Жабылған мешіттер мен шіркеулерге тез арада материалдар толтырылып, жергілікті орындарға оларды ыдырату жөнінде қатаң нұсқау берілсін. Тиісті шара қолданбаған әкімшілік бөліміне сөгіс жариялансын деген құжаттарды да байқауымызға болады.

Діни қауымдарға қарасты діни ғимараттарды жою немесе жабу туралы кеңестік билік органдарының ұстанымдарымен шешімдері тұтас мұрағат істері мен жеке құжаттарда көрініс табады. Мысалы, 1932 жылы 20 қазанда БОАК Төралқасының № 60 хаттамасына сәйкес шіркеулерді жою мәселелері қаралса, ҚазАКСР Көкшетау қалалық кеңесіне жергілікті Дін істері жөніндегі комиссия хатшысының 1934 жылдың 5 маусымында жолдаған қызметтік хатында қаладағы мұсылман қауымының мешіт жанындағы күзетші үйінің тартып алынуына байланысты шағымданғандарын айта келе, заңсыз тартып алынған мешіт күзетшісінің үйін діни сенушілерге қайтаруды сұраған деректерді көреміз. Осыған ұқсас жағдайлар республикамыздың барлық аудандарында болғандығын көреміз. БОАК төрағасының Қазақ КСР бойынша діни бірлестіктер мен ғибадатханалардың 1918-1931 жылдар аралығында 1630 діни ғимарат, олардың ішінде 782 мешіт жабылса, 1931-1933 жылдары 8 ғимарат жабылғандығы айтылады. Ал, Ақмола өңірінде 1920 - 1930 жылдардағы дінге қарсы жұмыстардың қарқындылығы өте жоғары деңгейде жүргізіліңдігінің дәлелі ретінде, XIX ғасырдың аяғында дүниеге келіп, XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы тоталитаризмнің тағдыр кешті тарихын басынан өткерген дін қайраткері, ғұлама абыз Сәдуақас Ғылымидың «Тарихи Уақиға» (Көз көргендер) атты деректік қолжазбаларында:

«... Отырмыз Ақмоланың түрмесінде, Тәңірдің кездескен соң кермесіне...

Жатырмыз тұтқын үйде мал тәрізді Тәңір мен ұлыққа айтып мол арызды. Кілтті есік тор терезе аңдушы көп, Жалынасың, зарлайсың ағатайлап.

Толғанып олай, былай жүрер жер жоқ,

Елестеп көз алдыңа ажал өлім» - деп Ақмола түрмесінде 1932 жылдың шілде айында жазылғандығын көруімізге болады. Бұл қолжазба бүгінгі репрессия тарихына қатысты деректік құжат ретінде маңызы терең.

Республикада негізінен дінге қарсы күрес 20 - жылдардың орта кезінен бастап ұйымдасқан сипат алды. Дінді қоғамдық өмірден сәтті ығыстыру үшін коммунистер 1925 жылдың сәуірінде «Дінсіздер одағы» құрылды. Ал 1929 жылдың маусымында бұл одақ «Жауынгерлік дінсіздер одағы» болып өзгертілді. Партия тарапынан одақтың алдына мынадай міндеттер қойылды:

- а) дінмен идеялық күрес;
- ә) еңбекшілерде ғылыми дүниетанымды қалыптастыру;
- б) діндар адаммен жеке жұмыс жүргізу;
- в) атеистік әдебиеттерді шығару;
- г) ғылыми-жаратылыс білімін насихаттау және т.б.

Қазақстанда «Дінсіздер одағының» ұялары мен үйірмелері 1926-1927 жылдардан бастап пайда бола бастады. Кейіннен «Дінсіздер одағының» қалалық және аудандық Кеңестері пайда болды. Кеңестердің жанынан қазақ жастарының секциясы ұйымдастырылды. Бұл секцияларда әр ай сайын дінге қарсы тақырыптарда дәрістер оқылып, онда ислам дінін құбыжық ретінде

көрсету басты орында тұрды. Қазақстандағы «Кіші қазан» дінге қарсы насихатпен қатар жүргізілді. 1926 жылдың қыркүйегінде БК (б) П Қазақстан Өлкелік комитеті жанынан дінге қарсы насихат жүргізетін комиссия ұйымдастырылды. Комиссияның құрамына Б.Мырзахмедов, И.Хухарев және Н.Арықова кірді. Комиссия дінге қарсы жұмысқа комсомол, Қоспшы одағы, кәсіподақтарды және де әртүрлі ұйымдарды белсенді түрде тартуға тырысты. Бірте-бірте дінге қарсы насихат дінге қарсы күреске ұласты. Мысалы: «...Ақмола округінің азаматы Әділбаев Ахмед өзінің отбасымен Гурьев округіне «қауіпті антисоветтік элемент» деген жаламен жер аударылуының негізсіз екенін, хандар, сұлтандар тұқымына жатпайтынын, оның үстіне 52 бас қана ірі қара малы болғанын айта келе өзі жайлы мынадай мәлімет береді: «Мен жоғары мұсылман білімін алғаш Ақмола губерниясында, онан соң 2 жыл Мединеде, Арабиядағы «Ишф-ха» медресесінде, онан соң Египеттегі Каир қаласында «Жамие Асхари» медресесінде алдым. Отаныма араб тарихшылары: Ибн Халдунның, Ибн әл Асирдің, Талфикул Акбардың, Ибн Халекеннің және басқалардың еңбектерін алып оралған мен Исламның тарихын жаза бастадым. Осы тарихқа байланысты қабір ескерткіштерін және Қазақстанның өзіндегі исламның тарихына байланысты жазба құжаттарды зерттей бастадым. Осындайда қазақ байларын жер аудару және олардың мүлкін тәркілеу науқанында Ақмола ОГПУ-і менің 45 пұт кітаптарымды, соның ішінде жоғарыда көрсетілген араб тарихшыларының шығармаларын, сондай-ақ менің Мединедегі, Каирдегі курстарды бітіргендігім туралы дипломдарымды және Константинополда Шейх ұлы Ислам маған тапсырған дипломымды да алып қойды...» - делінген. Ислам қайраткерлерінен арылуды мақсат еткендіктен басшы органдар олардың арыз-шағымдарына құлақ аса қойған жоқ.

XX ғасырдың 30-жылдарынан бастап тек мұсылман дін иелері ғана емес, сондай-ақ басқа да діннің өкілдері жаппай қуғын-сүргіннің қармағына ілікті. 1937 жылы Қазақ өлкелік комитеті «діннің таптық мәнін түсіндіре отырып, дінге қарсы үгіт-насихатты кең құлашпен жүргізу» туралы шешім қабылдады. Осы кезден бастап «еңбекшілердің таптық жауы» ретінде дін иелеріне қарсы қатаң жазалау шаралары жүргізілді.

Қазақстанның түкпір-түкпірінде молдалар мен ишандарға, тәуіптер мен бақсыларға қарсы қудалау науқаны басталды. 1937-1938 жылдары қазақ ауылдарындағы дін иелерінің барлығы дерлік ұсталып, түрмеге жабылды не ату жазасына кесілді.

Бүгінгі күні біздің басты мақсатымыз бар мүмкіншіліктеріміз бен ғылыми әлеуетімізді сарқа отыра, тарих алдындағы парызымызды өтеу!



---

АСТАНА ҚАЛАСЫНДА ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚОРҒАНЫС МИНИСТРЛІГІНДЕГІ, ҰҚК, ПМ МҰРАҒАТЫНДА (ВЕДОМОСТВАЛЫҚ) АРНАЙЫ ЖҰМЫС НӘТИЖЕСІ

---

**Аңдатпа:** Бұл мақалада 1939-1945 жылдары екінші дүниежүзілік соғыс кезінде тұтқында болған, оның ішінде Түркістан легионында болған қазақстандық әскери тұтқындарды ақтау мақсатында ҚР Қорғаныс министрлігінің саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау мәселелері бойынша консультативтік жұмыс тобы өткізген іс-шаралары туралы айтылады.

**Кілт сөздер:** Қуғын-сүргін, Түркістан легионы, тұтқындар, әскери тұтқындар, партизан, отрядтар.

**Аннотация:** В данной статье подробно рассказывается о мероприятиях, проводимых в Министерстве обороны рабочей консультативной группой по вопросам реабилитации жертв политических репрессий казахстанских военнопленных, находившихся в плену во время Второй мировой войны в 1939-1945 годах, в том числе в Туркестанском легионе.

**Ключевые слова:** репрессии, Туркестанский легион, узники, военнопленные, партизаны, отряды.

**Annotation:** This article describes in detail the activities carried out in the Ministry of Defense by the working advisory group on the rehabilitation of victims of political repression of Kazakh prisoners of war who were held captive during World War II in 1939-1945, including in the Turkestan Legion.

**Keywords:** repression, Turkestan Legion, organization-mobilization, prisoners, prisoners of war, partisans, detachments.

---

2021 жылдың 24 қарашасында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссия туралы» Жарлыққа қол қойғанына тура бір жыл толады. Бүгінге дейін Мемлекет хатшысы Қырымбек Көшербаевтың төрағалығымен Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссияның үшінші отырысы өтіп, енді Мемлекеттік комиссияның ұйымдастыру кезеңі аяқталғаннан кейін ғалымдардың ғылыми-зерттеу жұмыстары белсенді түрде жүргізіліп, ғылыми сарапшылар еліміздің түрлі мұрағаттарында жұмыстарын бастады.

1941-1945 жж. Ұлы Отан соғысына қатысу тақырыбы қазақстандық тарих ғылымында біршама терең дамыған. Соғыстың басталғанына биыл 80 жыл толып отыр. Өткен соғыс тақырыбы отандық тарих ғылымының маңызды мәселесі болып, академик М.К. Қозыбаев, сондай-ақ ғалым-тарихшылары – Н.Е. Едігенов, П.С. Белан, Т.Б. Балақаев, Т.Құлбаев, А.Б. Тасбулатов, Г.М. Меңдікүлова, Н.А. Абдуллаев, Л.С. Ахметова, Қ.С. Алдажұманов, С.Ф. Мажитов, Г.К. Көкебаева және т.б. еңбектерінде соғыс мәселесі кеңінен таралған.

Отанымыздың бір миллион сегіз жүз мыңнан астам ұл-қыздары шайқасқа түсті. Миллиондаған жерлестеріміз еңбек етті, барлығы майдан үшін, жеңіс үшін деп аянбады. Екінші дүниежүзілік соғыс көптеген адамдарға қасірет әкелді, халықтардың тағдырын түбегейлі өзгерткені бәрімізге мәлім.

Жұмыс барысы аясында 1939-1945 жылдары екінші дүниежүзілік соғыс кезінде тұтқында болған, оның ішінде Түркістан легионында болған қазақстандық әскери тұтқындардың саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау мәселелері бойынша консультативтік жұмыс атқару тобымен Қорғаныс министрлігінде өткізілген іс-шараларға тоқтала кетсем:

1) ҚР ҚК БШ Ұйымдастыру-жұмылдыру жұмысы департаментінен алған мәліметтер негізінде 1939-1945 жылдары шақырылғандар тізімінің электрондық нұсқасы алынды;

2) ҚР ҚМ Орталық мұрағатында 1939-1945 жылдары екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында тұтқында болған, оның ішінде Түркістан легионында болған қазақстандық әскери тұтқындардың деректер базасын құру мақсатында «1939-1945 жылдардағы Екінші дүниежүзілік соғыстың қазақстандықтар-әскери тұтқындары» атты арнайы қоры ашылды;

3) жергілікті әскери басқару органдарының мұрағатынан (ҚР ҚМ қорғаныс істері жөніндегі департаменттері) әскери тұтқындардың саны туралы ақпарат жинау бойынша жұмыс жүргізілді. Барлығы 3560 адамға жетерлік мәліметтер бар, оның ішінде 3444 – әскери тұтқындар.

4) 2021 жылғы 31 мамырда Нұр-Сұлтан қ. ҚР ҚК Әскери-тарихи мұражайының базасында «Қайтарылған есімдер» аты онлайн-көрмесі ұйымдастырылды және өткізілді. Осы зерттеу тақырыбы шеңберінде біздің топтар 2021 жылы «1939-1945 жылдары фашистік Германияның, Финляндияның және 2021 жылғы 27 қазанда «Түркістан легионында» Уақытша болған қазақстандық әскери тұтқындар бойынша материалдар жинау бойынша тәжірибе алмасу туралы» атты Республикалық тақырыптық семинарға қатысты. Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық оңалту жөніндегі мемлекеттік комиссияның мүшесі, Мемлекеттік комиссияның қызметін қолдау жөніндегі жобалық кеңсенің басшысы Сабыр Ахметжанұлы Қасымовтың модераторлығымен.

Семинарды Мемлекет комиссияның жобалау офисі және Солтүстік Қазақстан облысының әкімдігімен бірлесіп ұйымдастырды. Нұр-Сұлтан өңірлік комиссиясының топ жетекшісі полковник Асқар Советқанұлы Макипов бұл семинарда белсенділік танытты.

Семинарда әскери тұтқындардың 6 бағытта болуы туралы шешім қабылданды: әскери және басқа бөлімдерде қызмет етпеген әскери тұтқындар; қарусыз бөлімдерге (жұмыс батальондарына) қабылданған әскери тұтқындар және т. б.

1941 жылғы 16 тамыздағы № 270 «Әскери қызметшілердің тұтқында жау қолына қару тапсыру және қаруды қалдыру жауапкершілігі туралы» бұйрығының 3-тармағына сәйкес Жоғарғы Бас қолбасшылықтың штабы қоршауға алынған бөлімдер мен бөлімшелерге қасық қаны қалғанша шайқасып соңғы мүмкіндігіне дейін жанқиярлықпен соғысып, материалдық қару-жарақтарды көздің қарашығындай сақтап, фашисттерді талқандап, әскерлерінің тылына өтуге бұйрық берілді делінген.

Ал 1941 жылғы 11 тамызда мемлекеттік қорғаныс комитетінің төрағасы И. В. Сталин «Әскери қызметшілерді тұтқындау тәртібі туралы» № 460 қаулыға қол қойды, онда әскери қызметшілерді әскери қолбасшылықпен келісу арқылы қамауға алу тәртібі белгіленді, бұл КСРОның 1936 жылғы Конституциясының 127-бабына қайшы келді, ол КСРО азаматтарына жеке басының қол сұғылмауын жариялады, бұл соттың қаулысымен немесе прокурордың санкциясынан басқа ешкімді тұтқындауға болмайды делінген. КСРО азаматтарын тұтқындаудың басқа тәртібі немесе әскери қолбасшылықпен адамдарды қамауға алуды кез-келген келісу қарастырылмаған және заңсыз болып табылады.

Қазақстанның барлық 17 аймағының өкілдері – өңірлік комиссиялардың жұмыс топтарының басшылары мен мүшелері баяндамашылар ретінде қатысты. Нұр-Сұлтан, Алматы,

Шымкент, Алматы, Ақмола, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қостанай, Қызылорда, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарының өкілдері. Баяндамашылардың пікірінше архивтерде бұрын белгісіз материалдар табылып жатқанын тілге тиек етсе, ал қазақстандық әскери тұтқындар туралы әлі де зерттеуді қажет ететін көптеген құжаттық деректер бар екенін атап өтті. Қатысушылардың жалпы пікірі бойынша, негізгі мәселелердің бірі ретінде Қазақстан Республикасы ҰҚК және Ішкі істер министрлігінің арнайы мемлекеттік мұрағаттарында орналасқан қорларын және мұрағаттық істерді құпиясыздандыру жұмысын атап өткен жөн.

Екінші дүниежүзілік соғыс кезіндегі неміс тұтқындарындағы кеңес сарбаздарының тағдырымен байланысты тарих парақтары әлі өз деңгейінде зерттелген жоқ. Көптеген мұрағаттар ашылуға және кеңестік әскери тұтқындардың тағдыры туралы жаңа, бұрын белгісіз мәліметтер алуға мүмкіндік бар екені белгілі. Көптеген жауынгерлер әлі күнге дейін із-түзсіз жоғалғандардың есебінде.

Тобымыздың атқарылған жұмысы аясында, ІІМ арнайы мұрағатында мәліметтер бары анықталды. Ақмола облысының бұрынғы әскери тұтқындарының жарияланатын тізімі бүгінгі күні шамамен 4 445 адамды құрайды. Тұтқындаудан босатылғаннан кейін олар сүзуден өтті. Сүзу комиссиясының шешімі әртүрлі болуы мүмкін: майдандағы армиядағы қызметті жалғастыру, ГУЛАГ лагерлеріне жіберу немесе әкімшілік тәртіппен НКВД-нің құрылысына жіберілді. Бұрынғы әскери тұтқындардың көпшілігі тұрғылықты жеріне оралды және ұзақ уақыт бойы жергілікті органдардың бақылауында болды.

Материалдарды зерттеп-зерделеу кезінде неміс лагерлеріндегі тұтқындау жағдайлары, тұтқындау және еңбек жағдайлары туралы түсінік береді. Сонымен қатар, әскери тұтқындарды ауыстыру жолдарын, лагерьлерде болу мерзімдерін, неміс билігінің өнеркәсіптік нысандарында әскери тұтқындардың еңбегін пайдалануды, тұтқындаудан қашуға, партизан отрядтарына қосылуға және сүзу лагерлерінде мемлекеттік тексеруден өту орындарын байқауға болады.

Ресми құжаттарда олардың барлығы «бұрынғы әскери қызметкерлер» деп аталды. Қолданыстағы ережелерге сәйкес, хабар-ошарсыз жоғалған жауынгерлері «қайтарымызсыз шығындар» ретінде ескерілді. Олардың есімдері Қарулы Күштердің тізімдік құрамынан сызылып тасталды. Тұтқындау әскери атағынан айрылуға және әскери қызметшінің отбасын ақшалай жәрдемақыдан айыруға әкеп соқты.

Топ мүшелерінің жұмысының негізінде, неміс тұтқында болған, бірақ аман қалған және Отанына оралған командирлер мен қызыл әскерлердің, сондай-ақ тұтқында қаза тапқандардың мәліметтері берілген. Олардың барлығы Ақмола облысының тумалары немесе соғыс қарсаңында облыс аумағында тұрып, аудандық және қалалық әскери комиссариаттармен әскери қызметке шақырылған.

Қазіргі таңда осы біздің комиссия мүшелерімен жұмыс қортындысы нәтижесі бойынша кең көлемді кітап жинағы шығарылуы жоспарлануда, ұзақ уақыт белгісіз адамдардың есімдерін қайтаруға мүмкіндік аламыз. Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде лагерь тұтқындарының осы мәліметтер базасын жариялау тұтқында болған немесе тұтқында қайтыс болған адамдардың адал есімін қалпына келтіруге көмектесетініне нақты сенімдімін.

КАК СОВЕТСКАЯ ВЛАСТЬ БОРОЛАСЬ С РЕЛИГИЕЙ В АКМОЛИНСКЕ –  
ИСТОРИЧЕСКИЙ ОБЗОР



В Государственном архиве города Нур-Султана хранится немало материалов, в которых отражена трагическая история борьбы советской власти с религией.

С победой власти Советов мирная духовная жизнь города Акмолинска была нарушена. Как это было заведено, «по просьбам трудящихся» синагога была передана городскому совету и переоборудована под школу уже в первые годы советской власти. Мусульманские мечети и православные церкви еще некоторое время продолжали собирать верующих, но их участь также была предрешена.

– Строительство первой мечети в Акмоле (ее называют «старая мечеть», «первая мечеть», «деревянная мечеть») началось в 1838 году. Имя султана Коньркулжи Кудаймендина, построившего ее на собственные средства, до сих пор в нашем городе произносятся с большим уважением, – говорит Газиза Исахан, руководитель научно-исследовательского отдела Государственного архива города Нур-Султана.

По ее словам, при этой мечети в 1842 году при поддержке верующих было открыто религиозное учебное заведение, где обучали чтению, письму на чагатайском, арабском языках, изучали Коран. Необходимые учебники и книги приобретались родителями и родственниками. В 1843 году мулла, который обучал местных мусульманских детей, построил близ мечети небольшой дом.

С прибытием в город Акмолинск очередного каравана в этой мечети обязательно проводились благотворительные обеды. «Деревянная мечеть» стала местом сбора мусульман из близлежащих селений для чтения молитв, видным зданием города.



К сожалению, это религиозное сооружение сгорело в 1920 году.

Уже в наши дни, 22 июня 2019 года, на фасаде дома, что построен на месте первой мечети (бывшая улица Мечетная, а теперь улица Иманова, дом 2), была установлена мемориальная доска.

На месте сгоревшей первой на средства состоятельных людей, верующих во главе с известными в городе предпринимателями братьями Косшыгуловыми возвели новую мечеть из обожженного красного кирпича. В народе она носила название «каменная» или «красная». Имамом ее стал Абдрахим Исмагилов.

В Акмолинске была и вторая мечеть. Ее в 1895 году за свой счет построил один из богатейших людей Акмолинска – купец 2-й гильдии Нурмухаммед (Нуркен) Забиров. Эта деревянная мечеть, получившая в народе название «татарская» или «зеленая» от цвета стен, располагалась на бывшей Церковной улице, позже носившей имя Ленина (ныне пересечение улицы Абая и проспекта Республики).

– Когда мы говорим о культовых сооружениях в городе, то нужно вспомнить историю нынешнего Константино-Еленинского собора, – говорит Газиза Исахан. – В 1843 году в станице Акмолинской была походная православная церковь. Ею руководил священник Михаил Никольский. Он неоднократно обращался к начальству с просьбами о строительстве постоянной церкви. Наконец, строительство поручили гарнизонному инженеру Воротникову. Церковь была воздвигнута в 1854–1856 годах на средства Сибирского казачьего войска и пожертвования жителей Акмолинского селения. Внутренние работы полностью завершили в 1858 году. Как собственность казачьего войска, церковь была в 1900 году перенесена из крепости (сейчас там стадион имени Мунайтпасова) в станицу (ныне проспект Республики). В 1913 году ее оштукатурили и побелили, поэтому она и сейчас производит впечатление каменной.

Другой достопримечательностью старого города был Александро-Невский собор. Основание его было заложено в память о чудесном спасении императора Александра III и его семьи 12 мая 1891 года в катастрофе на железной дороге Курск – Харьков. Собор строился на средства городского управления, пожертвования горожан, в том числе известных купцов Кубрина, Попова, Силина.

Собор расположился между современными улицами Абая и Бегельдинова на месте нынешнего столичного акимата. Его проект разработал специально приглашенный из Тобола инженер-технолог Павел Голышев. Внутренние стены и крыша церкви, возведенной без единого гвоздя, были украшены в 1914 году учеником знаменитого живописца Виктора Васнецова – московским художником Михаилом Тимофеевым. Интерьер и внешний вид собора отличались изысканным, ценным убранством.





Одним из первых документов большевиков, придерживавшихся лозунга «религия – опиум для народа», после взятия власти стал Декрет об отделении церкви от государства.

Акмолинский окружной комитет 23 мая 1929 года направил в КазЦИК обращение с просьбой разрешить использовать для нужд города одну мечеть (мечеть № 1) и городской собор, ссылаясь на ходатайства трудящихся, чрезвычайный жилищный кризис и необходимость расширения культурно-просветительной сети в Акмолинске.

Постановлением КазЦИК от 20 марта 1930 года были закрыты первая мусульманская мечеть и Александро-Невский собор.

– Однако столь радикальные инициативы горсовета не нашли тогда поддержки центральных властей, – отмечает в связи с этим историк Галия Алпыспаева.

Из Москвы в адрес местных властей пришла телеграмма такого содержания:

«Постановление Председателя ЦИК КазАССР от 20.03.1930 года отменить. Собор и мечеть оставить верующим».

Такое решение объяснялось тем, что от верующих горожан поступило массовое количество жалоб в центральные органы власти.

Тем не менее городские чиновники, судя по документам, обнаруженным в столичном архиве Галией Алпыспаевой и Газизой Исахан, снова и снова обращались в центральные органы власти с просьбой закрыть в Акмолинске религиозные учреждения.

В конечном счете, не дождавшись выгодного им решения, горсовет приступил к изъятию культовых зданий у верующих.

Первую мечеть передали в пользование историко-краеведческому музею, Александро-Невский собор – Народному дому. Вскоре оба здания оказались в полуразрушенном состоянии.

Центральные власти запросили материалы этого дела с целью провести проверку по новым жалобам верующих. В ответ городской совет отправил в Москву телеграмму следующего содержания: «...совершенная переделка и переоборудование зданий лишило их значения, пригодного для религиозных обрядов».

При этом не обошлось и без обмана: число верующих в городе определялось в 150 человек при соборе и «немного при мечети». Хотя еще в 1929 году число мусульман официально определялось в 623 человека, а православных – в 919. Конечно, и эти цифры были сфальсифицированы в сторону уменьшения, о чем свидетельствуют последовавшие в скором времени многочисленные протесты верующих.

Более того, вскоре горсовет принял новое постановление: мечеть № 2 («зеленая») передавалась под библиотеку, а Константино-Еленинская церковь просто закрывалась. Решение обосновывалось якобы неуплатой верующими местного налога.

Государственный архив реализовывает совместные выставочные проекты. В 2017 году Документальная выставка «Симбирская провинция в эпоху Великой Российской революции» была подготовлена совместно с Государственным архивом новейшей истории Ульяновской области, Государственным архивом Российской Федерации и Государственным архивом социально-политической истории. В экспозицию вошли документы о событиях революции и гражданской войны на территории Симбирской губернии, о политических деятелях и увековечивании памяти о них.

В ноябре - декабре 2020 года реализован совместный выставочный проект со Свердловскими архивами. Документы Государственного архива Ульяновской области были представлены на международной выставке архивных документов «Русская православная церковь в годы Великой Отечественной войны 1941-1945 гг.», в Музее святой Царской семьи Культурно-просветительского центра «Царский» Свердловской области.

Представленные на выставке экспонаты рассказали о важнейшей роли Русской Православной церкви для народа, на долю которого выпали тяжелые испытания в годы войны. Документы свидетельствуют о том, как православные приходы с первых месяцев войны собирали средства на нужды обороны, как патриотическая позиция церковнослужителей объединяла людей в борьбе с врагом под знаменем веры.

«Мы раскрываем малоизвестные страницы истории нашей Родины. Одна из этих страниц, еще полностью непознанная – это роль Русской Православной Церкви в годы войны. Здесь



только тысячная доля того, что лежит в наших архивах, хотя мы задействовали много архивных учреждений и духовно-просветительских организаций. Самое лучшее – это когда мы делаем что-то вместе, когда мы объединяем усилия так же, как когда-то в 1941 году народ объединился, чтобы противостоять агрессии» - прокомментировал на открытии выставки начальник Управления архивами Свердловской области А.А. Капустин.

Помимо наших документов в экспозиции были представлены копии архивных документов из коллекций 17 архивных и духовно-просветительских учреждений Свердловской области, Москвы, Санкт-Петербурга, Минска, Тобольска, Челябинска, Кунгура, Перми.

Сотрудничество средств массовой информации и архивов в современном обществе также является неотъемлемой частью.

Наш архив на протяжении многих лет активно взаимодействует с научно- документальным журналом архивной службы Татарстана «ГАСЫРЛАР АВАЗЫ - ЭХО ВЕКОВ», а также с отраслевыми журналами «Отечественные архивы», «Вестник архивиста» и газетой Свердловской области «Архивные ведомости». Познать историю родного края, родовые корни, глубинные традиции, жизнь и быт народов Поволжья помогают региональные историко-краеведческие, литературные журналы, краеведческие рубрики теле-радиопередач.

В условиях современности Государственный архив Ульяновской области тесно сотрудничает с архивными учреждениями ПФО и РФ в рамках совместных проектов и своих собственных.

В апреле 2019 года в Ульяновской области стартовал образовательный проект «АКАДЕМИЯ АРХИВНОЙ СЛУЖБЫ» (приуроченный к 100-летию архивной службы региона), который открыл новое направление архивной работы.

Любая сфера деятельности подразумевает постоянное совершенствование форм и методов работы. Так и в архивном деле необходимо постоянно повышать свою квалификацию, компетентность, получать новые знания.





В рамках реализации проекта «Академия архивной службы» 6 раз в год организуются публичные лекции, которые проводят лучшие специалисты архивного дела, историки не только Ульяновской области, но и других регионов. В ходе работы Академии архивисты государственных и муниципальных архивов приобретают новые профессиональные навыки, повышают квалификацию, а молодые специалисты знакомятся с опытом работы лучших экспертов в сфере архивного дела. Кроме того, проект способствует популяризации архивного дела и архивных документов.

В проекте участвует не только архивная служба, но и Партнерами Академии выступают высшие учебные заведения – Российский государственный гуманитарный университет, Ульяновский государственный университет, Ульяновский государственный педагогический университет, а также Российский государственный архив социально-политической истории.


За два года работы Академии лекторами выступили доктора исторических наук, доктора юридических наук, директора, специалисты государственных архивов, деканы, профессора-преподаватели высших учебных заведений ПФО и РФ по направлению делопроизводства и архивоведения.

В условиях пандемии Академия не прекращала своё существование, архивисты быстро перестроили работу в формат онлайн-платформ и количество слушателей даже увеличилось.

В год столетия архивной службы Ульяновской области помимо Академии архивной службы стартовал ещё один крупный проект- Региональный Фестиваль «Архивный хронограф».

Фестиваль проходит в марте при поддержке Правительства Ульяновской области, Министерства искусства и культурной политики региона и историко-архивной комиссии.

Для нашего региона это большое событие, в рамках которого состоятся самые разнообразные культурные мероприятия. Это уникальная площадка для обмена опытом и идеями, где представляются лучшие практики и достижения в архивной деятельности, которые заинтересовывают как профессиональное сообщество, так и широкую публику. Он охватывает территорию всей Ульяновской области и проводится силами двух Государственных и 24 муниципальных архивов. Фестиваль способствует созданию единого культурного пространства, развитию сотрудничества и партнерства в российском архивном сообществе.



В рамках Фестиваля проходят научно-практические архивные конференции, торжественные архивные собрания, семинары, круглые столы, публичные лекции, документальные выставки, мастер-классы, экскурсии, квесты, конкурсы исследовательских работ, творческие встречи и презентации личных архивов, проводятся исторические уроки для школьников и студентов.


Благодаря Фестивалю мы приобрели много новых друзей: его участниками стали коллеги-архивисты из Москвы, Нижнего Новгорода, Волгограда, Пензы, Самары, Саратова, Сызрани, республики Татарстан, Мордовии, Чувашии. Успешное взаимодействие архивистов отвечает интересам сохранения исторической памяти, бережного отношения к общему прошлому наших народов.

Эти масштабные проекты, и Академия Архивной службы, и Региональный Фестиваль «Архивный Хронограф» действуют в Ульяновском регионе на постоянной основе.

Планируется и дальнейшее проведение совместных архивных мероприятий, приуроченных к памятным и знаменательным датам, тем более применение информационно-коммуникационных технологий позволяет сегодня организовывать мало затратные интерактивные межрегиональные мероприятия. Хочется подчеркнуть, что благодаря расширению сотрудничества с региональными архивами изучается передовой опыт в области архивного дела, реализуются новые совместные проекты в интересах общества и государства.

Все совместные проекты носят просветительский характер и способствуют популяризации и сохранению исторического и культурного наследия Ульяновского края и России в целом.

## Жаңа кітаптар



С.А. Бағдатова

Институт истории государства Комитета Науки МОН РК,  
кандидат исторических наук

## ЕЛОРДА – СИМВОЛ НЕЗАВИСИМОСТИ

В знаменательной год 30-летия независимости Республики Казахстан, Архивом г.Нур-Султан, совместно с учеными Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева и Института истории государства Комитета науки МОН РК подготовлено научно-популярное издание «Елорда – тәуелсіздік символы / Елорда – символ независимости» (объем 24 п.л.). В издании использована репрезентативная основа систематизированных архивных документов и материалов, охватывающих события от преддверия обретения независимости (1990 г.) до наших дней. На данной фундаментальной основе проводится осмысление приоритетной роли Первого Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева в созидании новой столицы государства, определении глобальных перспектив столичного города.

В основных разделах научно-популярного издания «Независимость», «Елбасы», «Елорда» характеризуется история становления новой столицы независимого Казахстана, города Нур-Султан (Астана), освещаются исторические аспекты переноса столицы и городского строительства. Показано, что в 90-е годы прошлого столетия объективная необходимость переноса столицы сформировалась во всех сферах жизни казахстанского общества. Проект переноса столицы был тем более актуален, так как оставшиеся в наследие от советского прошлого, столичные города не могли содействовать изменению исторического сознания населения в них «всегда чувствовался холодок жесткой политики того времени». В целях патриотического воспитания ровесников независимости, было необходимо кардинально трансформировать внешний облик, внутреннее содержание столицы. Как показали последующие события, эта цель была достигнута в кратчайшие сроки. Наряду со всеми присущими национальной государственности атрибутами, новая столица, стала фундаментом независимого государства.

Характеризуя роль Первого Президента в становлении новой столицы независимого Казахстана, авторы особо подчеркивают, Елбасы отдал этому городу не только свой труд, он вложил в него свою душу. Учитывая значительный вклад Н.А. Назарбаева в становление современного

Казахстана, Президент Республики Казахстан Касым-Жомарт Токаев, предложил присвоить столице имя Елбасы. Указ Президента «О переименовании города Астаны - столицы Республики Казахстан в город Нур-Султан - столицу Республики Казахстан» был опубликован 23 марта 2019 года. Авторы отмечают, что в 90-е годы прошлого века, представители столичной интеллигенции, выступили на страницах средств массовой информации с следующим обращением: «Известные уроженцы нашего края предлагают назвать столицу Казахстана - «Нур-Султан». Данная инициатива была воплощена в жизнь через двадцать лет, в жизни столичного города, который по праву называют «детисцем» Елбасы Нурсултана Назарбаева, наступила новая эра, имеющая особую значимость для каждого казахстанца.

Авторами научно-популярного издания дана всесторонняя, объективная характеристика идее переноса столицы и ее реализации на практике, тесной взаимосвязи событий национальной истории с теориями «миграции столиц», «влияния окружающей среды». Характеризуются ключевые этапы становления столицы, природно-климатические условия в контексте истории региона. Показано осуществление колоссального объема работ в процессе строительства столичного города через призму деятельности Государственной комиссии по передислокации высших и центральных органов, первых градоначальников и руководителей специальной экономической зоны «Астана – новый город». Подчеркивается, что кардинальные изменения переходного периода 1996-2000 годов, в истории становления новой столицы считаются только начальным этапом данного процесса, заложившего прочный фундамент суверенного государства.


Особую роль в исследовании истории переноса столичного города, играет этап анализа и введения в научный оборот архивных материалов и документов (первоисточников), воссоздающих историю прошедших событий, передающих подлинную атмосферу исторической эпохи. К примеру, системность и последовательность процесса переноса столицы, отдельные аспекты переноса, авторами показаны на основе анализа информативного контента отечественных архивов. В Национальном архиве РК, Фонд 43, Фонд 44, Фонд 51, содержатся документы и материалы Государственной комиссии Республики Казахстан по передислокации высших и центральных государственных органов в город Акмолу, в том числе: протокола заседаний Государственной комиссии, справки, информации, докладные записки министерств и ведомств о ходе передислокации высших и центральных государственных органов в Акмолу, строительстве государственных объектов, возведении необходимого жилищного фонда, создании концепции возведения нового административно-делового центра столичного города. Таким образом, систематизированный архивный материал в хронологической последовательности отражает ключевые этапы переноса столицы Казахстана, освещает масштабы переноса и строительства столичного города в исторической ретроспекции. На основе подлинных документов и материалов Архива г. Нур-Султан: Фонд 32, Фонд 36, Фонд 445, Фонд 501, в научно-популярном издании, характеризуется история повседневности г. Акмолы, в преддверии переноса столицы. В документах отражены кардинальные структурные трансформации всех сфер жизни общества, поиски путей решения основных проблем переходного периода, которые происходили наряду с процессами подъема национального самосознания, выхода на политическую арену известных представителей национальной интеллигенции, появлением первых национальных периодических изданий, возведением первой городской мечети в г. Акмоле.

Весьма важной стороной издания, является попытка авторов восполнить пробелы в отсутствии практического материала в преподавании Современной истории Казахстана. В данном контексте, к научно-популярному изданию, наряду с систематизированными архивными материалами, прилагаются биографические справки по историческим персоналиям, список Почетных граждан столицы, список городов-побратимов Нур-Султана, характеризующие целую эпоху в истории становления и развития молодого государства – Республики Казахстан.

Р.К. Тастемирова

Атырау облысы мемлекеттік архивінің құжаттарды пайдалану  
және жариялау бөлімінің басшысы  
tastemirova\_r@mail.ru

«ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ӨМІРІ АТЫРАУ ОБЛЫСЫ МЕМЛЕКЕТТІК АРХИВИ ҚҰЖАТТАРЫНДА  
(1920-1940 ЖЖ.)»  
ҚҰЖАТТАР ЖИНАҒЫ ЖӨНІНДЕ



Атырау облысы мемлекеттік архиві Оқырмандар назарына «Қазақстанның қоғамдық-саяси өмірі Атырау облысы мемлекеттік архиві құжаттарында (1920-1940 жж.)» құжаттар жинағын ұсынады.

Аталған тақырыптың отандық және шетелдік тарихнамада кеңінен зерттелгеніне қарамастан өзінің өзектілігін жойған жоқ. Қазіргі кезде архив құжаттарын жариялаудың мол тәжірибесі жинақталған. Халықтың әртүрлі топтарына қатысты қуғын-сүргін тақырыбы бірнеше академиялық басылымдарда толық және жан-жақты ашылған. Бұл жинаққа енген архив құжаттары, біздің пікірімізше, өткен тарихымыздың қасіретті беттері туралы түсінігімізді кеңейтіп, репрессиялық саясатты жүзеге асырудың аймақтық ерекшеліктерін түсінуге мүмкіндік береді.

Жинақта ХХ ғасырдың 20-40 жылдарындағы Атырау аймағының қоғамдық-саяси және әлеуметтік-экономикалық тарихының әртүрлі аспектілері енген және алғаш рет жарияланып отыр. Олардың қатарында: азық-түлік комитеттерінің қызметіне; жеке кәсіпкерлер санын шектеуге және экономикада жалпыға бірдей мемлекеттік бақылау орнатуға; жергілікті билік органдарының «тап жауларын» сайлау құқығынан айыруға; Алаш идеясы мен бұрынғы Алашорда өкілдеріне, дінге қарсы іс-шараларға қатысты РК(б)П Гурьев округтік комитетінің дерективалары, шешімдері, жедел хаттары және т.б. құжаттары енген.

Сонымен қатар, 1934-1935 жж. басталған партия ұйымдарын және мемлекеттік органдарды «тазалау» және партия құжаттарын қайта тексеру науқаны; партия органдарындағы, мемле-



кеттік аппараттағы, мұнай кәсіпшіліктеріндегі, еңбек ұжымдарындағы жұмысшы және интеллигенция өкілдерін тексеру, оларды тап жаулары ретінде айып- тау; байдың, молданың, бұрынғы патша әкімшілігі өкілдерінің ұрпақтары ретінде қуда- лау фактілері келтірілген.

Құжаттық жинаққа 1928 жылғы тамыздағы «Ірі бай шаруашылықтарын тәркілеу және жер аудару туралы» декрет негізінде облыс көлеміндегі тәркілеуге даярлық, оны ұйымдастыру, жүзеге асыру, жергілікті билік органдарының оған қатысуы, тәркілеуге ұшыраған жергілікті байлар туралы және т.б. мәліметтер енген.

ОГПУ-НКВД органдарының Қазақстанда «контрреволюциялық ұлттық ұйымдарды» әшкерелеп, жойғандығы жөнінде, 1937-1938 жылдардағы «Үлкен террор» туралы, аймақтағы осы науқанның барысы мен нәтижелері туралы мәліметтер енді. Мұнда саяси айыптаулар жағдайындағы аймақтағы жалпы ахуалға қатысты, саяси айыптаулардың жалпы бағытын және «халықтың жасырын жауларын» анықтау әдістерін сипаттайтын құжаттарды саралап, жинаққа енгізуге ерекше мән берілген.

Тек қана 1938 жылғы ақпан-наурыз айларында Гурьев облысында «шет мемлекеттердің пайдасына тыңшылық және саботаж жасады» деген күдікпен қылмыстық жауапкершілікке 45 адам жауапқа тартылғаны; НКВД органдарының «контрреволюциялық қылмыстарды» әшкерелеуінің көбейгені; тергеушілердің социалистік құрылысқа қарсы «зиянкестік әрекеттерді жүргізуші элементтерді» неғұрлым көбірек тауып, өздеріне жүктелген жоспарды асыра орындауға ұмтылысы; түрмелердің лимиті бұзылып, 200 тұтқындалушыға арналған орында 700 адам отырғаны туралы; «контрреволюциялық ұлттық ұйым» мүшесі ретінде әшкереленген адамдар туралы; тұтқындардың арасынан шетелдік, негізінен, Германия және Жапония мемлекеттерінің «агенттерін» көбірек табуға күш салғаны туралы архивтік құжаттар жинаққа еніп отыр.

Жинаққа енген құжаттар хронологиялық ретпен орналасқан. Құжаттар стилі сақталған. Мекеме аттары өзгеріссіз берілген. Кітап соңында жинақта кездесетін адам аттарына қатысты кеңейтілген анықтама, географиялық атаулар мен қысқартулар тізімі келтірілген.

Тарихтың осы бір ащы тағылымы – қаралы тарихи құбылысты ғана емес, бүкіл Қазақстан тарихындағы көлеңкелі тұстарды тарихшылардың, зерттеушілердің архив деректері арқылы жан-жақты талдауы жаңа ұрпақ санасын шынайы да, объективті тарихи біліммен суарып, елінің тарихына жаны ашыр ұлтжанды болып өсуіне үлкен ықпал жасап отыр.

Еліміздің Тұңғыш Президенті – Елбасы Н.Ә.Назарбаев «тарихқа деген дұрыс ұстаным арқылы түп-тамырымызды білуге, ұлттық тарихымызға терең үңіліп, оның күрмеулі түйінін шешуге мүмкіндік туады. Қазақстан тарихы да жеке жұрнақтарымен емес, тұтастай қалпында қазіргі заманауи ғылым тұрғысынан қарағанда түсінікті болуға тиіс» дегендей, өткен ғасырдың қасіретті кезеңдерін енді ешқашан қайталамау үшін тарихи құнды құжаттармен жазылған еңбектер бүгінгі ұрпақтың жадына тоқып, зердесіне түйе білуімен құнды болмақ.

Атырау облысы мемлекеттік архиві қор құжаттары негізінде дайындалған құжаттық жинақтың ерекшелігі, архив деректері бойынша бұрын жарияланбаған тың тарихи оқиғалар мен есімдерді оқырман назарына ұсынуында.

ҚАЗІРГІ ЗАМАН ТАРИХЫН ҚҰЖАТТАНДЫРУ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ 100 ЖЫЛДЫҒЫНА ОРАЙ ЖАРЫҚҚА  
ШЫҚҚАН «ДӘУІР САҚТАУШЫЛАРЫ» – «ХРАНИТЕЛИ ВРЕМЕНИ» ЖИНАҒЫ ТУРАЛЫ



Дәуір сақтаушылары: жинақ/ құраст.: М.И. Перебаева,  
Б.Б. Накибаева, Л.К. Қадырова т.б. Семей, -2020. – 200 б.

2020 жылы– бұрынғы Семей облыстық мемлекеттік архивінің құрылғанына 100 жыл толды.

Қазақстанның егеменді, зайырлы, демократиялық, құқықтық мемлекет ретінде тәуелсіздігінің шарықтауы, рухани жандануы мен тарихи естелігінің ерекше назарда болуына сай әлемдік қауымдастықта Қазақстан Республикасының тарихын танып-білуге барған сайын үлкен назар аударылуда. Осыған байланысты, әсіресе, архив адамзаттық қоғам естелігінің, құнды тарихи дерек көздердің қоймасы ретінде үлкен мәнге ие болуда.

Мұнда архив қорының құрамына кіретін, 1798 жылдан 2018 жылға дейінгі өткеннің тарихи тәжірибесі ретіндегі көп аспектілі ақпараты бар деректі құжаттар сақталған. Онда Шығыс Қа-

зақстанның қоғамдық, әлеуметтік экономикалық, ғылыми, мәдени өмірінің барлық жақтары көрініс табады. Зерттеушілер үшін архив құжаттарының маңызы зор, олар өңір тарихы бойынша ғылыми еңбектерді жасаудың негізгі көзі болып табылады. Архив қорының ашықтығы оқу залына отандық және шетелдік зерттеушілерді тартады. Жинақталған ақпараттың кең таралуына «ШҚО электрондық архиві» жобасын іске асыру шеңберінде, Қазіргі заман тарихын құжаттандыру орталығы (ҚЗТҚО) сақтауында тұрған құжаттарға қашықтықтан қол жеткізуді ұйымдастыруда құжаттарды цифрлау ісі қызмет етеді.


Бірегей ұлттық жобаны – «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыру аясында, құжаттандыру орталығы шетелдік архивтерде анықталған құнды тарихи материалы бар құжаттар жинағын жариялау ісін дамытудағы басты мақсаты – елдің бай тарихи және мәдени өткенін қазіргі қоғам игілігіне айналдыру.

Архив қызметкерлері ҚЗТҚО ұйымдастырған конференцияларға, кездесулерге және басқа да іс-шараларға қатысады. Сондай-ақ, архив қорларының ақпараттық әлеуетін насихаттау, жастарға патриоттық тәрбие беру, өлкетану саласында жұртшылықтың кең тобын ағарту үшін мәдени мекемелердің, ұлттық-мәдени орталықтардың, Семей қаласының оқу орындарының ұйымдастырған шараларына олардың мүмкіндіктерін пайдалана отырып, белсенді қатысады. ҚЗТҚО жұмысының маңызды бағыттарының бірі бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара тығыз байланыс болып табылады. Архив мамандарының жергілікті және республикалық басылымдарда жарияланған өлкетану мазмұнындағы мақалалары халықты өткен күннің беттерімен және аса көрнекті жерлестерімізбен таныстырады.

«Тарихымыздың беттері», «Архивтің және архив саласының басшылары», «Бірегей құжаттар», «Адам тағдырының шежіресі», «Ардагерлер галереясы», «Өткен күннің естелігі», «Архивтің зерттеу және басылымдық қызметі», «Архивтің бүгінгі күні» деген тараулардан тұратын біздің кітабымызда архивіміздің бай тарихы, Қазіргі заман тарихын құжаттандыру орталығының бүгінгі күні, оны өз еңбегімен даңққа бөлеген мамандары жайлы сан сырлы оқиғалар баян етіледі.

СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК АРХИВІНДЕ 2021 ЖЫЛЫ ЖАРЫҚ КӨРГЕН  
«ЖАС АЗАМАТ» ЖӘНЕ «ЖҰМАҒАЛИ ПЛЕУЛИН» БАСЫЛЫМДАРЫ ЖӨНІНДЕ

Жас азамат (1918-1919 жж.)



«Жас азамат» (1918-1919 жж.) ғылыми басылым/  
Солтүстік Қазақстан мемлекеттік архиві/  
Авт. С.З. Мәлікова т.ғ.к. 2021. – 266 б

Оқырман қауымға ұсынылып отырған ғылыми басылымда Қызылжар өңірінде шыққан «Жас азамат» газетінің тарихы баяндалған. Еңбек XX ғасырдың бірінші ширегіндегі Қазақстанның қоғамдық-саяси өмірінен,


«Алашорда» үкіметінің қызметінен хабар береді.

Ғылыми басылымда сол кезеңдегі саяси, әлеуметтік- экономикалық, оқу-ағарту, мәдени жағдайлардан сыр шертетін әр түрлі тақырыптағы мақалалар мен суреттер, Қызылжарлық Алаш қайраткері Мағжан Жұмабаевтың жастарға арналған жігерлі өлеңдері мен Смағұл Сәдуақасовтың қазақ жастарына, азаматтарына арналған мақалалары жарияланған.

Жинақтың ғылыми-анықтамалық аппараты барлық бөліктерге бірыңғай, алғы сөзбен, есім көрсеткіштермен ұсынылған. Басылым қалың оқырманға арналған.

СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК АРХИВІНДЕ 2021 ЖЫЛЫ ЖАРЫҚ КӨРГЕН  
«ЖАС АЗАМАТ» ЖӘНЕ «ЖҰМАҒАЛИ ТІЛЕУЛИН» БАСЫЛЫМДАРЫ ЖӨНІНДЕ

Жұмағали Тілеулин



Жұмағали Тілеулин Жұмағали Тілеулин туралы деректер, қайраткердің еңбектері және құжаттар жинағы/ құраст. С.З.Мәлікова, А. Мырзағали, Т. Долганова, К. Байгунакова  
2021. – 279 б.

Оқырман қауымға ұсынылып отырған «Жұмағали Тілеулин» атты еңбек Алаш қайраткері, Қызылжар өңірінде білім және денсаулық сақтауды ұйымдастырушылардың бірі, өлке тарихы мен мәдениетінің жанашыры, көсемсөзші қалам қайраткері Жұмағали Тілеулиннің өмірі мен қызметіне арналған еңбек.

Бұл басылымда бірегей архив құжаттары ұсыныған: Ж.Тілеулиннің өмірі мен қызметіне қатысты қаулылар, ашық хаттар, анықтамалар, қайраткердің еңбектері мен суреттері. Жинақтыңғылыми-анықтамалық аппараты барлық бөліктерге бірыңғай, алғы сөзбен, есім көрсеткіштермен, қысқартылған сөздер тізімімен, пайдаланылған қорлар тізімімен ұсынылған. Басылым көпшілік қауымға арналған.



## Әлем архивтерінен

**2021 жылғы ХАК (Халықаралық архивтер кеңесі) басқару жөніндегі кеңесі болып өтті**

12-20 қазан аралығында Архивтер жөніндегі халықаралық кеңес (ICA) өзінің басқару мәжілісін, соның ішінде Бағдарлама комиссиясын өткізді. Бұл кездесулер әсіресе маңызды болды, өйткені корпоративтік басқару жөніндегі комитеттер 2020 жылы Бас Ассамблея бекіткен «Архивтер мен кәсіпті кеңейту 2021-2024» МСА стратегиялық жоспарына сәйкес реформаларды мақұлдап, жүзеге асыруды жалғастырды.



<https://www.ica.org/en/ica-governance-meetings-2021-2>

**«Цифрлық архивтерді басқару» онлайн курсына тіркелу басталды**

4 қарашада Дүниежүзілік цифрлық сақтау күнін мерекелеуде ICA өзінің төртінші «Цифрлық архивті басқару» онлайн оқыту курсы бастады. Курс архивтерді сандық форматта басқару саласында, таңдау мен енгізуден бастап, сипаттама мен метадеректерді басқарудан бастап, сақтау және қол жеткізуді қамтамасыз ету әдістеріне дейін жан-жақты білім береді. Курс 9 бөлімнен тұрады, олардың негізгілері жинауға, қабылдауға, сақтауға, инфрақұрылымға, қол жетімділікке және басқаруға бағытталған. Бұл бөлімдер бірге 60 сағатты құрайды. Аталған курс ағылшын және француз тілдерінде қол жетімді.



<https://www.ica.org/en/register-for-our-new-online-training-course-managing-digital-archives-0>

## Архив терминологиясының жалпыға бірдей декларациясы жарыққа шықты

ІСА архивтік терминологияның жалпыға бірдей декларациясымен бөлісті.

Архив терминологиясының жалпыға бірдей декларациясын 2019 жылдың қыркүйегінде ІСА-ның «Архивтер туралы жалпыға бірдей декларацияны түсіну және пайдалану» атты онлайн оқыту курсының авторлары әзірледі.

Терминология архив саласынан тысқары адамдар үшін Декларациядағы мәлімдемелерді, міндеттемелер мен принциптерді түсінуге бағытталып жазылған.

Терминологияның авторы-Маргарет Крокетт, ал шолулары - Карен Андерсон мен Клод Роберто.



<https://www.ica.org/en/the-universal-declaration-on-archives-terminology-is-now-available>

## Мәскеу қаласының Бас архивы мұсылман мешіттерінің метірге кітаптарын онлайнға шығарды

Мәскеудің Бас архивінің ресми сайтында Мұхаммед пайғамбардың туған күніне орай, «Менің отбасым» онлайн қызметі арқылы Собордың, Бірінші және Екінші Мәскеу мешіттерінің 1836 жылдан 1917 жылға дейін дүниеге келген мұсылмандардың акт жазбалары бар құжаттар көпшілікке қол жетімді болды. Жазбалар Ислам бөлімінде орналасқан.



<https://www.mos.ru/news/item/97675073/>

## ҚР Орталық мемлекеттік архиві бір ғасырлық мерейтойын атап өтті

Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архивіне биыл 100 жыл толды. Осыған орай Орталық архив қызметкерлері ғасырлық той қарсаңында ғимарат алдына мемориалды тақта орнатты.

Қорында 1 млн. 500 мыңға жуық ісі бар Орталық мемлекеттік архив елдің ең ірі көппрофильді архиві болумен қатар, республикадағы жалғыз кеңес заманына дейінгі құжаттар қоймасы болып есептеледі.



## Елордалық архив Абылай хан жайлы құжаттармен бөлісті

Нұр-Сұлтан қаласы мемлекеттік архиві 2021 жылдың 3 мамырында АВАІ TV арнасының «Архивтегі аманат» бағдарламасына Абылай хан жайлы архив құжаттарынан ақпараттар берді. Елордалық архивтің Ғылыми-зерттеу бөлімінің аға қызметкері Ақшолпан Алимбаева Абылай ханның 300 жылдық мерейтойы қарсаңында Ресейдің Омбы және Орынбор облыстарынан алынып келген құжаттарын қалың жұртшылыққа таныстырды.

1755-1781 жж. аралығында жазылған 14 құжатта Абылай ханның резиденциясының сызбасы, ханның қолтаңбасы және Абылай ханның Патшалық Ресеймен дипломатиялық байланысы, Қытай тарапымен (Цинь империясы) жасалған келіссөздері қамтылған. Маңызды құжаттардың қатарында II Екаторинаның 1778 жылдың 21 қыркүйегінде Абылайға «Хан» (тек Орта Жүздің) атағын беру жөніндегі шешімі және Абылай ханның қайтыс болғандығы жөніндегі Генерал-майор Николай Огарёвтың 1781 жылдың 21 наурызында жазған рапорты бар. Бейне-роликті YouTube желісінің төмендегі сілтемесінен қарауға болады



<https://www.youtube.com/watch?v=W1EcxHPymOI&t=817s>


## Кенесары хан бастаған ұлт-азаттық көтеріліс

Қалалық архив 2021 жылдың 7 маусымында АВАІ TV телеарнасының «Архивтегі аманат» бағдарламасына архив қорында сақтаулы 430 қордағы Кенесары Қасымұлы туралы құжаттармен бөлісті. Құжаттардың таныстырылымын Нұр-Сұлтан қаласы мемлекеттік архиві, Ғылыми-зерттеу бөлімінің аға қызметкері Ақшолпан Алимбаева жүргізді.

Хандық биліктің жойылып, Патша әскерінің шекаралық аймақтарда жаңа бекіністер салуы, жерді күштеп тартып-алуы, қазақ қоғамындағы әлеуметтік қатынастардың шиеленісуі Кенесары бастаған Ұлт-азаттық көтерілісіне негізгі себебі болды.

Кенесарыдан қатты сескенген Ресей Патшалығы оны үнемі бақылауда ұстап отырған. Оған дәлел Нұр-Сұлтан қаласы мемлекеттік архивінде сақтаулы 430 қор, 4-тізімдеме, 37-істегі «Кенесары Қасымов пен оның әскерін 1829-1839 жж. аралығында бақылау құжаттары» атты архив құжаттары. Құжатта Орынбор шекара комиссиясының төрағасы Григори Генц пен әскери старшина Иван Лебедевтің жазысқа хаттарында старшина К. Қасымовтың әскері, әс-әрекеті туралы үнемі хабарлап отырған.

Бейнесюжетте Кенесары ханға қатысты сақталған құнды құжаттардың бірі көтеріліс басшысының қазасы жайында 430 қор, 2-тізімдеме, 12-істегі «Кенесары Қасымовтың қырғыз жасағымен кездесуі және өлімі» атты құжаты жайлы айтылған. Құжатта: «5000-ге жуық әскер оны қолға түсіріп, өлім жазасына кесті. Кенесарымен қатар екі ағасы мен 15 сұлтан қолға түсті. Оларды бірден өлтірген. Ал, Кенесарыны қинап, кейін басын шапқан» деген мәліметтер сақтаулы, Архив құжаттары қамтылған Кенесары хан жайлы бейнесюжетті YouTube желісінің төмендегі сілтемесінен қарауға болады.



[https://www.youtube.com/watch?v=6M-\\_BPnvtS4](https://www.youtube.com/watch?v=6M-_BPnvtS4)



## Мемлекеттік архив қызметінің бүгіні мен болашағы туралы

2021 жылдың 19 қарашасында «Atameken Business» арнасының «Сұхбат» бағдарламасына Нұр-Сұлтан қаласы мемлекеттік архивінің Ғылыми-зерттеу бөлімінің басшысы Ғазиза Исахан сұхбат берді.

1912 жалдан бастау алатын құжаттар қорына ие қалалық архив, 1995 жылы 23 қарашада Ақмола қаласы әкімінің шешімімен Ақмола облыстық архивінің базасында құрылған мекеме бүгінде 400 мыңнан астам қорды қамтып отыр.

Қызметі жинау, сақтау, пайдалануға негізделген Елордалық архивке жылына 9-10 мыңнан аса әлеуметтік-құқықтық сипаттағы сұраныстар келіп түседі

Сұхбат барысында 1998 жылдың 22 желтоқсанында қабылданған «Ұлттық архив қоры және архивтер» туралы заңына 2019 жылы енгізілген өзгертулердің бірі «Ақылы қызмет көрсету» бойынша қалалық архив алғашқылардың бірі болып аталған қызмет түрін қолданғандығы және сол қызмет түріндегі тәжірибелермен бөліседі.

Нұр-Сұлтан қаласы мемлекеттік архиві мен Нұр-Сұлтан қаласы Тілдерді дамыту және архив ісі басқармасымен бірлесіп 2019-2021 жж. үш жылдық стратегиялық жоспарын қабылдайды. Қабылданған стратегиялық жоспардың аясында заманауи технологиялар, мобильді сәрелер мен еліміздегі архивердің ішінде алғашқы болып реставрациялық «VELoX.Y.500» зертхана құрылғысы мен 210 терабайт архивтік мәліметтерді сақтау жүйесі іске қосылды

Архив саласында ұзақ жылдар қызмет жасаған Ғазиза Исахан бағдарламаға берген сұхбатында Нұр-Сұлтандық архивтің тағы бір жетістігі ретінде, Қазақстан Республикасының Білім және ғылым және басқа да министрліктер жариялайтын гранттық конкурстарға қатысуға, ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуге мүмкіндік беретін Ғылыми-зерттеу субъектісі ретінде аккредитациядан өткендігі жайлы жаңалықпен бөліседі.



<https://www.youtube.com/watch?v=4Ws8fsMfgEA>



## Нұр-Сұлтан қаласының тарихы фотосуреттерде

Нұр-Сұлтан қаласы мемлекеттік архиві 2021 жылдың ақпанында бас қаланың тұрғындары мен қонақтарына танымал ардагер өлкетанушылардың жеке қорының құжаттарынан бірегей көше көрмесін ұсынды.

Көрме екі ғасырлық кезеңді қамтып, 1832 жылы Ақмола уезінің құрылған сәтінен бастап, бүгінгі тәуелсіз Бас қалаға дейінгі аралықты қамтиды.

«30-40 жылдары Кенесары Қасымов көтерілісіне қарсы арнайы құрылған Ақмола бекіністері, 1847 жылы көтеріліс басылғаннан кейін, Орта Азия мен Ресейді байланыстыратын керуен жолында болғандықтан бірте-бірте сауда үйінің ерекшеліктеріне ие қала бола бастады. Осыған байланысты бізде қаланың көне ғимараттарына арналған фотосуреттер бар» - деді, көрмені таныстырған қалалық архивтің Ғылыми-зерттеу бөлімінің аға қызметкері А. Алимбаева.

Көрмеге орналастырылған Бірегей қайталанбас фотосуреттердің бірі – Ақмола қаласының көпестері.

Ақмола қаласы сауда-саттықтың негізгі көзіне айналғаннан бастап, Ресей империясынан көпестер көптеп келе бастады. Осыған орай, фотокөрмеде Қосшығұловтар, Никитин секілді қала көпестерінің және олардың отбасына қатысты фотосуреттер орналастырылған.

Көрмедегі қала ғимараттарының фотосуреттерінің ішінде Кеңес үйі қазіргі Нұр- Сұлтан қаласы әкімдігінің ғимараты, теміржолшылар сарайы – Жастар театры, Тың игерушілер сарайы – «Астана» концерт залы сияқты ғимараттардың фотосуреттері де ұсынылды.



<https://www.youtube.com/watch?v=Xs8Sp5NfD3I>



### **Тарихшы Талас Омарбекұлы дүниеден озды**

Белгілі тарихшы, зұлмат жылдардың ақтаңдақ беттерін ашып, бүгінгі ұрпаққа қаз қалпында жеткізген, ақырғы сәтіне дейін «Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау» жөніндегі ұлттық комиссияның құрамында белсенді жұмыс істеп, ұлт-азаттық сипаттағы көтерілістер мен қозғалыстардың нақты санын тұрақтандыруға атсалысқан ғалым Талас Омарбеков 2021 жылдың 6 желтоқсанында 74 жасына қараған шақта Алматы қаласында дүниеден өтті.

Талас Омарбеков 1948 жылы 29 мамырда Жамбыл облысының Байзақ ауданындағы Ақжар ауылында дүние есігін ашқан. 1971 жылы Абай атындағы ҚазПИ-дің тарих факультетін тәмамдағаннан кейін, туған өлкесіне қарасты Жамбыл облысының Жуалы және Байзақ аудандарында тарих пәнінің оқытушысы болып қызмет атқарады. Одан кейінгі 20 жылға жуық уақытын жоғары оқу орындары мен тарих институттарында ғылыми-педагогикалық және шығармашылық қызметке арнады. 2001 жылы өмірінің соңына дейін адал қызмет еткен Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіндегі ежелгі және ортағасырағы Қазақстан тарихы кафедрасының меңгерушісі болды.

XX ғасырдың 20-30 жж. байларды тәркілеу, күштеп ұжымдастыру, аштық зардаптарын ашық көрсеткен, Қазақстанда сталиндік тоталитарлық жүйенің орнығу салдарын барынша батыл зерттеген ғалымның артында 7 монографиясы мен кітаптары, 200-ден астам ғылыми еңбектері қалды.

Ғалым көзі тірісінде екі рет Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігінің «Құрмет грамотасымен» марапатталды. 2007 жылы ҚР Білім және ғылым министрлігінің «Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы» грантының иегері атанды. 2009 жылы Елбасының шешімімен «Құрмет» орденімен марапатталды. 2008 жылы Байзақ ауданының «Құрметті азаматы» атағына ие болды. 2011 жылы ҚР Білім және ғылым министрлігінің арнайы «Қазақстан ғылымын дамытуға сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісі берілді.

Саналы ғұмырын қазақ тарихын зерттеуге сарп еткен Талас Омарбекұлы біздің есімізде егемен Қазақстан тарихының қалыптасуына баға жетпес үлес қосқан ғалым-академик және жүздеген қазақстандық студенттермен білімімен бөліскен оқытушы, профессор ретінде мәңгі қалады.

## Құрметті әріптестер!

Нұр-Сұлтан қаласының мемлекеттік архиві «Arhiv habarşysy. Nūr-Sūltan qalasy» ғылыми-көпшілік ақпараттық-әдістемелік журналын 2021 жылдан бастап тоқсан сайын шығарады.

Журналда тарих методологиясы, тарихнама және деректану, архив ісінің тарихы мен тәжірибесі, іс жүргізу, өлкетану, тұлғатану мәселелері бойынша ғылыми мақалалар, архив деректері, сонымен қатар, танымдық, ағартушылық, ақпараттық бағыттағы шолулар, мақалалар мен пікірлер жарияланады.

Редакция қолжазбалаларды электронды форматта қабылдайды. Иллюстрациялар (суреттер, кестелер, графиктер, диаграммалар және т.б.) мәтінге жазылған жеріне қойылады. Мақаланың сол жағында әмбебап ондық жіктегіш (ӘОЖ) жазылады.

Әр жолы жаңа жолдан:

- 1) автордың аты-жөні, ғылыми дәрежесі, жұмыс орны, лауазымы, атағы, e-mail;
- 2) мақала атауы (БАС ӘРІПТЕРМЕН);
- 3) қаржылық қолдау туралы мәліметтер (қордың атауы, жобаның/гранттың нөмірі), егер бар болса;
- 4) мақаланың аңдатпасы (100-110 сөзден), кілт сөздер (5 – 10 сөз) үш тілде (қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде) кезекпен беріледі.

Мәтін Times New Roman шрифтерімен теріледі, шрифт өлшемі – 14 кегль, жоларалық интервал – бір, жиектері (барлығы) – 2 см, азат жол – 1 см., ғылыми мақала көлемі – 0,5-1 б.т.; бұрын жарияланбаған архив материалдары алғысөзімен – 1-2 б.т.; архив құжаттарының жинақтары мен анықтамалықтарға пікір, ақпараттық хабарламалар – 1-5 бет машинкалық жазба.

Пайдаланылған дереккөздерге сілтемелер дәйексөзден кейін тік жақшада дәйексөз көзінің реттік нөмірін және бетті көрсете отырып келтіріледі, мысалы [1, 25-бет].

Әдебиеттер тізімі мақала мәтінінен кейін орналастырылады. Ресурстың электрондық мекенжайын ғана көрсетуге рұқсат етіледі. Мысал: URL: <http://adilet.zan.kz/rus/docs/K1500000377>

Сол сияқты электронды кітаптарға, журналдарға, газеттерге және т. б. сілтемелер де осылай ресімделеді. Жоғарыда көрсетілген талаптарға сәйкес ресімделмеген мақалалар қараусыз қалады. Авторлардың саны үш адамнан аспауы тиіс.

Қолжазбаларды жариялау үшін авторлардан ақы алынбайды.

Мақала қолжазбалары қайтарылмайды және оған пікір білдірілмейді. Мақаланың мазмұнына автор жауап береді.

Редакцияның мекен-жайы:

«Нұр-сұлтан қаласының мемлекеттік архиві» ММ,  
Қазақстан, 010000, Нұр-сұлтан қ., Әуезов к-сі, 3,  
Телефоны: 8-7172-249033 (119, 120);  
E-mail: [info@gosarhiv.kz](mailto:info@gosarhiv.kz); [isakhang@bk.ru](mailto:isakhang@bk.ru)

## Уважаемые коллеги!

Государственный архив города Нур-Султан с 2021 ежеквартально выпускает научно-популярный и информационно-методический журнал «Arhiv habarşysy. Nūr-Sūltan qalasy».

В журнале публикуются научные статьи, исследование, архивные документы по вопросам методологии истории, историографии и источниковедения, истории и практики архивного дела, делопроизводства, краеведения, персонализма, а также обзоры, сообщения познавательного, просветительского и информационного характера.

Редакция принимает рукописи в электронном формате. Иллюстрации (рисунки, таблицы, графики, диаграммы и т.д.) помещаются внутри текста. В левой части статьи размещается универсальный десятичный классификатор (УДК).

Каждый раз с новой строки:

- 1) Ф. И. О. автора, ученая степень, место работы, должность, звание, e-mail;
- 2) название статьи (ЗАГЛАВНЫМИ буквами);
- 3) Сведения о финансовой поддержке (наименование фонда, номер проекта/гранта), если имеется;
- 4) аннотация к статье (100-110 слов), ключевые слова (5 – 10 слов) на трех языках (казахский, русский, английский).

Текст набирается шрифтом Times New Roman, размер шрифта – 14 кеглей, межстрочный интервал – одионарный, поля (всего) – 2 см, абзацный отступ – 1 см., объем научной статьи – 0,5 – 1 п. л.; ранее неопубликованные архивные материалы с предисловием – 1-2 п. л.; рецензии на сборники архивных документов и справочники, информационные сообщения – 1-5 страниц машинописи.

Ссылки на использованные источники приводятся после цитаты в квадратных скобках с указанием порядкового номера источника цитаты и страницы, например [1, с. 25].

Список литературы размещается после текста статьи. Допускается указание только электронного адреса ресурса. Пример: URL: <http://adilet.zan.kz/rus/docs/K1500000377>

Аналогично оформляются ссылки на электронные книги, журналы, газеты и т.д.

Статьи, не оформленные в соответствии с вышеуказанными требованиями, остаются без рассмотрения. Количество авторов не должно превышать трех человек.

Плата за публикацию рукописей не взимается с авторов. Рукописи статьи не возвращаются и не комментируются. За содержание статьи отвечает автор.

Адрес редакции:

*ГУ «Государственный архив города Нур-Султан»,*

*Казахстан, 010000, г. Нур-Султан, ул. Ауэзова, 3,*

*Телефон: 8-7172-249033 (119, 120);*

*E-mail: info@gosarhiv.kz; isakhang@bk.ru*

## **Dear colleagues!**

The State Archive of the city of Nur-Sultan begins to publish a popular scientific and information-methodical journal «Bulletin of the Archive. Nur-Sultan».

The journal publishes scientific articles, archival data on the methodology of history, historiography and source studies, the history and practice of archival affairs, local history, personalism, as well as reviews and comments of cognitive, educational and informational orientation.

The editorial board accepts manuscripts in electronic format. Illustrations (figures, tables, graphs, diagrams, etc.) are placed inside the text. The universal decimal classifier (UDC) is placed in the left part of the article

Each time from a new line:

1) full name of the author, academic degree, place of work, position, title, e-mail;

2) the title of the article (WITH CAPITAL letters);

3) information about financial support (name of the fund, project/grant number), if available;

4) abstract to the article (100-110 words), keywords (5-10 words) in three languages (Kazakh, Russian, English).

The text is typed in Times New Roman font, font size – 14 pins, line spacing-single, margins (total) - 2 cm, paragraph indent - 1 cm, the volume of a scientific article - 0.5 - 1 p. l.; previously unpublished archival materials with a preface - 1 -2 p. l.; reviews of collections of archival documents and reference books, information messages -1 - 5 pages of typewriting.

References to the sources used are given after the quotation in square brackets, indicating the serial number of the source of the quotation and the page, for example [1, p. 25].

The list of references is placed after the text of the article. You can only specify the email address of the resource.

Example: URL: [http: // adilet.zan.kz / rus / docs / K1500000377](http://adilet.zan.kz/rus/docs/K1500000377) Similarly, links to e-books, magazines, newspapers, etc. are drawn up.

Articles that are not designed in accordance with the above requirements remain without consideration. The number of authors should not exceed three people.

The authors are not charged for the publication of the manuscripts.

The manuscripts of the article are not returned and are not commented on. The author is responsible for the content of the article.

Editorial office address

*State Archive of the city of Nur-Sultan,*

*Kazakhstan, 010000, Nur-Sultan, Auezov str., 3,*

*Phone: 8-7172-249033 (119, 120);*

*E-mail: info@gosarhiv.kz; isakhang@bk.ru*

Журнал Қазақстан Республикасының  
Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің  
Ақпарат комитетінде тіркелген  
тіркеу № KZ04VPY00027990

Біздің мекен-жайымыз:  
010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Сарыарқа ауданы,  
М. Әуезов көшесі, 3-үй  
тел/факс: +7 (7172) 28-07-26 (қос. 125,126)  
e-mail: info@gosarhiv.kz



## ЕЛОРДА

Елордамызда орналасқан ең алғашқы мешітті Ақмолалық жамағат өз қаржысына салып, Орталық мешіт деп атаған.

1943-1944 жылдары Құсайын деген азаматтың екі бөлмелі шағын үйін сатып алып, жөнделген мешіттің орнына 1991-1996 жылдары еңселі құлшылық ордасы бой көтерді.

Алғашында Ақмола, кейіннен Астана мұсылмандарының діни-рухани орталығы болып келген мешітке 2005 жылы Кеңес үкіметі тұсында 20 жыл (1952-1972) Қазақстан мұсылмандарының қазіи болған, Сарыарқа өңірінің тумасы, дін ғұламасы Садуақас қажы Ғылмани аты берілді.



Сәдуақас қажы Ғылмани мешітінің ашылуы. 1996 жыл

Ю.П. Казаковтың фотосуреті. Нұр-Сұлтан қ. МА. Қ. 465, Т. 2, Д. 14.

